

81.2ҚҰБ-3
Н86
ҚҰБ-83

Әбілбек
Мурмағамбетов

12008
401к

тама - түш



баба-шала

Қос
Сөздердің

жылу - жаман

Құпиясы



ЖАЛЫН



үбірлі - шүбірлі

лам - мим

Әбілбек
Ғурмағамбетов

Қос
сөздердің
құпиясы

АЛМАТЫ
«ЖАЛЫН»
1991

ББК 81.2-3
Н 86

Редакторы — Әміржан Қалиев.

Нұрмағамбетов Ә.
Н 86 Қос сөздердің құпиясы.— Алматы: Жалын,
1991.— 96 бет.

ISBN 5-610--00862-X

Бұл кітапта тұрмыста, көркем әдебиетте, ауыз-екі әңгіме-де жиі қолданылып жүрген қос сөздер жөнінде сөз болады. Өздеріңе таныс сол сөздердің шығу тегі, тарихы және оның тілімізде қалыптасуы жайлы айтылады.

Кітап — мектеп оқушыларына арналған.

Н $\frac{4801000000-110}{408(05)91}$ 7-91

ББК 81.2-3

ISBN 5-610-00862-X

Нұрмағамбетов Әбілбек, 1991

Алғы сөз

Мектеп оқушыларына арналған бұл кітаптың мақсаты — қазіргі қазақ тіліндегі қос сөздер құрамында кездесетін, мағынасы көмескіленіп, бірден түсінуге болмайтын кейбір сөздердің тарихы мен түп төркінін қолда бар тілдік деректерге сүйене отырып анықтау. Бүгінгі таңда біздің тілімізде қос сөздер көптен кездеседі. Тіл мамандары оларды негізінен екі топқа бөліп қарайды. Бірі «қайталама қос сөздер», екіншісі — «қосарлама қос сөздер». Бірінші топтағылар: «үлкен-үлкен», «үйдей-үйдей», «шай-пай», «тарс-тұрс», «қып-қызыл» қалпында қайталанып келеді де, мағына жағынан түсінбестік тудырмайды. Сондықтан да біз оларға тоқталмадық. Екінші топтағы «қосарлама қос сөздердің» өзі бірнеше салаға бөлінеді. Мұның бір түрі: «күні-түні», «ұзынды-қысқалы», «күш-қуат», «әке-шеше» сияқтылар. Бұларды да мағынасы түсінікті болғандықтан, назарымыздан сырт қалдырдық. Бір сыңары немесе қос сыңары да мағынасыз — «азын-аулақ», «жаман-жәутік» немесе «бұлан-талан», «дел-сал», «ығы-жығы» тәрізді қосарлама қос сөздер де жиі кездеседі. Кітапшада тек осы тектес қос сөздер туралы әңгіме болмақ.

Әрбір сөздің тарихы мен түп төркінін анықтап, ашып көрсету барысында біз түркі тілдес халықтардың тіліндегі сөздік қорды саралай қарап, тапқан деректерімізді тілге тиек еттік. Сол халық-

тар тарихынан және олардың орналасқан жерлері жөнінде қысқаша мәлімет беруді орынды санадық.

Дүние жүзіндегі алты құрлықтың екеуінде — Европа мен Азияда тұратын халықтар тілі туыстық және құрылым ұқсастығына қарай алты жүйеге бөлінеді. Солардың бірі — алтай жүйесі немесе алтай тілдері. Алтай тілдерінің дамуы өз басынан алты дәуірді өткізді. Біріншісіне — қазіргі алтай жүйесіне кіретін тілдердің топқа бөлінбеген, тұтас сақталған кезеңі немесе алтай дәуірі; екіншісіне — бір жағынан түркі-монғол және тұңғыс-манжур тектес болып толық ажырасудың аяқталуы, сондай-ақ түркі, монғол тілдері болып бөліну дәуірі жатады. Бұл дәуір — біздің заманымыздың IV ғасырына дейін жетіп, хунн дәуірі деп аталады. Қазіргі кездегі негізгі түркі халықтарының пайда болуы және тілдерінің дамуы X-XVI ғасырлар аралығынан бастау алып, төртінші дәуірге жатады. Келтірілген тарихи мәліметтерден алтай жүйесіне жататындар түркі, монғол, тұңғыс-манжур тілдер тобы екенін көріп отырмыз.

Түркі тобындағы тілдер де өз алдына бірнеше салаға бөлінеді. Бірақ оларды саралап санап көрсету біздің міндетімізге жатпайтындықтан, тек түркі тілдерінде сөйлейтін халықтарды атап қана өтеміз. Олар: әзірбайжан, алтай, башқұрт, гагауыз, қазақ, қарайым, қарақалпақ, қарашай-балқар, құмық, қырғыз, ноғай, өзбек, сағай, татар, тофа, тува, түрік, түркімен, ұйғыр, хакас, чуваш, шор, якут және тағы басқалар. Түріктерден басқа (Түркияның негізгі халқы) түркі халықтарының барлығының мекені — Советтік Социалистік Республикалар Одағы. Олардың орналасқан жерлеріне келер болсақ — әзірбайжан, қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен халықтары — өздерінің атындағы одақтас республикалардың негізгі тұрғындары: башқұрт, татар, тува, чуваш, якуттар да РСФСР құрамындағы ұлт ерекшелігімен аталатын АССР-лердің негізгі халқы. Қарақалпақтар Өзбек ССР-іне қарасты Қарақалпақ АССР-ы тұрғындары болса, құмықтар — Дағыстан АССР-інде тұратын халықтар ішінде сан жағынан екінші орын алады; қарашай-балқарлардың мекені — Кабарда-Балқар АССР-і мен Қарашай-Черкес автономиялы облысы; ноғайлардың басым көпшілігі — Ставрополь өлкесі мен Дағыстан АССР-інің кейбір аудандарында тұрады. Қарайымдар Литва республикасында және Украин ССР-ында, ал гагауыздар Украин жө-

не Молдова республикасында тұрады. РСФСР-дің Хакас автономиялы облысын негізгі тұрғындары хакастармен бірге шорлар, чулым түркілері, сағайлар мекендейді. Таулы Алтай автономиялы облысында, негізгі халқы алтайлармен қатар телсуит, тофалар, орналасқан, ұйғырлар Қазақстан мен Өзбекстанды мекендейді. Ұйғырлардың қалың көпшілігі — Қытай Халық Республикасы территориясында.

Кітапшада жиі аталатындардың бірі — монғол тобындағы тілдер. Бұған кіретіндер — Монғолиядағы монғолдар, ССРО-дағы Қалмақ АССР-і мен Бурят АССР-інде (РСФСР құрамында) тұратын қалмақ және бурят халықтарының тілі.

Алтай жүйесіндегі үшінші топ — тұңғыс-мәнжүр тобындағы тілдер. «Тұңғыс» дегеніміз қазіргі эвенкілердің ежелгі аты. Эвенкілер Краснояр өлкесіндегі Эвенкі автономиялы округінің тұрғындары, ал мәнжүрлер Қытайдың солтүстік-шығыс бөлігінде тұрады. Эвенкі, мәнжүр тілдерімен қатар бұл топқа Сібірдегі эвен, негидал, солон; Амур өзені бойындағы нанай, орок, удэгей, т. б. халықтар тілі жатады.

Қос сөз құрамында алтай жүйесінде аталған топтарға кіретін тілдерден басқа араб, парсы, үнді тілдерінен ауысқан сөздердің бар екендігі көрсетіледі. Араб тілі жоғарыда әңгіме болған тілдік алты жүйенің бірі — семитохамитқа жатса, парсы, үнді тілдері — үнді-европа жүйесіне меншікті. Араб және парсы тілінен түркі халықтарына, оның ішінде қазақтарға сөз ауысып келуі — өткен дәуірлердегі тарихи жағдайлардың салдары. Ол туралы әңгіме қозғау біздің міндетімізге жатпайды.

Қос сөздердің төркінін анықтау барысында «түркі тілдерінде кездесіп отыратын дыбыстардың өзара алмасып, бірінің орнына екіншісі қолданылатын заңдылықтар, құбылыстар болатындығын» жиі еске алуға міндетті болдық. Оның мәнін де түсіндіре кетейік. Қазақ тілінде кейбір сөздерде «й» қолданылса, өзге түркі тілдерінде оның орнын басқа дыбыстар алмастырады: қазақша — «айақ» (адамның жүруге қажетті мүшесі), хакасша — «азах», якуттарда — «атақ», тува тілінде — «адақ», өзбектердің айтуында — «оек». Міне, мұнда біздегі «й» орнына өзге түркі тілдерінен «з», «т», «д», «е» дыбыстарын көреміз. Бізде — қыз, алтайша — қыс, чуваш тілінде —

хир. Бұл жерде «з» орнына «с», «р» қолданылып тұр. «Күміс» сөзі татарларда — күмүш, чувашша — күмүл. «С» дыбысын «ш», «л» дыбыстары ауыстырған. «Жүрек» сөзі: якутша — сүрех, татар тілінде — йөрәк, чуваштарда — чирэ. «Ж» дыбысының орнында «с», «й», «ч» дыбыстарын көреміз. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Түркі тілдері ішінде белгілі бір сөзде дыбыстың жоғалуы немесе қосылу құбылыстары да жиі ұшырасады. Бір мысал: біздің тіліміздегі «сегіз» сөзі тува тілінде — сес, якутша — ағыс, ұйғырларда — сәккиз, өзбектерде — саккиз. Туваларда сөз ортасындағы — «г», якут тілінде басқы дыбыс — «с» жоғалса, соңғы екі тілде «к» дыбысы қосарланып айтылған. Дауысты дыбыстар арасында да бірінің орнына бірі жұмсалатын заңды құбылыстар жетерлік. Оны осы кітапты оқып отырып-ақ байқау қиын емес. Сондықтан оған тоқтал-масақ та болады.

Жазғандарымыздың ішінде бірлі-жарым болсада «диалектіге» жататын сөздер кездесуі мүмкін. Өйткені бізде дәстүрге айналып қалыптасқан әдеби тілмен қатар, халық арасында әр жердің тұрғындарына тән сөздер де бар. Мысалы, жанып жатқан оттан қызарған шоқты қысып алатын құралды Арқада — «шымшуыр» десе, осыны Қазақстанның кейбір облыстарындағы қазақтардың бірі — «мәстемір» екіншісі — «шаттауық», үшіншісі — «әтішкір», төртіншісі — «жәмке» мағынасында айта береді. Осы алуандас жергілікті тіл ерекшеліктері тіл білімінде «диалект» делінеді.

Қос сөздер мағынасын түсіндірудегі анықтамалар мен көркем шығармалардағы сөйлем арасында келтіріп берілген үзінді мысалдар «Қазақ тілінің түсіндірме сөздерінен» (10 томдық) алынды. Мысалы: ауық-ауық, мезгіл-мезгіл, дүркін-дүркін. «Таудан ауық-ауық самал жел соғады» (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). Кейде жақша ішіндегі автор фамилиясынан кейін оның шығармасының аты-жөні қысқартылып берілген (Ғ. Сланов, Домбыра). Мұның толық аты — «Домбыра күйі — ақнық». Немесе «Танд. шығ.», «Шығ.», «Қаз. әдеб.» тәрізді қысқартуларды сол күйінде бердік те, бұл кітапта ондайларға толық түсінік беруді жөн көрмедік. Өйткені «Түсіндірме сөздік» томдарының соңында оларға толық мәлімет берілген.

«Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігі» сияқты жолдарды былайша түсінген жөн. Сонау VII ғасырдағы тасқа қашалып жа-

зылған таңбалардан бастап одан кейінгі дәуірлерден сақталып келген басқа да түркі жазба ескерткіштері жинақталып 1969 жылы Ленинград қаласында «Древнетюркский словарь» аталып, баспадан шыққан. Тілдік деректер ретінде осыны қолдандық. Сондай-ақ «Өткен ғасырлардағы түркі тілдері сөздігі» сөз болғанда түркі тілдерін зерттеуші орыстың әйгілі ғалымдары — В. В. Радловтың 8 кітапты (4 томдық) қамтитын «Опыт словаря тюркских наречий» және Л. З. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» (2 томдық) тәрізді еңбектерден білесіздер.

Бұлармен қоса, осы аз ғана жұмысты тындыруда, түркі, монғол, тұңғыс-мәнжүр тобындағы тілдердің сөздіктерімен бірге сол салада зерттеу жүргізген белгілі ғалымдардың еңбектері де молынан пайдаланылды. Түркі тілдеріндегі жүйесі басқа — араб, парсы тілдерінен ауысып алынған сөздерді анықтай түсуде сол тілдердің — «Арабша-орысша сөздік», «Парсыша-орысша сөздік» (әрқайсысы екі томнан тұрады), құралдары да назардан тыс қалған жоқ.

Жігері жалынды, жаны жас, ойы озық балауса достар! Тіл және оны құрастыратын сөздер қасиетінің қалай бағаланатыны жөнінде кім не айтты, оның бәрін тізіп көрсету мүмкін емес. Тіл қадірін сендер де бағалай білсін деген пікірмен солардың кейбіреуін алдарыңызға тосамыз. Беріден, өзіміз өмір сүріп отырған ғасырдан бастасақ, жоғарыда көрсетілген тілдің алты жүйесін салыстыра зерттеуден тайқақтап тайсалмаған совет ғалымы В. М. Иллич-Сви́тыч: «Тіл — уақыт деген өзеннің өткелі, ол бізді өткен бабаларымыздың мекеніне бастап әкеледі; бірақ судың тереңінен қорыққан жан оған жете де алмайды» дейді. Тіл тарихының тамыры тұңғыық тереңнен ғана табылатындығы осыдан-ақ белгілі. Француздың ұлы жазушысы Оноре де Бальзактың: «Сөздердің өмірі туралы қандай тамаша кітап жазуға болар еді» деп армандауы немесе швед ғалымы К. Линнейдің: «Егер сен сөздерді білмесең, онда заттарды зерттей де алмайсың» сияқты қанатты сөзі — бәрі де сөз құдіретін және тарихын білуге ұрандаған лебіз ғой.


Қай халықтың болмасын тілі — өзіне тән қымбатты да қимас қазынасы. Сол сияқты біздің ана тіліміз де — біздің алтындай асылымыз, мөлдір маржанымыз, ғажайып гауһарымыз. Осы орайда

мен сендерге қазақ тілі туралы өзге ұлт өкілдерінің кейбір ой-пікірлерін естеріңе сала кетпекпін.

Өткен ғасырда өмір сүрген француз ғалымы А. Жарри де Манси: «Қазақ тілі түркі тілдері ішіндегі ең бір таза тілдердің бірі» десе, жоғарыда аты аталған В. В. Радлов: «... ең сауатсыз деген қазақтың өз тілін жете меңгергендігі сондай, ондайды біз Европада француздар мен орыстардан ғана байқаймыз. Егер олар әңгіме айта қалса, сөз оралымдары көркем де сүйкімді, тілі өткір әрі майда, шешен де тапқыр» деп тұжырым жасайды. 1926 жылы Қазан қаласында басылып шыққан кітабында татар ғалымы А. Саади қазақ тілі жөнінде: «Қазіргі ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай, бұрынғы қалпында сақталып қалған бір тіл болса, ол да қазақ тілі және қазақ әдебиеті, шын ғылым үшін біз мұны ашық айтуымыз керек», деп атап көрсеткен.

Балалар! Міне, сендер осындай тілдің иесісіңдер және кейбіреулерің болашақта соның зерттеушісі боларсыңдар. Өйткені «ақыл жастан, асыл тастан» деген. Біздің сендерге ұсынып отырған осы кітапшамыз — сөздердің тарихы мен төркінін зерттеудің тұңғыш беташары, алғашқы әліппесі. Сондықтан тап баса алмай, жаңылып, жаңсақ кеткен жақтарымыз болуы да ықтимал. Әділ қазы өздеріңсіңдер, төрелік айту кезегі де сендердікі.

АВТОР



Сөз төркіні

АБЫСЫН-АЖЫН. «Туыс, ағайынды адамдардың әйелдері» осындай қос сөз арқылы түсіндіріледі. Мысалы: «Бұрынғыдай ауысып тамақ беру абысын-ажын арасынан кеміп кетті» (Б. Майлин, Шығармалар жинағы). «Абысын» сөзі жеке қолданылса да «абысын-ажын» қос сөзі беретін мағынаны ұғындыра алады: «Сен түсіндірші, Бақытжан, аға інісің, бала әкесін, нағашы жиенін, абысын келінін сынамасын деген заң бар ма?» (Ә. Тәжібаев. «Гүлденген дала»). Бірақ «ажын» сөзі ешқашан да дара тұрып, тиісті мағынаға ие бола алмайды.

Қазіргі жас оқырмандарды былай қойғанда, ересек адамдар да өзіне тән мағынасы бар «абысын» сөзінің ертеде нені ұғындыратынын біле бермейді. Сондықтан «абысын» сөзінің төркіні туралы аз да болса айта кеткен жөн. Түркі халықтары ішінде шор, хакас тілдерінде «абы», ал Сібір татарларында «епчи» қазіргі қазақ тіліндегі «әйел» мағынасы орнына жүреді. Міне, «абы», «епчи» түбірлерінің біріне «сын», екіншісіне «н» жұр-

нақтарының жалғануы арқылы біздің тіліміздегі «абысын» пайда болған да, алғашында тек «әйел» деген ұғымды ғана иеленген.

Енді қос сөздің екінші сыңары «ажын» туралы.

Түрікмен, шор тілдерінде «ача» қазақ тіліндегі «апа» (әпке) деген, ал ұйғырлардың «аджыс» сөзі біздегі «әйел» деген мағынаны береді. Осыларға қарағанда «ача», «аджыс» сөздерінің түбірлеріне қазақ тіліне тән «н» жұрнағы қосыла отырып, қос сөз құрамындағы «ажын» пайда болған. Сонда «абысын-ажын» дегеніміздің қазіргі түсінігі «әйел-апа» (әпке) немесе «әйел-әйел» болмақ. Бұл жөнінде алғы сөзде айтылғандықтан түркі тілдеріндегі дыбыстардың бір-бірімен орын ауыстыра беретінін қайталамаймыз.

АҒЫЛ-ТЕГІЛ. Бір заттың өте көп, мол екендігін білдіру үшін осылай делінеді. «Қазір елде не көп — сауатын бие көп. Ендеше бұл тойға ағыл-тегіл келетін қымызда хисап болмайды» (С. Мұқанов. «Есею жылдары»).

«Ағыл-тегіл» қос сөзіндегі бізге құпия, жұмбақ болып тұрғаны, екінші сөз — «тегіл». Ал, «ағыл» болса, «ағу» етістігінен «ыл» жұрнағы арқылы етіс тудырып тұрғанын аңғару қиын емес. Қос сөздер көп жағдайда мағынасы біріне-бірі жақын сөздерден құралатынын ескерсек, «тегіл» сөзінің бастапқы түбірі «төк» екендігін тура, күмәнданбай-ақ айта аламыз. Алдымен осыған «іл» қосымшасы қосарлану арқылы «ағыл-төгіл» болып, кейін келе «ө» дыбысы «е»-ге өзгертіліп айтылып, «ағыл-тегіл» қалпында қолданылу дағдыға айналған. Ойымыздың дұрыс екендігін «ағыл-тегіл» сөзімен мағыналас екінші бір қос сөз — «аста-төк» дәлелдей түседі. Мұның өзі «асып төгілу» сөздерінің қысқартылып айтылған түрі. Бұл да мол дүние ұғымын беріп тұр. Сөйтіп «ағыл-тегіл» қос сөзі «ағылу, төгілу» етістіктерінің туындысы екендігін байқадық.

АДА-ЖҰДА. Қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы — «бір-жола, мүлде» деген ұғымды білдіреді. «...езгі тіршіліктің

ескі жұртынан ада-жұда қол үзіп, жаңа тұрмысқа бір-жола қоныс аударып жатқандар да аз емес» (Ө. Қанахин. «Дәмелі»).

Қос сөздің екі сыңары да тілімізде жеке қолданылады. Бірақ «ада» сөзінің бөлек айтылғандағы мағынасы мына қос сөз құрамындағыдан өзгеше, ал «жұда» республикамыздың оңтүстігін мекендеген қазақтар тілінде ғана «мүлде, тіпті» мағынасын береді. «Жұда» сөзі бұл жерлерді мекендейтін қазақтарға көршілес қырғыз, өзбек, түрікмен тілдерінен ауысып келген. Шындап келгенде, бұл сөздердің алғашқы төркінін өзге тілдерден іздесек қана табамыз. Қос сөздің алғашқысы якут тілінде «адь-ас» болып дыбысталып, мағынасы — тіпті, өте, мүлде дегенді білдіреді. Осы сөз біздің тілімізде «ада» қалпында қос сөз құрамында сақталған. Ал «жұда» сөзінің алғашқы төркіні парсы тілі. Бұларда «джода» — біздегі «бөлек, жеке» және «айырылған», «аулақталған» сияқты ұғымдарға нұсқайды.

Енді «ада-жұда» қос сөзі мағынасын дәлме-дәл білдірсек оны «өте-өте», «мүлде-мүлде» деп қана түсінуге болады.

АЗЫҚ-ТҮЛІК. Қос сөздің алғашқысы «азық» нені білдіріп тұрғанын айтып жату артық. Өйткені оның берер мағынасы басқа түркі тілдерінде де қазақ тіліндегідей — ішіп-жейтін тамақ, солардың қоры дегенді білдіреді.

Осындағы «түлік» сөзі де қазақ тілінде, кейде «төрт түлік» сияқты тіркесте кездескенімен, тек мал туралы әңгіме болғанда ғана қолданылады.

«Түлік» сөзі қырғыз, сағай сияқты түркі тілдерінде жеке-дара қолданылып, біздегідей — ішім-жем, тамақ мағынасын меншіктеніп, «азық» сөзінің орнына жүреді. Сөйтіп «азық-түлік» дегеніміз бір мағынаның қайталануы, дәлірек айтқанда, түркі тілдерінде түрліше дыбысталуы болмақ.

АЗЫН-АУЛАҚ. «Әбекең поселкаға барып, Қасеннің үйінен азын-аулақ ұн, нан алып қайтып жүретін» (Ғ. Мұстафин. «Дауылдан кейін»). Осы сөйлемдегі «азын-аулақ» қос сөзінің алғашқы «азын» сыңары «ын» жұрнағы арқылы «аз» түбірінен жасалған. Сондықтан оны түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Екіншіден «аулақ» сөзі қазіргі тілімізде дара кездескенімен мағынасы — «алыс, жырақ» деген мағынаны білдіреді. Ал мына қос сөздегі «аулақ» сөзінің түсінігі өзгеше екендігін басқа түркі тілдерімен салыстыру арқылы білуге болады. Хакас тілінде: «ағлах», якут тілінде: «ағыйах» дыбыстық құрамдағы сөздер қазақ тілінде «аз, көп емес» мағынасын береді. Сонымен түркі тілдеріндегі дыбыстардың алмасу заңдылығына қарай «ағлах, ағыйах» тіркестері қазақ тілінде «аулақ» түрінде қалыптасып, қос сөз құрамына кірген. Ал мағынасы жағынан «аз» деген түсініктен алшақ еместігін көрдіңіздер. Бұл жерде де «азын-аулақ» тіркесі бір мағынаның қайталануынан туындағанын байқаймыз.

АЙҚАЙ-СҮРЕН. Мағынасы жағынан бұл қос сөз «айқай-шу», «у-шу», «даурыққан дауыс» дегенді білдіреді.

«Ат тулап аламанның айқасымен,
Ақ боран азан-казан, айқай-сүрен»

(К. Бекхожин. «Дала комиссары»).

Қазіргі тілімізде «сүрен» сөзі кейде «қосты, салды» сияқты етістіктермен тіркесте келгені болмаса (сүрен қосты, сүрен салды), өз алдына, дербес қолданылмайды. Қырғыз тілінде «сүрөөн» — «ұран, көмекке шақырған қатты айқай» ұғымын береді. Манжур тілінің дерегі бойынша «сурэ» дыбыстық құрамдағы сөз біздің тіліміздегі «айқайлау, бақыру, ақыру» сөздерінің орнына айтылады.

Кейбір түркі тілдерінің мәліметіне қарағанда «сүрен» сөзінің алғашқы мағынасы басқаша болғандығын байқау қиын емес. Мысалы, телеуіт, сағай тілдерінде

«сүрен» немесе «сүре» сөздері «қорқыныш, зәресі ұшу» сияқты ұғымдарды береді Мұны еске алсақ, біздегі «сүрен» сөзінің «айқай» мағынасы кейін пайда болғандығы байқалады. Өйткені «айқайлау, бақыру» тәрізді дыбыс шығару, қорқу, сескенулердің нәтижесінен туады ғой.

АЙЛА-ШАРҒЫ. Мұндағы «айла» сөзінің мәнін түсіну қиын емес. Оның орнына тілімізде «амал», «әдіс», «тәсіл» тәрізді мағыналары ұқсас сөздер қолданыла береді. Ал «шарғы» — қазақ тілінде бірде «бойы шарғы» деген тіркесте кездесіп, адам бойының аласа, тапалдығын білдірсе, енді бірде жеке айтылып, дінге байланысты «заң» деген ұғымды білдіреді. Сондықтан мағына жағынан оның мына қос сөздегі «шарғымен» байланысы жоқ.

Қырғыздарда «шарғыт» сөзі біздегі «жалтару, кашқақтау, алдаусырату» сияқты мағыналармен сәйкес келеді. Бұған сүйенсек, ертеректе «шарғы» сөзі біздің тілімізде де жиі қолданылып, кейін келе ұмытылып, тек қос сөз құрамында сақталған секілді.

АЙТ-ҰЙТ. Қос сөздің бұл түрі көбіне «жоқ» тәрізді сөздермен тіркесте жиі қолданылады. Ал «айт-ұйт жоқ» дейтін болсақ «еш нәрсемен жұмысы жоқ», егер «айт-ұйтқа қарамастан» болып келсе, «ештеңеге көңіл бөлмей, алаң болмай» деген мағынаны береді. Мысалы: «... айт-ұйтқа карамай, бір күннің ішінде кетіп отырды» (Қ. Сатыбалдин. «Қараторғай»). «Айт-ұйт» жоқ, алды да жөнелді» (ел аузынан).

Қос сөздің алғашқысы — «айт» сөзі өзіміз күнде қолданып жүрген «айту» етістігінің бұйрық рай түрі. Ал екінші сыңары — «ұйт» сөзінің өзіндік сыры бар. Іздестіре келгенде оның да мағынасын якут, чуваш тілдерінен табамыз. Якуттарда — «ыйыт», чуваш тілінде — «ыйт» сөздері қазақтардағы «сұрау, сұрап білу» ұғымында қолданылады. Аталған ұлт тілдеріндегі «ыйыт» және «ыйт» сыңары қазақ тілінде «ұйт» болып қалыптасып тек қана қос сөз құрамында сақталған. Енді осы «айт-ұйт жоқ» сөз тіркесіндегі «ұйт» орнына якут

пен чуваш тілдеріндегі мағыналарын қолдансақ «айту-сұрау жоқ» болып шығады.

АЙЫП-ШАМ. «Жомарт: Бәріміз партия мүшесі, партия алдында пікір алысамыз. Оның не айып-шамы бар?» (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Осы сөйлемдегі «айып-шам» сөзінің алғашқысы жекеше қолданыла береді әрі мағынасы да белгілі. Ал екінші «шам» сөзі тілімізде кейде өз алдына жеке айтылғанмен тура «айып» сөзінің «жәбір, кінә» сияқты мағыналарын бере алмайды. Сондықтан да оның сырын басқа түркі тілдеріне көңіл аударғанда ғана ашамыз. Мысалы, қырғыз тіліндегі «чабы» сөзі дәл біздегі «айып, кінә» сөздерінің орнына жүреді. Осыған сәйкес біздің қос сөздегі «шам» сөзі де ертеде «айып» мағынасында қолданылып келсе, кейін ол өз мағынасын жоғалтқан. Қырғыздың «чабы» сөзінің біздің «шам» сөзіне ұқсастығы шамалы ғой деген заңды пікір тууы ықтимал. Оған дәлел келтірер болсақ, біздің тіліміздегі «болмайды» сөзі қырғыздарда «болбойт» қалпында айтылады. Осыған қарағанда, қазақ тіліндегі «м» орнына қырғыздарда кейде «б» қолданылатынын көреміз. Сондықтан «шамы» сөзіміз «чабы» болып өзгеріп тұр. Мұны былай қойғанда, Сібірдегі шұлым татарлары тілінде «чам» сөзі де «айып, кінә» орнына айтыла береді. Осыларды жинақтай келгенде, біздегі қос сөздің соңғы «шам» сыңарының мағынасы да «айып, кінә» деген ұғымды білдіреді.

АЛАЙ-ТҮЛЕЙ. Белгілі бір күштің әрекетінен асты-үстіне шығып, қым-қиғаш құбылыстардың пайда болуы осы сияқты қос сөз арқылы беріледі. Мысалы: «Үдей соққан ақ дауыл Қарағандының бұтасыз биік жоталарын алай-түлей етті» (Ғ. Мұстафин. «Қарағанды»).

Қос сөз құрамындағы «алай» сөзі тілімізде жекеше де қолданылады. Бірақ оның мағынасы мүлде басқаша. Дәлірек айтқанда, көзді «аларту» деген тіркес кейде «алай» сөзімен де ауыстырылады. Ал «түлей» сөзінің қазақ тілінде өз алдына меншіктенер мағынасы жоқ. Сон-

дықтан тілімізде ондай сөз кездеспейді де, тек аталған қос сөз құрамында ғана ұшырасады.

Енді басқа түркі тілдері деректеріне көз салсақ, якут тілінде «түлүөн» біздің тіліміздегі «әбігер, астан-кестен» тәрізді мағынаға жуықтайды, ал «түлүн» сөзі қазақ тілінде «аспанға көтерілу» дегенді аңғартады. Түркі тектестердің тағы бірі — шорларда «түлек» сөзі «боран» мағынасын береді. Түркі тілдерінің ертедегі жазба ескерткіштері сөздігінде «алак» қазақ сөзіндегі «төңкеріп тастау, әуреге салу» мағыналарын ұғындырған. Осыларға қарағанда ерте кездерде біздің тілімізде де «алайдың» да, «түлейдің» де өз алдына дербес мағынасы болғандығын байқаймыз. «Алай-түлей» қос сөзін қазіргі қалыпқа келтіре айтсақ, «әбігер-әбігер» немесе «әлек-әлек» деген ұғымдарды білдіреді.

АЛАС-ҚҰЛАС. Бұл сөз «қарбалас», «асығыс», «тығыл-таяң» деген мағына береді. Кейде «алас-қапас», «алас-күлес» күйінде де айтылады. «Ауыл алас-күлес, ... Дауыл өте шыққандай болды» (Қ. Сәрсекеев. «Қілт»).

Қазіргі қазақ тілінде бұл сөздердің бір де бірі жеке айтылғанда ешқандай мағына бермейді. Бірақ түркі тілдерінің кейбірінде олардың әрқайсысының өз мағыналары бар, дербес сөз. Якут тілінде: «аалас» — топтану, тобырлану, топтала қозғалу дегенді білдірсе, «қулаһый», — айналу, үйірілу, топырлау деген мағыналарда айтылады. Соңғы «қулаһый» сөзіндегі «һ» якут тілінде «с» әрпі орнына жүреді. Сол себепті ол қос сөзіміздегі «құлас» мағынасына жақындайды. Аталған тілдік деректерді ескере келіп, «алас-құлас» дегеніміз «берекесіз қозғалыс, тыпыршу» мағыналарын беретін, ертеректе қазақ тілінде де дербес қолданылған сөздер деп білеміз.

АЛБА-ЖҮЛБА. Жыртылған, тозған затты бейнелеп, суреттеп айтқымыз келгенде осы қос сөзді пайдаланамыз: «Алба-жұлба қараша үйдің сырт жағына қарасаң, іші өртеніп жатыр ма дейсің...» (Б. Майлин. Шығ.).

Сырт қараған адамға қос сөз төркінін түсіну өте

қнын сияқты. Дұрысына көшсек, түрлі жұрнақтарды қосып алып, тұлғасы адам танымастай өзгерген өзімізге таныс сөздер. Бұлардың алғашқы түбірлері «алу, жұлу» етістіктері. Ерте кезде қолданылса да, қазір өлі жұрнаққа айналған қосымшасы сақталып келген. Оны кейбір түркі сөздерімен бірге өз тіліміздегі тіркестер де дәлелдей алады. Мысалы, якут тілінде «жыртылған» деген мағынаны «алдыаммыт» сөзі білдіреді. Сөз жоқ, мұның түбірі — «ал» сөзі. Өте ерте заманда біздің тілімізде де «жырт» ұғымы «ал» түбірлі сөзбен айтылғанына мына қос сөздегі «алба» мағынасы куә болғандай. Түбір сөзбен қосақталып айтылатын жұрнақтың өзгеріп отыратынына «алба-жұлба» қос сөзінің тілімізде «алым-жұлым» болып айтылуы да дәлел болса керек. Бұл екі қос сөздің мағына жағынан тіпті де айырмашылығы жоқ. «Алба-жұлба» немесе «алым-жұлым» қос сөздерін қазіргі тілімізге сәйкестендіріп, түсініктілеу айтар болсақ, «жыртылған-жұлынған» болады да шығады.

АЛДАП-СУЛАП. «Барғанда алдап-сулап ақшасын сыпырып алып кетеді...» (З. Шашкин. «Сенім»). Осы сөйлемде кездесетін «алдап-сулап» тіркесіндегі алғашқы «алдап» сөзі туралы айтып жату артық. Алайда кейбір хакас сияқты түркі тілінде «алда» етістігінің «жұбату, көндіру» мағыналарында қолданылатынын айта кетпекпіз. Біздің ойымызша, бұл «алдау» сөзінің ертеректегі мағынасы болса керек. Олай дейтін себебіміз «алдау» әрекетінің өзі «сөзбен жұбатып, көндіру» нәтижесі ғой. Қазіргі біздің тілімізде ол басқаша мағына меншіктенген. Мұның өзі қоғам дамыған сайын белгілі бір сөздің беретін ұғымының да өзгеріп отыратындығының кепілі.

Қос сөздің екінші сыңары «сулап» та қазақ тіліндегі «алдап» сөзінің мағынасымен сәйкес келетіндігі хакас, тува, якут тілдерінен байқалады. Бұл тілдерде «сула» етістігімен түбірлес сөздер мынадай ұғымдарды білдіреді. Хакасша: «чойлан» — «өтірік айту, алдау», туваларда: «чугаала» — «көндіру» (сөзбен); якут тілінде: сү-

бә — «келісімге келу» тәрізді түсініктер береді. Түркі тілдерінде кездесетін дыбыс сәйкестіктерін еске алсақ, осы сөздердің түбірі біздің тіліміздегі «сулап» мағынасына ұқсас келеді. Осыларды ескере келіп біздегі «алдап-сулап» қос сөзі «сөзбен жұбатып, көндірудің» қайталап айтылуы деуге болады.

АНДА-САНДА. «Сирек», «ілуде бір» сөздерінің орнына жүретін қос сөз: «...шырағым күн жылыда, жұмыс болмаған уақытта, анда-санда ғана барып сабақ алып тұр» (С. Торайғыров. «Мағынасыз мешіт»).

Жеке алып қарағанда, «анда» және «санда» сөздерінің өзіндік мағыналары жоқ болып көрінгенмен, іздестіре келгенде бұл пікіріміз теріске шықты. Мысалы, қырғыз тіліндегі «чанда» сөзі біздегі «сирек, сирек кездесетін» мағыналарын иеленген. Сол тілдегі сөздікте айтылғандай, оларға бұл сөз парсы тілінен ауысқан. Түркі тілдерінің бірі — телеуіттерде «сандак» сөзі «сирек» деген ұғымды береді. Осы сөз ертеректе біздің тілімізде де қолданылып, «анда-санда» қос сөзінің тууына себеп болған деген жорамал айтуға болады. Ал қос сөздің алғашқы «анда» сыңары — «санда» сөзінің бастапқы дыбысының түсіп қалып, қайталануы болса керек. Қос сөздерде мұндайлар жиі кездесетін құбылыс.

АПЫЛ-ҚҰПЫЛ. «Асыға қимылдау, шапшаң қозғалу» мағыналары осы қос сөз арқылы да беріледі, «Кіре сала апыл-құпыл бір-бір шара сусынды бастарына көтерді» («Қаз. әдеб»).

Шуваш тілінде: «хаплт» — «тез, шапшаң», ал «хаплтат» — «асығу, асығып әбігерлену» сияқты мағыналарды береді. Біздің жобалауымызша, қазақ тілінде де ертеде осы сөз жиі қолданылып келгенімен, кейінгі кездерде дербес қолданудан қалып, қос сөз құрамында сақталған. Қазақтардың айтуында соңғы «т» дыбысы түсіріліп, екі дауыссыз «п», «л» дыбыстары арасына «ы» келіп қосылған да, «қапыл» болып қалыптасқан. Ал қос сөздің алғашқы сыңарындағы «к» дыбысы түсіріліп,

«апыл-қапылды» «апыл-құпыл» түрінде айту дағдыға айналған. Сонда мағынасы жағынан «апыл-құпыл» сөзі «асығу-асығу» болып келеді немесе «асығып-үсігу» дегенмен бірдей болады. Қос сөздің «үсігу» сыңары жөнінде кейінірек айтамыз.

АРЫҚ-ТҰРАҚ. «Арыған, жүдеу» мағыналарында жиі қолданылады: «Көктемде кездескен ақ жауыннан қыстан арып шыққан арық-тұрақ мал өліп те жатады» (С. Мұқанов. Танд. шығ). Кейде тілімізде «арық-тұрық» қалпында да айтылады: «Жайлауда жайылып жүрген сиырлар да арық-тұрықтан бас құраған» (А. Байтанаев. «Асан»).

Бұл жерде «арық» сөзінің төркінін талдап жатпаса да болады. Мұндағы жеке мағынада қолданылмайтыны — «тұрық». Ертедегі түркі тілдерінің жазба ескерткіштері сөздігінде: тур — арықтау, ал туруқ — арық мағынасын білдірген. Сөз түбірі — «тур» екендігі көрініп тұр. Қазіргі түркі тілдері ішінде — хакастарда «түре» қазақ тіліндегі «арықтау» сөзімен мағыналас. Монғолдардың «турах» сөзі дәл осындай ұғымды бере алады. Демек, «тұрақ» сөзінің ерте кездерде біздің тілімізде де жеке мағынасы болған. Оның қос сөз құрамында сақталып қалуы да содан болса керек. «Арық-тұрақ» қос сөзін «арық-арық» деп ұққан жөн.

АСТАН-КЕСТЕН. «Опыр-топыр болып, әбігерге түсу» ұғымын білдіреді. «Көшуге әзірленіп отырған үй іші атсан-кестен» (Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер»).

Қазақ тілінде қос сөздің ешқайсысы да жеке-дара қолданылмайды әрі өзіндік мағына бермейді. Алайда кейбір түркі тілдерінде, дәлірек айтсақ, якут тілінде сәл дыбыстық өзгерісі болғанымен мағынасы жағынан сәйкес келетін сөздерді кездестіреміз. Мысалы, біздегі «әбігерге түсу, әбігерлену» мағыналарын якут тілінде «айман» немесе «куттан» сөздері білдіреді. Осы екі тұлға қазақ тіліндегі дыбыс заңдылықтарына байланысты «астан-кестен» болып өзгере келіп, қос сөз пайда болған тәр-

ізді. Бұл жорамал бойынша, «астан-кестен» мағынасы біздегі «әбігерлену» етістігінің қайталанып айтылуы болмақ.

АСЫҒЫП-ҮСІГІП. «Қетсек екен осы арадан тезірек,— деп, өзі де асығып-үсігіп киініп жатыр» (Ө. Қанахин. «Ауыр күн»). Сөйлемдегі қос сөзден бізге мағынасы түсініксіз — «үсігіп» сөзі. «Асығып» сөзінің мағынасын біраіміз де білеміз.

Түркі тілдеріне жататын сағайлардың сөздік қорына үңілсек, «үсігу» етістігінің де мағынасын табамыз. Оларда «үстүк» қалпында айтылатын сөз қазақ тіліндегі «асығудың» тура ұғымын береді.

АУЫҚ-АУЫҚ. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл қос сөздің мағынасы — «мезгіл-мезгіл, дүркін-дүркін» деп көрсетілген. «Таудан ауық-ауық самал жел соғады» (З. Шашкин. «Тоқаш Бокпн»).

Шындығында, бұл қос сөз қазіргі кезде тілімізде жиі қолданылып жүрген «уақыт» сөзімен түбірлес. Ал «уақыттың» түпкі төркіні — араб тілі. Кейде бұл біздің айтуымызда «уақ» делініп қысқартылып алынады. «Ел... күзектеріне қонып, күземін алып жатқан уақ» (І. Жансүгіров. Шығ. жин.). Осы «уақ» сөзі бұдан әрі қарай дыбыстардың өзара орын ауыстыру заңдылығына ұшырап, «ауқ» тұлғасына дейін өзгеріп, «у» мен «қ» дыбыстары арасына «ы» килігуінің нәтижесінде «ауық» қалпына жеткен. Оның қайталап айтылуы қазіргі қолданылып жүрген «ауық-ауық» қос сөзін тудырған. Осылайша жорамал жасайтын болсақ, «ауық-ауық» — «уақыт-уақыт» мағынасына тура келеді. Тілімізде «уақыт» сөзінің қатысымен пайда болған тағы бір қос сөз бар. Ол туралы кейінірек әңгіме етеміз.

АУЫЛ-АЙМАҚ. Біздің түсінігімізде мұның мағынасы — «бүкіл ауыл және оның айналасы» мағынасын білдіреді. «Дәмежан Абайдың үй-жайын, ауыл-аймақ, ел жұртының амандығын байыптай сұрады» (М. Әуезов. «Абай жолы»).

Қос сөзді тұтас алсақ та немесе жеке-жеке келтірсек те оның мағынасы баршаға түсінікті. Алайда басқа түркі тілдерінің немесе түркі тілдеріне жақын өзге тілдер дерегіне қарасақ, осы сөздердің әрқайсысының бастапқы мағыналары болғандығы байқалады. Ертедегі монғолдың жазбаларында «айыл» біздегі «көрші» сөзінің мағынасын берген. Қазіргі монғол тілінде де сол мағынада қолданылады.

Түркі тілдері арасында якуттарда «аймах» — туыс, ал монғол, бурят тілдерінде «тайпа, ру, ұрпақ» ұғымдарын білдіреді. Бұған қоса, моноғолдың жазба тілінде «айил-аймаг» біздегі «туыстар» дегенмен парапар.

Осы деректерге сүйенсек, «ауыл-аймақтың» алғашқы мағынасы кең де көлемдірек болып, «туған-туыс», «көрші-көлем» қос сөздерінің мағыналарын тұтас қамтығанын аңғарамыз.

ӘЛЕМ-ЖӘЛЕМ. Сөздіктердегі мағынасы — «алабажақтанған, аламыш әшекейлеу» ... «олар үй ішін әлем-жәлем ғып ажар беріп тұрады» (С. Мұқанов. «Мөлдір махабат»).

Қос сөздің қай сыңары болмасын қазақ тілінде дербес қолданылып, дәл мағына бере алмайды. Ал түркі тілдерінің кейбіреулерінде әрқайсысы өз алдына мағына меншіктене алады. Әзірбайжан, түрік, ұйғыр, чуваш тілдерінде «аләм» «әлем» сөздері «кішкене жалау, жалауша» деген мағына береді. Мұның өзі арабтардың «ғаләм» сөзінен шыққан. Ал чуваш тілінде «илем» — безендіру, әшекейлеу мағынасын білдіреді. Осылардағы «аләм» мен «илем» сөздері қазақ тілінде «әлем» және «жәлем» қалпында өзгеріске келіп, тілдік дәстүрден озбай, қос сөз тудырған. «Әлем-жәлемнің» алғашқы мағынасы «әшекейлі жалауша» болған да, келе-келе «түрлі-түсті әшекей» заттар мағынасын білдіретін болған.

ӘУРЕ-САРСАҢ. «Азабы мол, әбігерге түсу» мағынасы тілімізде осы қос сөз арқылы да беріледі. «Бүгінгі күн

тұтасымен осындай әуре-сарсаңмен өтті» (М. Әуезов. Шығ.). Алғашқы — «әуре» қазақ тілінде жекеше айтыла береді әрі мағынасы да белгілі. Біздің түсінік беріп, төркінін іздегелі отырғанымыз — «сарсаң» сөзі. Өйткені ол қазақ тілінде қос сөз құрамында ғана кездеседі де, мағынасын да біле бермейміз. Түркі тілдерімен туыс саналатын манжур тілінде «сэрсэн сарсан» сөз тіркесі кездеседі. Мағынасы — «қалшылдап, дірілдеп, селкілдеп» деген мағыналарды мегзейді. Мұның өзі әбігерге түскен кісінің бойында болатын құбылыстар. Осыған қарағанда «сарсаң» сөзінің «әбігермен» қосарлауы заңды құбылыс тәрізді. Енді осы пікірге жүгінсек, «әуре-сарсаң» қос сөзі «әуреге түсіп, селкілдеп» деген ұғымға сәйкес келеді.

БАЛА-ШАҒА. Қос сөздің бірінші сыңары — «бала» сөзін түсіндіріп жату артық. «Бала-шағасының қасында, бес-алты қара малдың ғана қамын көздеп, шаруасын ғана білетін еді ғой» (Ғ. Сланов. «Асау арна»).

Қазақ тілінде жеке тұрып айтылмаса да, басқа бір түркі тілдерінде «шаға» сөзінің жеке мәні мен мағынасы бар. Түрікмен тілінде — «чага», түрікше «чаға» сөздері біздің тіліміздегі «бала» мағынасының орнына жұмсалады. Демек, «бала-шаға» қос сөзі — «бала-бала» дегенді білдіреді.

БАЛ-БҮЛ: БАЛ-БҮЛ ЖАНУ. «... жас дидары бал-бұл жанып, қара көзі нұр шашып, бабына келген бүркіттей түлеп-ақ тұр» (Т. Ахтанов. «Дала сыры»). Осы мысалда келтірілгендей, «бал-бұл» қос сөзі әр уақытта «жану» етістігімен ғана тіркесіп барып қолданылады.

Қырғыз тілінің сөздігіне қарасақ, «балбыл-балбыл» немесе «балбылда» сияқты қос сөз бен жеке сөздің мағынасы біздің тіліміздегі «жалындау, алаулау, жарқылдау» тәрізді түсінік береді. Осыған қарағанда, бізде қос сөз болып қалыптасқан «бал-бұл» алғашында қырғыз тіліндегідей бір ғана сөз болған. «Балбылды» (қырғыз тіліндегі) қазақтар қос сөзге айналдырумен бірге соң-

ғы «был» буынын «бұл» қалпында қолдануға дағдыланған. Осы бойынша «бал-бұл жанудың» мағынасын анықтай түссек, «жалындап жану» немесе «алаулап жану» ұғымы туады.

БАЯ-ШАЯ: БАЯ-ШАЯ БОЛУ. Қос сөздің қай сыңары болмасын тілімізде жеке айтылмайды. Ал мағынасы (түсіндірме сөздік бойынша) — «күйіп-пісіп, шыж-быж болу» дегенді білдіреді: «сен маған қарама — мен баяшая болған адаммын. Бар, біреуден ат сұрап әкел» («Қаз. әдеб.»).

Біздің тіліміздегі «баяшая» қос сөзіне сәйкес тұлғаны чуваш тілінен кездестіреміз. Оларда «вәйән-шайән» болып айтылып, біздің тіліміздегі «жалқау, ұқыпсыз, салақ» мағыналары орнына қолданылады. Қос сөздің қазақ, чуваш тілдеріндегі бұл мағыналары кейін пайда болған деп жобалауға болады. Өйткені осылардың жеке-дара айтылып, өзіне меншікті мағыналары болғандығын дәлелдейтін деректер бар. Мысалы, чуваш тілінде «бая» сөзімен түбірлес «вәй» сыңары «күш, қуат» дегенді аңғартса, қырғызша «шаян» сөзі «бұзық, тентек» мағынасына ие болған. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің бірінде «шайа» сөзі қазіргі тіліміздегі «өткір, өжет, епті» сияқты ұғымда қолданылған. Осы деректер бойынша, «баяшая» қос сөзінің алғашқы мағынасы — «күш пен қуаттан» туатын «өткір, өжет, тентектікті» білдіретін ұғым береді. Бір сөзбен айтқанда, «баяшая» — «күшті-өткір» дегенді білдіреді.

БӨЛЕК-САЛАҚ. «Бәрі де ұқыпты қапталған, бөлек-салағы жоқ» (Ғ. Сланов. Очерк). Сөйлемде кездескен қос сөздің бізге мағынасын анықтауды қажет ететін бөлігі — «салақ». Әрине бұл жалқаулықтан, еріншектіктен туатын «салақ» мағынасына жуыспайды. Сондықтан да оның төркінін басқа халықтың тілінен іздестіру қажет.

Түркі тілдеріне жақындау тұрған монғол және калмақ тілінде біздегі «бөлек, жеке, дара, бөліну» сияқты сөздер «салах» (монғолша), «салх» (қалмақ тілін-

де) мағынасында айтылады. Біздің тіліміздегі қос сөз құрамында кездесуіне қарағанда, «салах» сөзі ертеректе қазақтарда да болғанға ұқсайды.

БҰЛАН-ТАЛАН. Тілімізде «бұлан» да, «талан» да жеке айтылмай, тек қосарлана келіп, көбіне «бол» етістігімен тіркесе отырып, «әбігер», «астан-кестен» мағыналарын береді. «Келсе, қалыңдық бұлан-талан. Қырамын да жоямын... деп жатыр екен» (Жайсаңбек Молдағалиев. «Сарыарқа»).

«Бұлан» мен «талан» ертедегі түркі тілдерінде жеке қолданылып, қазіргі қос сөз мағынасына ие болғанын кейбір түркі тілдерінен көреміз. Қырғыз тілінде «әбігер болу, абыржу» тәрізді мағыналарды — «булаан», якут тілінде — «түлүөн» сөздері береді. Осы сөздерден құралған қос сөз қазақ тілінде сәл дыбыстық өзгеріске ұшырап, «бұлан-талан» болып айтылып жүр.

БҰРҚАН-ТАЛҚАН. Әбігерлену, сапырылысу мағынасын береді. «... қардың ілезде бұрқан-талқанын шығарып, жердің бетін қарайтып, ашады да тастайды» (Ә. Бірмағамбетов. Қазақстан географиясы. Оқулық).

Қос сөздің алғашқы «бұрқан» сыңарының мағынасын оқырмандар білетін болар. Бұл тіркес «ашулану, ызалану» мағыналарында батырлар жырында да кездеседі. Ал «талқан» сөзі тілімізде жеке кездескенімен дәл мына қос сөз құрамындағымен мағынасы сәйкес келмейді. Сондықтан оны басқа халық тілдерінің сөздік қорынан қарастыруға тура келеді.

Монғол тілінде біздегі «бұрқану» етістігінің мағынасы «долгих» немесе «долгилох» сөзімен беріледі, ал қалмақтарда — «жанжал, ұрыс» ұғымын «тольклдан» сөзі бере алады. Осыларды ескерер болсақ, «бұрқан-талқан» қос сөзіндегі екінші сыңары — «талқан» біздің тілімізде дыбыстық өзгерістерге ұшыраған «долгих» немесе «тольклдан» тіркестерінен туындаса керек. Олай болса «бұрқан-талқанның» мағынасы «бұрқан-бұрқан», дәлірек айтсақ «ашу-ыза» болуы мүмкін.

Бұл қос сөз кейде «бұрқан-тарқан» болып та айтылады. «...Жайшылықта оп-оңай өткел беретін шағын, момақан өзен бұрқан-тарқан (Ғ. Мұстафин. «Көз көрген»).

БЫТ-ШЫТ. Тас-талқан болып бүліну мағынасы осы қос сөз арқылы да беріледі «Үй іші быт-шыт, іліп алар нәрсе жоқ» (Ғ. Сланов. «Домбыра»).

«Быт» та, «шыт» та өз алдына ешбір мағына бермейді. Сырт қарағанда еліктеуден пайда болған қос сөз сияқты. Зерттей келе алғашқы «быт» сөзінің меншікті мағынасы бар екені байқалады. Монғол тілінде «бут» — «күл-талқаны шығу», ал «бутрах» — «ұнтақталу» ұғымдарын береді. Ал хакас тілінде «чіт» — жоқ болу, жоғалу мағынасын білдіреді. Содан монғол тіліндегі «бут» пен хакастардағы «чіт» қосақтала келіп, «бут-чіт» сөз тіркесін құрастырып, қазақ тілі талқысына түскенде «быт-шыт» түріне айналған. Осы қос сөзді түсініктілеу етіп айтсақ, «бөлшектеніп жоғалу» мағынасын берер еді.

БІРЕН-САРАН. Сирек, бір-екеу деген мағына береді. «Тек көде шөпті қуалап бірен-саран бөдене жорғалап, күн шыққанға қуанғандай шегірткелер ғана шарылдайды» (І. Есенберлин. «Қаһар»).

Мұндағы «бірен» сөзінің түбірі «бір» екендігі, оған «ен» жұрнағы қосылғаны белгілі. Сондықтан оның төркіні айтпаса да түсінікті.

Бізге құпия болып тұрғаны — «саран» сыңары. Оның сырын ашу үшін басқа түркі тілдері мен монғол тіліне назар аударсақ, мыналарды көреміз. Қазақ тіліндегі «сирек» сөзінің мағынасын туваларда — «шаараш», якут тілінде — «сэдэх», монғолша — «сийрэг» сөздері береді. Ал бұлардың түбірі «шаар», «сэд», «сийр» сөздері.

Әдетте, қос сөздердің соңғы буындары үйлес, үндес болуы дағдыға айналған. «Бірен-саран» қос сөзінің қалыптасуында да сол дәстүр сақталған. Қос сөздің алғашқы «бірен» сыңарына сәйкес келтірудің нәтижесінде жоғарыда көрсетілген түбірлердің (шаар, сэд, сийр)

біріне «ан» жұрнағы қосылып, «шааран» сөзі пайда болды делік. Осыдан келіп «бірен-шааран» шыққан, одан әрі өзгере келе «бірен-сааран», «бірен-саран» қос сөзі пайда болған деуге болады. Бұл жорамалымыз бойынша, «бірен-саранды» — «бірлі-жарым сирек», «жеке-дара сирек» деп түсінуге болады.

ДАУ-ШАР. «...дау-шарда келелі әңгімеге кірісіп айтыстым да», (С. Талжанов. «Ұлдай кегі»). Осындағы қос сөздің мағынасы — талас-тартысты, ерегесті, жанжалды білдіреді. Алғашқы сыңары — «даудың» да мағынасы дәл осындай екені баршаға мәлім. Ал қос сөздің соңғы бөлегі — «шар» жеке айтылмайды әрі мағынасы да белгісіз.

Түркі тілдеріне жататын кейбір халықта «шардың» да өзіндік мағынасы бар. Туваларда: чарғы — таласу, ерегісу; хакас тілінде: чарғы — сот; жаза ұғымдарын береді. Көп жағдайда қос сөз бір мағынаның қайталап айтылуынан туады. Осыған бой ұрсақ, «дау-шардағы» екінші сыңары — тува тілінде «талас, ерегес» мағынасында қолданылатын «чарғы» сөзінің түбірінен пайда болған сияқты. Ұрыс-керістің соңы жазамен тынатынын ескерсек, қос сөздегі «шарды» хакас тіліндегі «чарғымен» үйлестіретін болсақ, мағынасы — «дау-жаза» дегенге әкеп тірейді.

ДӘРІ-ДӘРМЕК. Дәрі және емдеуге қажетті шипалы заттарды осылай да атаймыз. «Соңғы кезге дейін... сенімді дәрі-дәрмек болмай келді» (Е. Оразақов, «Туберкулез»).

«Дәрі» мағынасы жеке қолданылса да түсінікті. Қазақ тіліне парсылардан ауысқан. Шындығына келгенде, қос сөздің екінші сыңары да парсы тілінен келген. Парсы тілінде алғашқы тұлғасы — «дарман» болып келеді. Біздің тілімізге сіңіскеннен кейін дыбыстық құрамына сәл өзгеріс кіріп «дәрмек» қалпына жеткен. Сөйтіп, «дәрі-дәрмек» қос сөзінің екеуі де парсы тілінен ауысқан және мағынасы жағынан бір тектес.

ДЕЛ-САЛ. Мұның мағынасы — мең-зендікті, көңілсіздікті білдіреді. «Кеш дел-сал болған ұйқыдан ояғандай елең етіп, ілгері қарай жеделдете басты» (Н. Баяндин. «Құм асты»).

Қос сөздің қай сыңары болса да, тілімізде дербес тұрып қолданылмайды. Кейбір түркі тілдерінде осы қос сөздің әрқайсысының жеке тұрып та мағына беретін кездері бар. Ноғай тілінде: «сел» — тынық, ақырын, жай; якутша: «эл-дээл» — бейқам, салақ мағыналарында кездеседі. Тувалардың «салгаа» сөзі де «бейқам, салақ» ұғымын береді. Осы сөздердің түбірі қазақ тілінде қос сөз құрастыра отырып, түпкі мағыналарын жоғалтпай сақтаған. Мұнан «дел-сал» қос сөзінің әр сыңары «ақырын, бейқам, салақ» мағыналарын білдіріп тұрғанын көреміз.

ДОС-ЖАР(АН). Ізгі тілекті ниеттес адам дегенді білдіргенде осы қос сөзді жиі қолданамыз. «Дәл осы күні Ыбекеңе дос-жар адам әр елден-ақ керек қой» (Ә. Әбішев. «Армансыз»).

Қос сөз құрамының біріншісі — «дос» сөзінің мағынасы кез келген адамға түсінікті және ол сөздің төркіні парсы тілінде жатқанын да білеміз. Ал екіншісі — «жар» немесе «жаран» сөзі таныс ұғым болғанымен дәл мына қос сөз құрамындағы мағынасын біле бермейміз. Шындап келгенде бұл да «йар» болып айтылатын парсы сөзі, «дос» мағынасын береді. Парсы тілінде «йар» сөзінің көпше түрі «йаран» болып келеді.

ЕБІЛ-СЕБІЛ. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл қос сөздің үш түрлі мағынасы келтірілген. Біз соның «алқам-салқам» деген тіркесіне тоқталып, сөз төркінін сол арқылы анықтауды қаладық. «Түс ауа Кенжекей келді. Үсті-басы ебіл-себіл» (Ә. Нұрпейісов. «Сергелден»).

«Ебіл» де, «себіл» де тілімізде жеке-жеке қолданылмайды және өз алдына мағына бермейді. Бірақ кейбір түркі тілі мен монғолдарда «себілмен» түбірлес сөздер-

дің меншікті мағынаға ие болатынын көреміз. Телеуіт тілінде «себіл» сөзінің мағынасы — «аңғал, селсоқ» дегенді білдіреді. Бұл тілдегі сөз түбірі «сеп» «бытыраңқы, шашыраңқы» ұғымында қолданылады. Монғол тіліндегі «сэвсэн» сөзі біздің тіліміздегі «киімі жалба-жұлба, дал-дұл» сияқты түсініктерге сілтейді. Осыларға қарағанда, «себіл» сөзі түркі, монғол тілдеріне ертеден ортақ болғаны байқалады. Ал қазақ тілінде көбіне қос сөз құрамында ғана сақталған.

«Ебіл» болса, «себіл» сөзінің әсерімен қайталаудан пайда болған сөз.

ЕЛБЕСІП-СЕЛБЕСІП. Кейде бір-біріне қол ұшын беріп, көмектесу, жәрдемдесу мағынасы осы қос сөз арқылы да беріледі. «Екі жарты бір бүтін боп, елбесіп-селбесіп күн көрерміз» (Р. Тоқтаров. «Ертіс мұхитқа құяды»).

Сирек болса да «селбесіп» сөзі кейде жекеше қолданылады: «Сіздің жүргіншілер осында бізбен селбесіп келеді» (І. Жансүгіров). Ал «елбесіп» етістігінің өз алдына мағына беріп қолданылғанын кездестірмедік.

Якут тілінде «елбесіппен» де, «селбесіппен» де түбірлес сөздердің өздеріне тән мағыналары бар, дербес қолданыла береді. Бұл тілдегі «илбэс», «силбэс» дыбыстық құрамдағы сөздердің екеуі де біздің түсінігіміздегі «бірігу, жиналу, өзара қатынасу» мағыналарына ие болады. Бұл деректер біздің тілімізде де «елбес» тәрізді етіс сөздің бір заманда болғанын, кейін тек қос сөз құрамында сақталғанын көрсетеді. Сөйтсек, «елбесіп-селбесіп» деген «бірігіп-қосылыптың» баламасы екен.

ЕМ-ДОМ. «Тәуіп келін қанша ем-дом жасаса да, ештеңе істей алмады» (М. Дүйсенов. «Мейман»). Сөйлем ішіндегі қос сөздің бірінші сыңары бәрімізге де түсінікті. «Ем» сөзі тілімізде жеке қолданыла береді. Ал екінші сыңарын біз тек осы қос сөз құрамында ғана кездестіреміз.

Біршама түркі тілдерінде, атап айтқанда, хакастарда «том», сары ұйғыр тілінде «том» сөзі біздің тіліміз-

дегі «дәрі» мағынасын береді. Бұларды былай қойғанда манжур тобындағы тілдердің бірінде: «доо» тұлғасы да «дәрі» ұғымын білдіреді. Чуваш, тува тілдерінде «им», «эм» сөздерінің өзі біздегі «дәрі» дегенді білдіретінін айтқымыз келеді. Бізге парсылардан «дәрі» сөзі ауысып, «ем» сөзін ығыстырып, оның сәл өзгеше мағына алуына себепші болған.

ЕМІН-ЕРКІН. Түсіндірме сөздікте бұл қос сөздің мағынасына бір-екі анықтама берілген. Оның алғашқысы — «керегінше, мейлінше, қалауынша», екіншісі — «ешбір қағажу көрмей, бетімен, бос, қиналмай» деп түсіндірілген. Мысалы, «Ыдырыс келіп столдың бір шетіне емін-еркін жантайды» (С. Шарипов. Шығ.).

«Емін-еркін» қос сөзінің мағынасын толық келтіріп отырумыздың өзіндік сыры бар. Оның тарихы мен құпиясының жұмбағы мол.

Қазақ тілінде «емін» де, «еркін» де жеке қолданыла береді. «Еркін» туралы айтпай-ақ қояйық. Бірақ мына қос сөздегі «еміннің» тілімізде дербес қолданыла беретін «емінге» мағына жағынан ешқандай қатысы жоқ. Бір қызығы, біздің тіліміздегі осы қос сөз қырғыз тілінде «эмнн-эркин» болып айтылып, дәл біздегідей мағына береді.

Ең алдымен бізге қос сөздің алғашқы сыңары «еміннің» мағынасы мен төркінін табу аса қажет. Іздестіре келгенде тува тілінен «эмнн эрттир» тұрақты сөз тіркесі кездесті, ол «өте, аса, тым» мағынасын білдіреді екен. Демек, екі сөздің тіркесі біздің тіліміздегі қос сөздің біреуінің орнына қолданылып жүр. Осы дерек бойынша, «емін-еркін» мағынасын «өте-еркін» немесе «тым еркін» деп түсінуге болады. Бірақ бұл жорамалымыз бірнеше сұрақ тудырады. Біріншіден, тува тіліндегі «эмнн эрттир» тұрақты тіркес қос сөзге қалайша айналған? Екіншіден, «эмнн» сөзінің тек қана еркінмен тіркесуінің себебі неде? және тағы басқалар. Бұған мынандай жауап беріп түйін жасауға болады.

Қос сөздегі «еркін» — біздің қазіргі тілімізде жеке қолданылатын «бас бостандығы бар, азат» мағынасын беретін «еркін» сөзі емес. Бұл тува тіліндегі «эрттир» сөзінің қазақ тілінде дыбыстық өзгеріске түскен түрі. Соның нәтижесінде бертін келе қос сөзге айналған. «Аса, тым» үстеулерінің біздің тіліміздегі тағы бір баламасы — «шамадан тыс» деген ұғымды білдіреді. Тува тіліндегі «эммин эрттир» дәл осы мағынада да қолданылады. Демек, біздегі «емін-еркін» қос сөзі де тіліміздегі «аса, тым, өте, шамадан тыс» дегендердің біреуінің ғана орнына жүре алады. Мысалы: «Ақаңның жалғанды жалпағынан басып, емін-еркін ұрттап шайқаған шағы» (Т. Нұртазин. «Мұрат»). Осындағы «емін-еркін» қос сөзінің орнына «шамадан тыс» деген тіркесті қолдансақ та, сөйлем құрылысына нұқсан келтірмеуі айтылған пікірімізді дәлелдей түседі.

ЕПТЕП-СЕПТЕП. Қос сөз мағынасы — өйтіп-бүйтіп, амалдап, аз-аздап сияқты ұғымдарды аңғартады. «Әзірше ептеп-септеп... күнелте тұрыңдар,— деді ол» (Д. Досжанов, «Тұлпар»).

Қос сөздің алғашқы — «ептеп» бөлігі тілімізде өз алдына жиі қолданылады әрі мағынасы да белгілі. Екінші «септеп» те сирек қолданылса да, жеке айтыла береді. Бірақ оның алғашқы мағынасы, түп-төркіні онша айқын емес. Сондықтан басқа түркі тілдері деректеріне назар аударайық. Татар тілінде: сиплә — «жөндеу, жаңарту»; чуваштарда: «сипле» — «жөндеу, жамау, дұрыстау, қалпына келтіру», туваларда: «септээр» — «жамау», хакаста: «сипсет» — «қорғау, сақтау» тәрізді мағыналарда айтылады.

Шынын айтсақ, «ептеп» сөзінің алғашқы мағыналарының бірі «септептің» мына біз көрсеткен ұғымдарынан алшақтамайтынын чуваш тіліндегі «ипле» сөзінің «жөндеу, ретке келтіру» деген ұғымдары дәлелдейді. Осы деректерге сүйенер болсақ, «ептеп-септеп» бір мағынаның қайталануы болып келеді, дәлірек айтқанда, «жөн-

деу-жөндеу» немесе «жөндеп-сақтау» ұғымына сәйкес келеді.

ЕРКЕ-ШОРА. Бұл қос сөздің екінші сыңары «ерке» сөзін жеке қолданғандағы ұғымнан онша алшақтамайды. Ал «еркенің» мағынасы — «ата-анасына айтқанын істеп, қағажу көрмей өскен бала» мағынасын берсе керек.

«Ерке-шора» қос сөзінде бізге ой салатын екінші бөлігі — «шора». «Жасында ерке-шора болып өскен. Ешкімнен қысылмайды» (Ә. Нұршайықов. «Махаббат қызық мол жылдар»). «Шора» сөзі дербес тұрғанда бір ғана мағына бере алады. Ол — ертеде қазақ ауылын билеген бек, мырзаларға берілген атау. Оның мына қос сөздегі шораға тікелей қатынасы шамалы. Бұдан басқа «шора» тұлғасы «еркек шора» тұрақты тіркесінде ғана ұшырасады. «Ерке-шора» — ұл балаша киініп, еркін өскен қыз ұғымын берген.

Алайда басқа түркі тілдерінде оның жеке мағыналары бар: тува тілінде: «чөрүү» — қасарысқан, бір беткей дегенді білдіреді. Дәл осы ұғымды беретін осы тектес сөзді монғолдардан («царга»), манжур тобына жататын тілдерден («чжуру») кездестіреміз.

Осыларға зер сала байқасақ бұл сөз ерке өскен бала мінезінің сипатына сәйкес, мағынасы да сонымен үндесіп жатыр. Демек, «ерке-шора» қос сөзі «қыңыр, қисық, тентек» сияқты сөздердің қайталануы болмақ.

ЕР-ТҰРМАН. Қос сөз құрамындағы «тұрман» қазақ тілінде тек атқа байланысты керекті жабдықтарды (ер, тоқым, әбзел, т. б.) білдіру мақсатында ғана қолданылады. «Буырылдың үстінде күміс шаптырған қазақы ертұрман» (С. Мұқанов. «Есею жылдары»). «Соның ішінде әсем тұрманы бар әдемі шананың қос қара атын айдаған осы Мәмбетпен таныстым» (І. Жансүгіров. Шығ.).

Қос сөздегі «ер» сыңары түсіндірмесе де белгілі. «Тұрман» қырғыз, башқұрт сияқты түркі халықтары тілінде «турман» болып айтылып, берер мағынасы да өзгешелеу болып келеді. Мысалы, қырғыз тілінде киіз

үйге қажетті жабдықтарды да «үй тұрманы» тіркесімен байланыстырады. Түпкі төркінін алар болсақ, бұл парсы тілінен ауысқан сөз. Сонда біз әңгіме етіп отырған «ертұрманымыздың» толық мағынасы «ер және оның жабдықтары» дегенді білдіреді.

ЕСКІ-ҚҰСҚЫ. Әдетте, бұл қос сөздің мағынасын бірінші сыңарына қарап түсінуге болады. «Ескі-құсқы» дегеніміз — тозығы жеткен, пайдаланылған, ұсталған зат. «Ескі» сөзіне де дәл осындай анықтама берілер еді. Бұған қарап, екінші сыңары — «құсқының» ешқандай мағынасы жоқ деуге де болады. Бірақ түркі халықтарымен туыстас тілдер дерегі бұл пікіріміздің дұрыс еместігін көрсетеді. Монғол тілінде: «хуучин» — ескі, «хуучи» немесе «хуучси» — «ескірген, ескі» мағыналарында қолданылады. Осы тіркестер өте ертеде біздің тілімізге ауысып қос сөз құрамында қалыптасқаны байқалады. Мысалы «.. таза киімдерін шешіп тастап, ескі-құсқыларын үстіне ілді де шаруаға кірісті» (Б. Тоғысбаев. «Асыл адам»). Кейде қос сөздің екінші сыңарында «қ» дыбысы түсіріліп те айтылады: «Мына сапарға шыққанда ол үстіне қайдағы ескі-ұсқыны артып алады» (С. Мұқанов. «Өмір мектебі»).

ЖАЗУ-СЫЗУ. Былай алып қарағанда, «жазудың» да, «сызудың» да өз алдына жеке мағыналары бар, екі бөлек нәрсе. Солай бола тұрса да осылардың қос сөз болып, бастарын қосуында бір құпия бар сияқты. Оны тек өзге түркі тілдеріне назар аударғанда ғана аңғарамыз. Татар, ұйғыр тілдерінің кейбір диалектілерінде «сызу» тектес сөздер (татарларда — «чи», ұйғырларда — «чиз») біздің тіліміздегі «жазу» орнына қолданылса, шор тіліндегі «чи» сөзі «сызумен» қатар «жазу» деген мағынаны да білдіреді. Біздегі «жазу-сызу» қос сөзі осыдан шықса керек. Мысалы: «Ақын кейін балаларына, немересіне өзінің жазу-сызуды қалай үйренгенін қызықты әңгіме ғып айтып отыратын» (Н. Фабдуллин. «Сар. жапырақ»).

ЖАЙМА-ШУАҚ. Қазіргі түсінігімізде — тамылжып жадыраған, жайдары қалыпты білдіреді. «...Қоңыр күздің сол бір күні де жайма-шуақ ашық болатын» (М. Хасенов, «Тұлпар»). Сөйлемде келтіріліп отырған мағынасы «жайма-шуақ» қос сөзінің табиғи түсінігі. Кейде адамның көңіл-күйіне, мінезіне байланысты да қолданылады. Олардың бәрі бейнелеуден пайда болған туынды мағыналар.

Түркі тілдеріндегі деректер бойынша, бұл екі сөздің мағынасы біріне-бірі жақын келеді.

Якут тілінде: «джайғар» бұлтсыз аспан, ал «джайға» — ала бұлтты деген мағынаны береді. Әрине сөз түбірі — «джай». Осыған «ма» жұрнағы жалғанып, сәл дыбыстық өзгеріске түскен де, «жайма» сөзі келіп шыққан.

«Шуақ» сөзінің де түп-төркінін осы якут тілінен табамыз. Якутша: «чуолкай» — ашық, анық мағынасын береді. Мұнда да кейбір дыбыстар қазақ тілінің заңдылығына қарай түсіп қалып, «шуақ» болып қалыптасқан. Сөйтіп, «жайма-шуақ» қос сөзінің ертеректегі мағынасы — «ашық-анық» болған да, күн көзінің жарқырап, нұр шашуына байланысты туған. Бұған тағы бір дәлел — қырғыз тіліндегі «чубак», «чуак» сөздері күн сәулесі немесе күннің ыстығы мағыналарын береді.

ЖАҚЫН-ЖАРАН. Туыс, ағайын адамдар ұғымы осы қос сөз арқылы да беріледі. «Доктордың сарғылт жүзінде... жақын-жарандарын аңсаған жалқы жанның сағынышы бар» (С. Омаров. «Қызыл»).

Мұндағы «жақын» сөзі — өз алдына қолданылады әрі мағынасы да түсінікті. Ал «жаранның» біздің сөздіктерімізде екі түрлі мағынасы келтірілгенімен мына қос сөздегіге жанаспайды. Қырғыз тілінде «жаран» — дос, достар мағынасын білдіреді. «Жаран» сөзінің түпкі төркіні парсы тілінен алынған. Осыған қарағанда, «жақын-жаран» қос сөзі — «жақын-дос» деген мағынаға жақындайды.

ЖАМАН-ЖӘУТІК. Қос сөздің біріншісі — «жамап» тілімізде үнемі қолданылады. Сондықтан оның мағынасы — «іске алғысыз, нашар» дегендермен сәйкес келіп жататынын әркім жақсы біледі. Ал «жәутік» сөзі тілімізде жеке-дара айтылмайды. Әрі мағынасы да белгісіздеу. Ертедегі сөздіктерді қарап отырғанда, «жәутік» сөзінің бұрын жиі ұшырасатыны, жеке мағынасы болғаны анықталды. Өткен ғасырда «жәутік» тіркесі қазақ тілінде «ескі, мүжілген асық» мағынасында қолданылыпты. Бірақ бүгінгі күндері ұмытылып, тек қос сөз құрамында сақталған. Біз қарастырған сөздікте ол — «жәутік» болып жазылған. Сонда «жаман-жәутіктің» мағынасы «жаман-ескі, мүжілген» ұғымын білдіретінін көреміз.

ЖАМАП-ЖАСҚАУ. Бұл қос сөздің мағынасы — тозығы жеткен затты жамау салып тігіп бүтіндеу. «... балалардың ескі-құсқысын жамап-жасқанды» (Л. Ғалымжанова. «Аяулы жан»).

«Жамаудың» не екенін әркім біледі. Ал «жасқау» сөзінің қайдан келгені, қандай мағына беретіні белгісіз. Осы сөзді талдап, төркінін іздестірушінің бірі, оны қалмақ тіліндегі «ясх» сөзіне апарып телиді. Бірақ бұл тілде не «жамау», не «тігу» мағынасын берерліктей «жасқаумен» дыбыстас ұқсас сөзді кездестіре алмадық.

Біздің байқауымызша, «жасқау» якут тілінде «тігу, тігіс» мағыналарын беретін «иистэн, иис» сөздерімен төркіндес болса керек. Сөз түбірі «иис» бізде өзгере келіп, «жас» қалпына түскен, одан әрі тиісті жұрнақтар арқылы (жас-қа+у) қос сөз құрамындағы «жасқау» қалпына дейін жеткен. Олай болса, «жамап-жасқау» — «жамап-тігу» дегеннің баламасы дей аламыз.

ЖАРЛЫ-ЖАҚЫБАЙ. Қолында малы жоқ кедей адамдарды осылай да атайды. «Бұл наразылықтың өзі шаруалар мен қала халқының жарлы-жақыбайлары арасында өте-мөте ашық білінді» (Ибрагимов).

Қос сөз құрамындағы жеке тұрып қолданылмайтыны әрі мағынасы белгісізі — «жақыбай». Сырт қарағанда, ойдан құрастырған үйлесім, ұйқас үшін жасалған сөз тәрізді. Іздестіре келгенде, дәл осындай болмаса да, дыбыстық құрамы әрі мағынасы сәйкес сөз якут тілінен табылды. Онда: «чаакы» сөзі — «арық, жүдеу, аш» мағынасында айтылады. Осы мағыналардың бірін «жақыбай» сөзінің орнына қойсақ «жарлы-жүдеу» қос сөзі шығады. Соңғы «бай» буынын қазақтар қосқан болуы ықтимал, өйткені бұл «жолшыбай» сөзінде де кездеседі.

ЖАУЫН-ШАШЫН. Жаңбыр, қар сияқты ауа райының құбылыстары осылай да атала береді. «Көп жылдың күзінде кездесетін ол араның жауын-шашыны биыл жоқ» (С. Мұқанов, Таңд. шығ.).

Жаңбыр болсын, қар болсын — жалпы алғанда «жауын» болып, айтылады. Сондықтан мына қос сөздегі мағынасы мен шыққан тегі белгісіз болып отырғаны — «шашын» сөзі қазақтарда қос сөз құрамында ғана кездескенімен тува сияқты түркі тілінде: «чаъс» немесе «чаашкын» — «жаңбыр» мағынасында айтылуымен ғана тынбай, кейінгі «чааскын» тіркесі қар, жаңбыр, шық, ылғал сияқтылардың бәріне де қолданылады. Қырғыз, өзбек, ұйғыр тілдерінде де «шашын» тіркесі жеке қолданылмай, дәл біздегідей қос сөз құрамында ғана кездеседі.

ЖАЯУ-ЖАЛПЫ. Бұл қос сөз көліксіз, жаяу жүру мағынасын береді.

«...Шұбырып жаяу-жалпы, арып, талып,

Жығылған Ақешкіге таң атқанда»

(І. Жансүгіров).

«Жаяу» сөзіне «жалпы» тіркесінің қосарланғанын және оның нендей мағына беретінін білу үшін түркі тілдері емес, соған туыстас саналатын монғол, тұнғыс-манжур тобындағы тілдер дерегіне зер салу қажет.

Монғол тілінде «явган», қалмақтарда — «йовһан», нанайларда — «йафқа», манжурда — «йафаған» болып

келетін сөздердің мағынасы қазақ тіліндегі «жаяу» дегенмен парапар. Осылардың әрқайсысының түбірі бір тектес буынды (яв, йов, йаф), одан арғысы — әр тілдің өзіне тән қосымшалар.

Тілімізде «жаяу-жалпы» қос сөзінің қалыптасуы кезеңінде аталған тілдердегі түбірлердің біреуінің ортасына «л» дыбысы қосарланып келіп, «ялв, йолв, йалф» болып өзгеріске түскен. Қазақ тілінің өз заңдылығына байланысты «й» дыбысы «ж»-ға, «в» немесе «ф» дыбыстары «п»-ға ауысып барып «жалп», одан әрі «жалпы» болып қалыптасқан. Олай болса «жаяу-жалпыны» «жаяу-жаяу» деп түсінгеніміз абзал.

ЖЕҢІЛ-ЖЕЛПІ. Салмағы болмашы ғана, ауырлығы жоқ, өте жеңіл мағынасын білдіреді. «...Таяқ сүйене жүріп, жеңіл-желпі жұмысқа араласты» (А. Байтанаев. «Қайнар»).

Бұл жерде алғашқы «жеңіл» сөзін түсіндіріп жату артық болар. Монғол, тұнғыс-манжур тобындағы тілдердің сөздік қорын қарастыра келгенде, қос сөздің екінші сыңары — «желпі» жөнінде мынадай екі түрлі жорамал айтуға болады.

Біріншіден, қалмақ тіліндегі «үлпек, үлпілдек» деген ұғымдарды «джөөлкн» сөзі бере алады. Осы тіркес қалмақтардан қазақ тіліне ауысқанда дыбыстық өзгеріске ұшырай келе, аталған қос сөздің екінші сыңары болып қалыптасуы мүмкін. Бұл жағдайда «жеңіл-желпі» мағынасы «жеңіл-үлпілдек» болып шығуы мүмкін. Үлпілдек зат жеңіл болатынын білеміз.

Екіншіден, тұнғыс-манжур тобындағы нанай тілінде «йэбэ» сөзі «жеңіл» мағынасын береді. Мұнда түбір сөзге «л» дыбысы қосылып, «йэлбэ» тіркесі пайда болған. Оның келе-келе «желпі» болып өзгеруі де нанымды құбылыс.

ЖОҚ-ЖІТІК. Кедей, жарлы мағынасында айтылатын қос сөз: «Ілияс жетім-жесір, жоқ-жітіктерге өте мейрімді еді» (Қ. Шөкенов. «Біздің Ілияс»).

Қос сөздің алғашқы бөлігі — «жоқтың» екі-үш мағынасы бар. Солардың бірі — жоғалу, жоғалып кету. Ал «жітік» болса біздің тілімізде жеке қолданылмайды, сондықтан өзіне тән мағынасы да жоқ. Тек «жоқпен» қосарлана келіп, содан шығатын ұғымға ортақтасып отыр.

Егер ертедегі түркі жазба ескерткіштеріне назар аударсақ, мына қос сөз құрамындағы «жітік» тіркесінің өзіне тиісті көне ұғымы болғанына көзіміз жетеді. Мысалы, «йит» сөзі «жоғалу, жойылу», ал «йитүк — жоғалған, жойылған» мағыналарына не болған.

Басқа түркі тілдерінде «жітік» сөзінің мағыналары осы күнге дейін сақталғанын төмендегі тілдік ерекшеліктерден көреміз: ұйғыр, түрік тілдерінде — «йит», татарларда — «джитик», туваша — «чидер», якут тілінде — «сүт», хакастарда — «чїт» тіркесінің барлығы да қазақ тіліндегі «жоғалу, жоқ болу, жойылу» мағыналарының орнына қолданылады.

Мұндай ұғым беретін осыларға ұқсас сөздер монғол, тұңғыс-манжур тобындағы тілдердің бір де біреуінде кездеспейді. Демек, «йит», «йитүк» (қазақша — «жітік») сөзі тек түркі тілінде сөйлейтін халықтарға тән келеді.

Осы деректердегі «жітік» сөзін «жоқ» сөзімен қосарлап қойсақ, «жоқ-жітік» дегеніміз «жоқ-жоғалған» болып шығады.

ЖОЛДАС-ЖОРА. Қос сөздің бұл түрі сыйлас, жолдас, көңілдес адамдар деген мағынаны береді. Мысалы: «...Тагеманның туыстары, жолдас-жоралары болу керек» (Қ. Исабаев. «Соңғы»).

Сөйлемдегі қос сөздің екінші сыңары — «жора» қырғыз тілінде дербес қолданылып, қазақ тіліндегі сыбайлас, жолдас мағыналарының орнына жұмсалады. Алайда «жора» сөзінің түптөркіні парсы тілі екенін айта кеткен жөн. Парсы тіліндегі «джурэ» сөзінің мағынасы да жолдас, ынтымақтас дегенді білдіреді.

ЖОЛ-ЖОРА. Түсіндірме сөздігімізде бұл қос сөз мағынасы салт, әдет, дәстүр бойынша берілетін ырым, кәде

деп берілген. «...Тойдың жол-жорасына алған буыншақ-түйіншектеріміз қолтығымызда, бүгжендей басып асығып келеміз» (С. Байжанов. «Сыр»).

Бұл қос сөздегі «жораның» осының алдында ғана айтылған «жорадан» мәні де, жөні де бөлек. Мұны біз әрісі монғол, берісі түркі тілдеріне тән сөз деп қараймыз. Сол тілдердегі деректер осының дәлелі болмақ. Мысалы, монғол тілінде — «журам» сөзі қазақ тіліндегі «ереже, тәртіп» сөздері орнына қолданылса, тува тіліндегі «чурум» тіркесі де дәл осындай мағыналарды береді. Сірә, тува тіліне монғол тілінен ауысқан болса керек.

Бір ескерте кететін нәрсе — біздегі «жол» сөзі бірнеше мағынаны меншіктенеді. Солардың бірі — әдет, ғұрып, нұсқау ұғымдары. Мына қос сөздегі «жол» сыңары да осы алуандас келеді. Олай болса, «жол-жора» қос сөзінің де дәл қазіргі мағынасы — әдет, ереже, нұсқау тіркестерімен үндесіп жатыр.

ЖОЛ-ЖӨНЕКЕЙ. Жол бойы, жолшыбай, жол үсті мағынасын беретін бұл қос сөздің екінші бөлігі — «жөнекей» біздің тілімізде оңаша тұрып қолданыла қоймайды. «Жол-жөнекей талай сыр ақтарылып, көп әңгіме айтылды» (Ә. Нұршайықов. «Батыр»).

Түркі тілдерінің кейбірінде «жөнекей» сияқты сөздердің өз алдына жеке қолданылып, мағынаға ие болатындары бар. Мысалы, қырғыз тіліндегі «жөнекей» сөзі бірде — «мақсатсыз, себепсіз» деген мағынаны білдіреді. Әрине бұл біздің қос сөздегі «жөнекейдің» ауыспалы мағынасы. Өйткені оның жол үсті, жол бойы ұғымдарынан туындағанын сезіп, білу қиын емес.

Ал, чуваш тілінде «йунейле» сөзі жолшыбай, жөнекей дегенді білдіреді. Міне, бұл «жол-жөнекей» қос сөзінің мағынасымен өте сәйкес келіп тұр. Және «йунсейленің» «жөнексйден» дыбыстық естілуі де онша алшақ емес. Осы деректі еске алып, «жол-жөнекей» қос сөзін қайта құрар болсақ, «жол-жол бойы» болып шығады, мағынасы да жөнді өзгермейді.

ЖӨН-ЖОСЫҚ. Әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүр мағыналары осы қос сөзбен беріледі. «Қызы жөн-жосық білетін, жарамды адам көрінеді» (М. Дүйсенов. «Мейман»).

Қос сөз құрамындағы «жосық» тілімізде жеке қолданылып, ырым, салт, жөн, ыңғай сияқты ұғымдарды бере алады.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде «йосун» дәл қазіргідей ереже, дәстүр мағыналарында қолданылған. Дәл осы мағынада ол қырғыз тілінде — «жосун», туваларда — «езу», башқұрттарда — «йосок» тіркесінде кездеседі.

Сөз төркіні монғол тіліне жақындайды. Оларда «ес» түбірінің өзі-ақ әдет, салт, дәстүр мағынасын, ал бурят тіліндегі «йосо» да осындай мағынаны білдіреді. Демек, монғолдың «ес» сөзі қазақ, қырғыз, башқұрт, тува сияқты түркі тілдеріне ауысып, дәстүр, салт тәрізді сөздердің мағыналарына ие болған. Осыған орай «жөн-жосық» қос сөзінің ұғымы «жөн-салт», «жөн-дәстүр» дегенмен үндес келеді.

ЖҮДЕП-ЖАДАУ. Мағынасы — арып-ашу, азып-тозу. Мысалы: «...Оразбай аяқ астынан жүдеп-жадап, іштей тозып кетті» (Ж. Жұмаханов, «Қаракөз»).

Қос сөздің екі сыңары да қазақ тілінде жекеше қолданылып, мағына береді. Алайда «жүдеу» сөзіне қарағанда «жадау» сөзі сиректеу кездеседі. Бұл екі сөздің әрқайсысының мағыналарында өздеріне тән ерекшеліктері бар екенін өзге түркі тілдерінің деректерінен аңғарамыз. Қырғыз тілінде «жада» сөзінің мағынасы әлсіз, шаршаған, хакасша — «чадап» — әрең, зорға, монғолдарда — «ядан» — әзер, зорға, манжур тілінде: «шада» — шаршау, қалжырау, әлсіздену деген мағыналарды береді. Осы деректерге қарасақ, «жүдеу» мен «жадау» арасында мәні жағынан айырмасы барын ажырату қиын емес. «Жүдеудің» дәл мағынасы — еті жұқарып, арықтау болса, ал «жадаудың» мағынасы — «жүдеу» сөзінің нәтижесінен туған — шаршау, әлсіреу, зорға қозғалу мағы-

насын білдіреді. Егер ойымыз орынды болса, «жүдеп-жадау» дегеніміз «жүдеп-шаршау» болып шығады.

ЖҮН-ЖҰРҚА. Жүн және оның қалдықтары деген ұғымды береді. «...Жүн-жұрқасы түкке аспай далада қалып жатқан қай қазақ бір үй көтерін ала алмайды» (Ғ. Мүсірепов).

Қазіргі тілімізде дербес қолданылмаса да, якут тіліндегі «нбырға» сөзі — жан-жануарлар денесіндегі жүннің сиреуі деген ұғым береді. Осыны ескерсек, «жүн-жұрқа» дегеннен «жүн-сиреген жүн» мағынасын ұғуға болады. Якут тіліндегі «нь» біздегі «ж» орнына жүретінін «жалпау» етістігінің оларда «ньалбай» болып айтылуы дәлел бола алады.

ЖЫЛАП-СЫҚТАУ. «Ақ жаулықты аналар мен жыртық тымақты шалдар кезек-кезек көрісіп, жылап-сықтап жатыр» (З. Асабаев. «Ар соты»). Сөйлемдегі «жылап-сықтау» қос сөзінің берер мағынасы «жылауды» білдіреді. «Сықтау» сөзі қазақ, өзбек тілдерінде жеке-дара мағына бере алмайды. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің мәліметі бойынша, «йығла» «сығта» сөздері «жылау, еңіреу» мағыналарына ие болған. «Сықта» тіркесі қазіргі кезде ұйғыр, алтай, телеуіт сағай, чулым, шор, т. б. түркі тілдерінде жпн айтылып, мағынасы «жылау, еңіреу» қалпында сақталған.

«Сықта» тіркесінің алғашқы түбірі «сық», осыған «та» жұрнағының қосылуы арқылы «сықта» сөзі пайда болған. Хакастарда айтылатын мағынасы ылғалдану, дымқылдану деген ұғымды білдіреді.

Сонда «жылап-сықтаудың» ертедегі мағынасы «жылап-жылау» болып шығады.

ЖЫМ-ЖЫЛАС. Қос сөздің бірінші сыңары тек қазақ тілінде ғана емес, басқа да түркі тілдерінде «тыныш» мағынасын береді. Хакасша — «сым», якуттарша — «чумпу» делініп айтылады.

Ал қос сөздің екінші сыңары — «жылас» қазақ тілінде жеке қолданылмайды, тек «жым» тіркесімен қо-

сарланып, «қайда кеткені белгісіз, жып-жылмағай» деген мағынаны береді. «Кекесінді күлкісі жел ұшырғандай жым-жылас болып, құнжиып қалды» (Қ. Қараманұлы. «Алтын іздеушілер»).

«Жылас» тіркесі кейбір түркі тілінде жеке қолданылып, тиісті мағына береді. Хакас тілінде «чылаас» — жалаң, жалаңаш ұғымын білдіреді. Осыған қарағанда, «жылас» сөзі ертеде қазақ тілінде де қолданылып, кейін дербестігінен айрылып, қос сөз құрамында ғана сақталған сияқты. Сонда «жым-жылас» сөзі «тыныш-жалаң» мағынасында айтылады.

ЖЫМ-ЖЫРТ. «Тып-тыныш» қос сөзінің екінші баламасы ретінде қолданылады. «Көше жым-жырт, дыбыс жоқ. Бізден басқа қыбырлаған бір қара жоқ» (С. Сейфуллин. «Тар жол — тайғақ кешу»).

Қос сөздің алғашқы сыңары — «жым» туралы жоғарыда айттық. Ендігі мәселе оның екінші сыңары — «жырт» туралы болмақ. Мұның да ертеректе өзіндік мағынасы болғанын тува тілінде қолданылуынан көреміз. Тувалықтарда «тыныштық» ұғымын беретін «оожум» сөзімен бірге «ыржым» тіркесі де жиі айтылады. «Оожум» біздегі «жым» сөзімен төркіндес екені көрініп тұр. Ал соңғы «ыржым» сөзіне қазақ тілінен оған ұқсас сөз табу қиын.

Қатар тұрған дыбыстардың орын алмастыру заңдылығы тілімізде бар екені бұрын айтылған болатын. Осыны ескерер болсақ, тува тіліндегі «ыржым» қазақ тілінде «ыржым» тіркесіне айналып, соңғы «м» орнына «т» дыбысы қосылып «ыжырт» қалпына түскен. Одан әрі өзімен мағыналас «жыммен» қосыла келіп, алғашқы «ы» дыбысының түсіп қалуынан, «жым-жырт» болып қалыптасып, «тып-тыныш» мағынасына ие болған.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ. Күштеп, қиянат жасау мағынасының баламасы. «Мұнда да байлық пен қайыршылық, зорлық-зомбылық пен момын көнбістік күн мен түндей қатар өмір сүреді екен» (С. Жүнісов. «Ақан сері»).

Қос сөздің скеуі де тілімізде дербес тұрып та мағынаға ие болады, жеке-дара қолданыла береді. Бірінші сыңары «зордын» түп-төркіні парсының «зур» сөзінен шыққан, мағынасы — күш, қуат дегенді білдіреді. Осыған тілімізге тән «лық» қосымшасы жалғану арқылы «күштілік, мықтылық» ұғымын беретін «зорлық» тіркесі туындаған.

Екінші сыңары — «зомбылықтың» төркіні түркі тілдеріне жатады. Якуттарда «сүүнэ» дыбыстық құрамындағы сөз біздің түсінігіміздегі «зор, үлкен» мағыналарын береді. Бұл сөздің түбірі (сүүн) қазақ тілінде «зом» болып өзгеруі дыбыстардың ауысып отыруы заңдылығына қайшы келмейді. Кейін «зом» түбіріне қазақ тіліне тән жұрнақтар қосылып (зом+бы+лық), «зомбылықтың» пайда болуына жағдай туғызған. Біздің ойымызша қазақ тіліндегі «шомбал» сөзі де якут тіліндегі «сүүн» түбірінің дыбыстық өзгерістерге түскен түрі болса керек. Осылай топшылайтын болсақ, «зорлық-зомбылық» қос сөзі күштілік, мықтылық мағынасын береді.

ЗЫМ-ЗИЯ. Қос сөздің екі сыңары да біздің тілімізде жеке күйінде айтылмайды. Қосарланып берілгендегі мағынасы — «ізсіз-түзсіз жоғалу, хабарсыз кету». Мысалы: «Әйтеуір біздің есімізде қалғаны Бәтiш апай зым-зия жоқ болып кетті» (С. Сарғасқаев. «Біз төртеуіміз»).

Қырғыз тілінде тұтас тіркес болып келетін «зымзия», «зымкыя» сөздерінің мағынасы дәл біздегідей — «хабаршарсыз жоғалып кету» деген ұғымды білдіреді. Бірақ бізге бұл сөздің түпкі төркінін табуға себепші бола алмайды.

Тұңғыс-манжур тобындағы эвенкі тіліндегі «сээм» сөзі де біздегі «жоғалу, жоғалып кету» мағынасында қолданылады. Ертеректе осыған ұқсас түбір сөз қазақ, қырғыз тілдерінде де кездескен. Кейін дыбыстық өзгерістерге ұшырау нәтижесінде бірінде қос сөз, екіншісінде бірікен сөз болып қалыптасып, мағынасын сақтап қалған сияқты. Осындай қорытынды жасай отырып, «зым-зия»

қос сөзінің екі тілде де «жоғалу» дегенді білдіретінін байқауға болады.

ИІС-ҚОҢЫС. Сөздіктерде бұл қос сөз мағынасына «жағымсыз иіс, кір-қоңыс» деп түсініктеме берілген. «Иіс» сөзі тілімізде өз алдына қолданылғанымен, оған қосақталып тұрған «қоңыс» сөзі жеке айтылмайды. «Иіс-қоңысы көп үйде бүрге де көп қой деймін... (С. Мұқанов. «Мәлдір махаббат»).

«Қоңыс» сөзін тек монғол тобындағы тілдерден табамыз. Монғолдардың — «хөлс», қалмақтардың — «көлси» сөздері қазақ тіліндегі «тер» мағынасында қолданылады. Сірә, монғол тілінен ауысса керек. Якуттардың «көлсүн» сөзі де «тер» ұғымын білдіреді.

Қорытындылай келгенде, «иіс-қоңыс» қос сөзін нағыз қазақшаласақ, «иіс-тер» болып шығады.

КЕДІР-БҰДЫР. «Ойлы-қырлы, айқыш-үйқыш, тегіс емес деген мағынаны береді. Мысалы: «Кедір-бұдыр жерде зеңбірек екі жағына қарай кезек-кезек теңселеді» (Ә. Нұршайықов. «Махаббат қызық мол жылдар»).

«Кедір» де, «бұдыр» да сөздері дербес тұрып мағына бере алады. Өзге түркі тілдерінде де бұлардың әрқайсысы «кедір-бұдыр» қос сөзі иеленіп тұрған мағынаны білдіреді. Мысалы, якут тілінде «хатыылаах», «хатыр» сөздері, туваларда — «бөзүргей», хакастарда — «підір» тіркестері «кедір-бұдыр», «бұдырлы» мағыналарында қолданылады. Келтірілген сөздердің қайсысы болмасын, мағынасын былай қойғанда, дыбыстық құрамы жағанан да «кедір» мен «бұдыр» сөздерімен үндесіп жатады. Әрине мұның бәрін олардың алғашқы түбірі, бастапқы мағынасы деуге болмайды.

Якут тілінде: хатаал — безеу, ал хакастарда — «підір» сөзінің тура мағынасы «бұжыр» деген сөз. Міне, осыларды «кедір» және «бұдыр» сөздерінің алғашқы түбірі мен бастапқы мағынасы деуге болады. Осыдан келіп, «кедір-бұдыр» қос сөзінің бастапқы ұғымдарын алсақ, онымыз «безеу-бұжыр» деген болып шығады.

КЕМ-КЕТІК. «Жетіспеушілік, кемшілік, кемістік» сөздерінің мағынасы осы қос сөзге сыйып тұр.

«...Мен жырламай кім жырлар,
Бақыт құсы басымда, түгенделді кем-кетік»
(Н. Байғанин).

Қос сөздің екі сыңарын да түсіндіріп жатудың қажеті жоқ сияқты. Бірақ тіл тарихының тереңіне үңілген сайын оның басқа да мағыналарға ие болғанын көреміз. Ежелгі түркі жазбалары сөздігінде: «кем» сөзі ауру, ал «кетән» — мұқтаждық, қиындық мағынасында қолданылған. Енді келіп, осыларды қазіргі мағынасымен салыстырсақ бірқатар өзгеріс енгені байқалады. Сонда «кем-кетігіміздің» бұрынғы мағынасы «ауру-мұқтаждық» болып шығады.

КИІМ-КЕШЕК. Бұл қос сөзден киімдер жиынтығын көреміз. «Екі шопан киім-кешектерін қолтықтарына қыстырып, үйге қарай аяңдады» (Т. Жармағамбетов. «Нәзік бұлттар»).

Біздің тілімізде «кешек» сөзі ешқашан жеке қолданылған емес. Қырғыз тілінің оңтүстік диалектісінде қырғыздың әдеби тіліндегі «көйнөк» (бізше — көйлек) орнына «көйчөк» сөзін қолданатын кезі болады. Біз, әзірге, «киім-кешек» қос сөзіндегі соңғы «кешек» тіркесін осы «көйчөк» сөзімен жақындастыра аламыз. Мұнда «й» дыбысы түсіріліп «көчөк» болып, одан әрі «кешек» қалпына жеткен. Содан барып «киім-кешек» қос сөзі мағынасы жағынан «киім-көйлек» дегенге жақындай түседі. Төменде келтірілген «көйлек-көншек» қос сөзіндегі «көншек» сыңарының да «кешек» сөзіне қатысы болуы ықтимал.

КӨЙЛЕК-КӨНШЕК. Ішкі және сыртқы жеңіл, жұқа киімдер тобы осы қос сөзбен беріледі: «Олар сонда отырып, тойға көйлек-көншектер тігуде» (Т. Жармағамбетов. «Қыркүйек»). Бұл қос сөздің екінші сыңары «көншек» те жеке мағына бермейді.

Қырғыз тіліндегі «көншекке» сәйкес «көнчөк» сөзі біздегі «шашбау» (қыздардың шашқа тағатын әшекейлі бұйымы) мағынасын береді. Әрине мұны көйлекпен қосарластыра айтуға болмайды. Сондықтан басқа тіл деректеріне жүгіңелік.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде «көнчәк» сөзі қазіргі ұғымымыздағы «киім» орнына жүрген. Жазба ескерткіштерінің тағы бірінде: «көнчек» — «жұқа матадан тігілген шалбар, ыштан, дамбал, іш киім», ал «көнчек» — шалбар, ыштан мағыналарын берген. Қазіргі түркі тілдеріне жататын қарашай-балқар тілінде «көнчек» сөзі шалбар ұғымын береді.

Келтірілген тілдік деректер «көншек» сөзінің ерте кезден түркі тілдерінде жеке қолданылып, өзіндік меншікті мағынасы болғанын көрсетеді. Қазіргі түркі тілдерінің бірқатарында қос сөз құрамында ғана сақталған.

«Көйлек-көншек» қос сөзін қазіргі тұрғыдан түсіндірер болсақ, «көйлек-киім», «көйлек-ыштан», «көйлек-дамбал» мағынасын береді.

КӨЛ-КӨСІР. «Мақта даласында көл-көсір дүние жатыр» (Ш. Шалқаров. «Серік көл»). Бұл сөйлемнен «көл-көсір» қос сөзінің өте көп, ағыл-тегіл, молшылық, астатөк мағынасында қолданылып отырғанын байқаймыз.

Қос сөздің бірінші бөлігі «көл» сөзінің қандай мағына беретінін бәріміз білетіндіктен, тоқталмадық. Кейде ол дүниенің молдығын білдіру үшін қолданылады. Ал екінші сыңары «көсір» сөзі тілімізде жеке қолданылмайды. Түп-төркіні түркі тілдеріне жатпайды. Қарастыра келгенде оның «кусер» болып келетін араб сөзі екені, молшылық, астатөк мағынасын беретіні анықталды.

Түркі және араб сөздерінің қосарлана қолданылуынан «көл-көсір» қос сөзі туындап, «қорланған молшылық» мағынасына ие болған.

КӨРШІ-ҚОЛАҢ. Бұл қос сөз ауылдастардың, іргелес отырған ағайын-туыстардың, көршілердің жиынтық мағынасын береді. Мысалы, «Далаға қашып шыққан шош-

қалар тобын жап-жақтағы көрші-қоландар жабыла қуып, қамап әкеліп, қақпа алдына үйірді» (С. Мұқанов. «Аққан жұлдыз»).

Қос сөздің екінші бөлігі қазақ тілінде жеке қолданылмайды әрі мағынасы да белгісіз. Кейбір деректерге қарағанда, сөз төркіні түркі тілдерінен ауысқанға ұқсайды. Бұл пікірімізге біздегі «көрші» сөзін тува тіліндегі «қожазы», «қожа» сөздерімен берілетіндігі негіз болады. «Қожа» түбірінің қазақ тілінде «қолаң» қалпына дейін өзгеруі — тағы да түркі тілдеріндегі дыбыс алмасу заңдылығынан болып отыр. «Ж» дыбысы «л»-ға айнала отырып, түбір соңына «ң» жұрнағы қосылып (салыстырыңыз: бала + ң = балаң, сор + аң = сораң), «қолаң» болып қалыптасқан да, «көрші» сөзімен қосарланып, «көрші-қолаң» қос сөзін тудыруға себепші болған деген тұжырымға келуге болады. Сонда «көрші-қолаңның» дәлірек мағынасы — «көрші-көрші» дегенді білдірсе керек.

«Көрші-қолаң» тіркесі өзгеріске ұшырай келіп, кейде тілімізде «көрші-көлем» деп те жиі айтылады. «Көрші-көлемдегі кемпір-шалға шай бергелі жатыр еді, ...» (Қ. Қараманұлы. «Алтын іздеушілер»).

КІР-ҚОЛАҢ. Кір-қоң, қоқыр-соқыр, лас нәрселер кейде осы қос сөз арқылы да беріледі. «Кір-қолаң, тер иісі шығып, бөлме ішінің берекесі одан сайын қаша берді» (Ғ. Сланов. «Дөң асқан»).

Осындағы «қолаң» сөзін сөздіктерден кездестіре алмадық. Алайда, тілімізде «қолаңса» сөзі бары белгілі. Ол — қолтық астынан шығатын тердің иісі. Мұның негізгі түбірі бір буынды екенін басқа туыстас тілдерден көреміз. Якут тілінде: көлөсүн — тер; монғолдарда: хөлс — тер; манжурша: қолонсу — тер. Осылардың қай-қайсысының да түбірі «көл», «хөл», «қол» екендігі даусыз. Жұрнақ арқылы осы түбірлерден «қолаң», «қолаңса» түбірлері туындап, мағынасы «тердің иісі» деген ұғымды білдіретін болған. Осыған жүгінсек, «кір-қолаң»

қос сөзінің алғашқы мағынасы — «кір-тер» дегенге жақындайды.

КІШІ-ГІРІМ. Ұсақ, майда, болмашы мағыналарында қолданылатын қос сөз. «Кіші-гірім нәрсеге ұнжырғасы түсе қоймайтын Фольбердің бүгін жүзі өрт сөндіргендей» (Ә. Шәріпов. «Қапас»).

Өз алдына дербес қолданылмайтын «гірім» сөзінің түбірі «қыр» болса керек. Өйткені дәл осы түбір арқылы жасалған тілімізде «қырбық» сөзі ұшырасады (Мысалы, «қырбық қар»). Бұл ойымызды кейбір түркі тілдерінің дерегі айқындай түседі. Мысалы, якут тілінде біздегі «ұсақ, майда, кіші» мағыналарын «қыра» сөзі білдіреді. Қырғыздарда кішкентай ұғымы «қырбығый» сөзі арқылы беріледі. Осылардағы «қыр» түбірі «кіші» сөзімен жарыса келіп, соның ыңғайымен жіңішкеріп «кір» дыбыстық қалпына түсіп, онымен шектелмей, «ім» жұрнағын қосып алған тәрізді. Кейінірек дыбыс үндестік заңымен «гірім» қалпына жетіп, «кіші-гірім» қос сөзі пайда болған. Сонда бұл сөздің мағынасы «кіші-майда» немесе «кіші-ұсақ» болса керек.

ҚАРУ-ЖАРАҚ. Ұрысқа қарсы қолданылатын соғыс құралдары; құрал. «...тіршілікте тұтынған асыл заттары мен қару-жарағын да қоса көметін болған» (Қ. Қараманұлы. «Алтын іздеушілер»).

Қазіргі тілімізде бұл қос сөздің екеуінің де дербес мағынасы бар және жеке-дара қолданыла береді. «Қару» сыңары, найза, қылыш, садақ, тағы басқа құралдарды білдірсе,— «жарақ» сөзін де осылай ұғынамыз. Бірақ ертедегі тіл ерекшеліктеріне назар аударсақ, «қарудың» да, «жарақтың» да өз алдына меншікті мағыналары болған.

Ертеді түркі жазба ескерткіштері сөздігінде: «қарвы йа» — иіліп жасалған садақ, жақ дегенді білдіреді. Осы тектес сөздің ауысып қолданылатын мағынасын монғол тілінен кездестіреміз: «харвуул» — садақ оғы. Ерте заманда «йарақ» немесе «йарық» сөздері батырлар кие-

тін сауыт ұғымында қолданылған. Осы сөз қазақ тілінде «жарақ» болып қалыптасқан. Қазіргі «қару-жарақ» қос сөзінің әр сыңарының орнына осыларды қойып көрсек, «садақ-сауыт» деген ұғым шығады.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС. Хабарласу, байланыс жасау мағынасын беретін қос сөз. «...көрші мемлекеттермен қарым-қатынастың Жапония үшін ерекше маңызы бар» (Ә. Кекілбаев. «Тырау»).

Қос сөздің бірінші сыңары «қарым» жеке айтылғанда «қатынас» мағынасын бере алмайды. Бірақ кейбір түркі тілдері мен монғол тобындағы тілдерде бұл сияқты тіркестердің өзіндік ұғымдары бар. Тува тілінде: «харылзаа» сөзі — «өзара байланыс» деген мағынаны берсе, дәл осындай ұғымды монғолдарда — «харилцаа», қалмақша «хэрлцэн» сөздері білдіре алады. Бұл деректер «қарым» тіркесінің «қатынас» сөзімен мағыналас екендігін көрсетеді. Сөздің алғашқы түбірі «қар» әуелден-ақ түркі, монғол тобындағы тілдерге ортақ деп білеміз. Бұған да ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің сөздігі кепіл. Сол кездердің өзінде-ақ «қар» түбірінің баламасы «қат» болып, екеуі де «араласу» мағынасында қолданылған. Сөйтіп қос сөз — мағыналас тіркестердің қайталануынан құралып, қазіргі түсінігімізше «қатынас» дегенді білдіреді.

ҚАТ-ҚАБАТ. Біріне-бірі қабаттасқан, көп деген мағынаны беретін қос сөз. «Әсіресе, қат-қабат науқандар кезінде, адамды жүн қылып жібереді» (З. Шүкіров. «Қиын түйін»).

«Қат» сөзі қазақ тілінде «жеті» сан есімімен қосарланып тұрақты тіркес құрғаны болмаса (жеті қат көк, жет қат жер асты) жеке айтыла бермейді.

Түркі тілдерінде «қат» сөзінің «қабат, қатпар, қатар» тіркестер орнына ежелден қолданылып келе жатқаны сол кездегі жазба ескерткіштерден белгілі. Ертеректегі мағынасын қазіргі кезге дейін сақтап келген тілдік сөздер жоқ емес. Тува тілінде «каыт», хакастарда — «хат»

болып дыбысталатын тұлғалар біздің тіліміздегі «қабат, қатпар, рет» деген ұғым орнына жұмсалады. Қазіргі түсінігіміз бойынша «қат-қабат» қос сөзі «қабат-қабат» мағынасын береді.

ҚАТЫН-ҚАЛАШ. Бір топ әйелдер деген ұғымды білдіретін қос сөз. «Қатын-қалаш арасында Жәмилә да бір ертегі болатын» (М. Әуезов. Танд. Шығ.).

Қос сөз құрамындағы «қатын» тіркесі жалғыз қазақ емес түркі тілдерінің көбінде ежелден қолданылып келе жатқан сөз болғандықтан ол бәрімізге түсінікті болса керек. Тек ескерте кететін жайт — оның ертедегі ұғымы «ханым, ханша, қыз» тәрізді жағымды қалыпта көрінгенде, кейін арабтардан ауысқан «әйел» сөзінің тілімізде қалыптасу барысында байырғы «қатын» тұлғасының қадірін кетіріп, жағымсыз кейіпте ғана қолданылады.

Біздің ерекше көңіл аударғалы отырғанымыз жеке тұрып қолданылмайтын, мағынасы түсініксіз — «қалаш» сөзі болмақ.

«Қалаш» мағынасын дәл беретін дыбыстық құрамы ұқсас келетін сөздерді түркі халықтары ішінде тува және түрікмен тілдерінен табамыз. Туваларда: «херэ-эжен» — әйел, түрікменше: «хеле» — әйел деген сөз. Тува тіліндегі «херээжен» сөзіндегі «р»-дың «л» дыбысына ауысып, соңғы буыны түсіп қалып, «хелээж» болса, ал түрікмендердегі «хелеге» «ш» жұрнағы қосылып «хелеш» болып өзгеруі тілдік қайшылыққа жатпайды. Осылардың қайсысы болса да, «қатын» сөзімен қосарлана айтылғанда «қалаш» болып өзгеріске түсуі мүмкін. Бұл жағдайда «қатын-қалаш» бір мағынаның қайталануы болады да «әйел-әйел» мағынасын береді.

Осыған сәйкес тағы бір топшылау бар. Түркі тілдеріне жақындау тұрған манжур тіліндегі «халаша» сөзі «қылымсыған әйел», ал «хэши» тіркесі «әйел» мағыналарын береді. Алғашқы «халаша» сөзі мағынасы жақын «қатын» сөзімен тіркесіп, қос сөз жасайды да, үлкен өзгеріске ұшырамайды.

Тек «халашаның» соңғы «а» дыбысы түсіп қалғанын байқауға болады. Ал «хәши» сөзі қосарланып келіп, қос сөз жасалса, «л» әрпі екі буынның ортасына түскен болып шығады. Бұл жерде де «қатын-қалаш» тіркесі мағынасы жағынан «әйел-әйел» дегенді білдіреді.

Қалай болғанда да, «қатын-қалаш» қос сөзіндегі екінші сыңары — қалаштың тууына түркі, манжур тілдеріндегі сөздердің әсері болғанға ұқсайды.

ҚАШЫП-ПЫСУ. Осындағы екінші «пысу» сөзіне түсіндірме сөздікте — қорқу, зәресі ұшу деген анықтама берілген. Ал «қашып» сөзі — айтпаса да түсінікті. Мысалы:

«Келіпті деп бір қу мысық,
Тышқан біткен кетті пысып»

(Ө. Тұрманжанов. «Менің кітабым».).

«Пысу» етістігінің мағынасы ертеректе қазақ тілінде өзгешелеу болғанын бізге жақын туыс тілдер дерегі дәлелдейді. Қырғыз тілінде — пыс, ноғайларда — пысув (пыс) сөздері қазақ тіліндегі жасырыну, тығылу, көзден таса болу мағыналарында қолданылады. Ал якуттарда «жасыру, тығу» ұғымдарын — «кистээ» сөзі атқарады. Мұнда қырғыз, ноғай тілдеріндегі «п» дыбысы орнына «к» айтылып тұр. Әрине бұл түркі тілдеріне тән заңдылықтардан туған құбылыс. Сөздің алғашқы мағынасы жасырыну, тығылу екендігін көне түркі жазба ескерткіштері сөздігіндегі осы ұғымдарды беретін сөздің «пус» болып айтылуы да растайды. Осы деректерге қарағанда — «қашып-пысудың» мағынасы «қашып-тығылу» болып шығады.

ҚОҚАН-ЛОҚЫ. Түсіндірме сөздігімізде бұл қос сөз — «құр қоқан: қорқытқандық, үркіткендік» делінген. «Екі жалшының бір-біріне бата алмай, құр қоқан-лоқымен айбат шегіп, кіжіңдеп... тұрғандарына... Ақан шыдай алмай күліп жіберді (С. Жүнісов. «Ақан сері»).

Дыбыстық құрамы жағынан «қоқан-лоқы» қос сөзіне жақын тіркестер қазақ тілінде аз да болса кездеседі.

Бірақ мағына жағынан жақындамайды. Басқа түркі тілдерін былай қойғанда, монғол тобына кіретін тілдерден де бұл қос сөзге негіз, төркін боларлық тіркесті кездестіре қоймадық.

Алайда, тұңғыс-манжур тобындағы тілдерден осы қос сөзге мағынасы жағынан үйлесетін сөздер кездесіп қалады. Манжурларда: коокан — пышақ (садақ оғын жонатын); сондай-ақ манжур және осы топтағы басқа тілдерде «луху, лүкии, лоқы» тұлғалас сөздер — садақ оғы, жебе мағыналарында қолданылады.

«Қоқан-лоқы» қос сөзінің мағынасын — қорқыту, үркіту, күш көрсету деп түсінсек, сол қорқыту мен үркітудің ерте кездегі құралы — пышақтың ұшы мен садақтың оғы болған. Біреуді қорқыту үшін оларды әрекетке қоспай-ақ, көрсетсе де жеткілікті болса керек. Осыдан келіп, «қоқан-лоқы» көрсету» деген тіркес, «пышақ-оқ көрсету» болып шығады.

ҚУҒЫН-СҮРГІН. «Қуғындауы, қыспағы көп кез, ала-сапыран заман» деген ұғымды білдіретін қос сөз. «Ол қуғын-сүргіннен, қамаудан, айдаудан қайтып оралғанда, осы кенді сағалаған» (Т. Әлімқұлов. Кертолғау).

Қос сөз құрамындағы «қуғын сөзіне қарағанда «сүргіннің» мағынасы біздің тілімізде көмескі, күнгірт. Дегенмен ертедегі түркі тілдері жазба ескерткіштерінде «сүр» сөзі қуу, қудалау ұғымын берген және ол бірсыпыра түркі тілдерінде осы күнге дейін мағынасын сақтап қалған. Әзірбайжан, түрік, татар, қырғыз, сағай, тува, хакас, т. б. тілдерінде «сүр» немесе «сүргін» дыбыстық құрамдағы сөздер біздің түсінігіміздегі «қуу, айдау, жер аудару» деген ұғымдарды білдіреді.

ҚҰДА-АНДА(ЛЫ). Бұл қос сөз — «құдандалы» түрінде бір сөз болып та айтылады. Мағынасы — қыз алысып, қыз беріскен сүйек шатасы бар адамдар. Мысалы: «Бұлар алты атасынан бермен қарай құдандалы жекжат» (Б. Тәжібаев. «Қараторғай»).

Әу бастағы жеке түбірлер бірігіп, тұтас сөз тіркесіне жеткенше талай өзгерістен өтсе керек. Алғашқы «құда» сөзі жөнінде айтып жатудың қажеті болмас. Біріккен сөздің екінші сыңары — «анда» мағынасын басқа тіл деректерінен табамыз. Монғол тілінен: «анд» — дос, жолдас; бурятша: «анда» — жақын, дос, туыстасу; манжурларда: «анда» — дос мағыналарын білдіреді.

«Құда» сөзіне «анда» қосарланып, алдымен қос сөз түзеген, бертін келе бірігу нәтижесінде «а» әрпі түсіп қалып, «құданда» тұлғасы туып, мағынасы — «құда-дос», «құда-жолдас» болып қалыптасқан Біріккен сөз соңындағы «лы» тілімізге тән жұрнақтардың бірі (Салыстыр: «ағайын-ды», «ағалы-інілі, т. б.).

ҚҰЛ-ҚҰТАН. Мағынасы — малшы-жалшы, кедей, жарлы.

«...Кешегі есіктегі құл-құтандар.

Бас жейді төрде отырып енді бүгін»

(Б. Майлин. Шығ.).

Қазақтарға қос сөздің «құл» бөлігі түсінікті және ол кез келген сөзбен тіркесіп келе береді. Ал «құтан» сөзінің жеке мағынаға ие болғанын немесе өз алдына дербес қолданылғанын кездестірген емеспіз. «Құл» тіркесінен ажырасса болды-ақ, ешкім түсінбейтін сөз болып шығады.

Алайда, зерттей келгенде, өз алдына мағына беретініне көзіміз жетті. Араб тіліндегі «қутун» — құл, малай мағыналарын білдіреді. Дәлірек айтқанда ол қазақ тіліндегі «құл» сөзінің араб тіліндегі баламасы. Сөйтіп, «құл-құтан» сөзі мағынасы жағынан «құл-құл» дегенмен бірдей.

ҚЫЗ-ҚЫРҚЫН. Қыздар тобы осы сөз арқылы да беріледі. «Енді сені көрген қыз-қырқын талып түсетін болды...» (С. Жүнісов. «Жапандағы жалғыз үй»).

Бұдан сегіз ғасыр бұрынғы түркі жазба сөздігінде бұл қос сөз осы дыбыстық құрамда кездеседі және ол «күң» мағынасын білдірген.

Мұндағы бізге мағынасы түсініксіз — «қырқын» сөзі. Түркі тілдері ішінде чуваштарда «хир» сөзі біздің қолдануымыздағы «қыз» мағынасын меншіктенеді. Әдетте, түркі тілдерінде «з» мен «р» дыбыстарының орын алмастырулары жиі кездеседі. Осыдан келіп біздегі «қыз» сөзі шыққан. Ал қос сөздің екінші сыңарында чуваш тіліндегі «хир» сол қалпын сақтаумен бірге, оған «қын» жұрнағы қосылып, «қыз-қырқын» тіркесінің тууына себепкер болған. Мұнда «қыз» сөзі де, «қырқын» сөзі де «қыз» мағынасын иемденген.

ЛӘМ-МИМ. Жұмған аузын ашпады; үндемеді деген сөздер орнына қолданылады. Мысалы: «Күнбала көпке шейін ләм-мим демей, ат үстінде томсарумен келеді» (С. Омаров. «Қызыл»).

Қос сөздің түп төркінін түркі немесе соған туыстас тілдерден іздеп әуреленудің қажеті жоқ. Өйткені бұлар араб тілінде қатар келетін екі дыбыстық есімдер: олардың бірі — «л» — «лаам», екіншісі — «м» — «миим» болып келеді.

Осы дыбыстық тіркестер дәл біздегідей қырғыз тілінен де орын алып, «ылам — мим дебей» (бізше «демей») сөз тіркесі болып қалыптасқан.

Бізді де, оқырмандарды да тандандыратын бір жағдай бар. Араб тілінде 29 дыбыс таңбасы бар. Олардың бәрі бірімен-бірі іргелес тұрады. Солардың ішінде «л» мен «м» дыбыстарының мағына иеленіп, біздің сөздік қорымыздан орын алуының себебі неде? Осыған өз тарапымыздан жауап іздестіре келгенде, мынадай болжамға келдік. Араб тілінің басқа дыбыстарына қарағанда «л» мен «м» жеке қолданғанның өзінде белгілі бір мағынаға ие болады және ол ұғымдар біздің тіліміздегі «сөйлемей, үндемей» мағынасымен ұштасып жатады. Арабша: «ла» — емес, жоқ; «ма» — не? дегенді білдіреді. Егер «ләм-мим демейді» деген тіркесті осыған сәйкестендірер болсақ «жоқ та демейді», не деп те сұрамайды»

деген мағына шығады да, «үндемеу» сөзі «аузын ашпайды» сөзінің орнына жүреді.

ЛЕК-ЛЕК. Кейде «лек» қалпында жеке кездескенімен көбіне қос сөз ретінде қолданылады. Тізбегімен, топ-тобымен деген мағына береді. «Бұлардың сөзін көшедегі лек-лек топ, ерсілі-қарсылы жүріп жатқан халық бөлді» (С. Бакбергенов, «Кентау»).

Кейбір авторлар мұның төркінін парсы тілінен шыққан деп біледі. Бірақ терең зерттей келгенде, оның парсыларға үнді тілінен ауысқаны байқалады. Үнді тілінде: «лек» сөзі — «жүз мың» деген сандық ұғымды береді. Осыған қарағанда «лек-лек» қос сөзі тек белгісіз, өлшеусіз ұғымды емес, «жүз мың-жүз мың» немесе «жүз мыңдаған» дегендей нақтылы санды білдіретінін көреміз.

МӘРЕ-СӘРЕ. Масайраған, көңілді, қуанышты мағыналарын береді. «Үй ішінің мәре-сәре қуанышы іңір бойына созылып, бірсыпыра отырды» (С. Бегалин. «Уақыт»).

Қос сөздің бірінші сыңары «мәре» тіркесі тілімізде жеке кездескенімен, мағынасы жағынан үйлесе бермейді. Сондықтан оны қос сөз құрамындағы «мәремен» шатастыруға болмайды. Ал қалмақ тіліндегі — «мөрэ» дыбысталуы жағынан ұқсас болғанымен, сыйлық, бәйге ұғымын береді.

Бұл жөнінде екі түрлі болжам жасауға болады. Біріншісі — оны түркі, монғол тілдерімен байланыстыра қарау. Туваларда біздегі қуану мағынасын — «амыраар», якут тілінде — «уөрүү», монғолдарда қазақ тіліндегі қуаныш ұғымын — «баяр», қалмақтарда — «байр» сөздері білдіреді.

Егер туыс тілдерде кейбір дыбыстар бірінің орнына бірі ауысып келетінін, кейбір әріптер түсіп, немесе қосылып отыратын заңдылықтарын ескерер болсақ, «амыраар», «үөрүү», «баяр», «байр» сөздерінің қай-қайсысы да «мәрс» қалпына дейін өзгеруге бейім келеді. Оны (амыраар — (а) мыра (ар) — мыра-мара-мәре; үөрүү =

-м + үөрү-мүөрү-мөрү-мәре; байр-майр-мар + е-мәре түрінде тізбектеуге болады.

Қейде қуану сөзінің баламасы ретінде қолданылатын көңілдену сөзінің мағынасын қалмақ тілінде — «сергх» сөзі береді. Осы сөз «мәре» тіркесімен қосарланып келіп, соның дыбыстық құрамына бейімделе отырып «сәре» тұлғасына жетсе керек. Міне, осылайша тіліміздегі «мәре-сәре» қос сөзі пайда болып, қазіргі түсінігіміздегі «қуанып-көңілдену» мағынасын меншіктенуі мүмкін.

Екіншіден, басқа топқа жататын тілдердің дерегіне сүйене отырып, мына жағдайды айта кетпекпіз. Араб тіліндегі «сарра» сөзі қуану, көңілдену мағынасын берсе, ал «масарре» сөзі біздегі қуаныш, рақатқа кенелу ұғымдарында қолданылады. Соңғы — «масарре» тіркесі қазақ тіліне ауыса келе алғашқы «ма» буынын соңғы «сарре» сөзіне үйлестіре айту қалыптасып, қазіргі қолданылып жүрген «мәре-сәре» тіркесі туындаса керек. Осы топшылауымыз бойынша, қос сөздің төркінін араб тілінен іздестіруіміз бір табан шындыққа ұқсайтын сияқты.

МҮКІ-ТАҚЫ. Түсіндірме сөздікте тапшы, жетімсіз, онша мәз емес делінген. Мысалы: «Мендештер де келді. Құйлері әлі айтқандай мүкі-тақы, балаға ештеңе әкеле алмапты» (Б. Аманшин, «Жар мұңы»).

Қазіргі қазақ тілінде қос сөздің екі сыңары да өте сирек қолданылады әрі мағына жағынан өзгеше келеді. Тілімізде «кем», «кеміс» мағынасында айтылатын «мүкіс» сөзі бар. Қос сөздің бірінші сыңарындағы «мүкі» тұжғасын соның қысқарған түрі деп қарауға болады. Якут тілінде «мүкі», «тақы» сөздерімен үндес сөздер: «мөкү» — жаман, мәнсіз, «тақый» — тырысқан, құрысқан мағынасында кездеседі.

Якут тіліндегі бұл сөздердің біздің тіліміздегі «мүкі-тақы» қос сөзімен тұлғалас әрі мағыналас болып келуін кездейсоқ деуге болмайды. Ертеректе «мүкі» мен «тақы» сөздері біздің тілімізде де жеке қолданылып, жаман,

мәнсіз ұғымдарын берген. Кейін қос сөз болып қалыптасқан соң сәл өзгеше мағынаға ие болуы мүмкін. Осы пікірімізге сүйене келіп, «мүкі-тақы» қос сөзі «жаман-қыртыған» деген мағына береді.

МІНГЕСІП-ҰШҚАСУ. Бір қызығы, бұл қос сөз 10 томдық түсіндірме сөздігіне немесе орфографиялық сөздіктердің біріне (1978 ж., 1988 ж.) ілікпеген. Екі адамның бірі көліктің алдына, бірі артына жайғасуын — «мінгесу» сөзі арқылы түсіндірсек, мінгесу орнына кейде «мінгесіп-ұшқасу» қос сөзі қолданылады. Мінгесу сөзіне бір мысал келтірелік. «Бір атқа мінгескен екі адам ауыл алдындағы жылға тасасына түсті» (Ә. Көшімов. «Қысталаң»).

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінде қос сөздің бірінші сыңарының түбірі «мін» — көтерілу, шығу мағынасын білдіреді. Қазіргі айтылып жүрген «атқа міну» тіркесі «атқа көтерілу» ұғымын береді. «Мін» етістігінің алғашқы мағынасы осындай.

Қос сөздің екінші сыңары «ұшқасу» да мағынасыз сөз емес. Қырғыз тілінде «учкаш» сөзі жеке қолданылып, қазақ тіліндегі «мінгесу» мағынасын атқарады. Тек қырғыз тілі ғана емес, алтай, телеуіттерде «учкаш», шорларда «ошкаш» тұлғалас сөздер де біздегі «мінгесу» ұғымын береді. Бұдан біз қос сөздің екінші сыңарының өзі («ұшқасу») ерте кезден-ақ дербес мағынасы бар сөз екенін байқаймыз. Сонымен, «мінгесіп-ұшқасу» деген тіркес «мінгесіп-мінгесу» дегенді білдіреді.

Жоғарыда біз «мін» етістігінің алғашқы мағынасының «көтерілу» екенін айттық. Ал «ұшқасу» сөзінің алғашқы түбірі мен мағынасы нені мегзейді? Сөздің түбірі — «ұша» екені даусыз. Енді оның кейбір түркі тілдеріндегі мағынасын келтірейік. Хакасша: «уча» — арқа, бел; алтай тілінің бір диалектісінде: «уча» — арқа; тува тілінде: «ужа» — аттың сауыры. Бұл деректер бойынша, «ұшқасу» етістігінің мағынасы тек «міну» мағынасымен шектелмей, аттың арқасына отыруды анықтай түсетінін көреміз.

НЕКЕН-САЯҚ. Сирек, бірлі-жарым тіркестері кейде осы қос сөз арқылы беріледі.

«Қыз көрдім қыз ішінде некен-саяқ,
Сұлулық берген «тәңірім» аямай-ақ»...
(Д. Әбілов. «Миллиард»).

Қазіргі тілімізде қос сөздің бірінші сыңары — «некен» жеке-дара айтылмаса да ертедегі жырларда кездеседі.
«Жалғанда құдай деген сен бір некен,
Дегендер оңбас сізге қастық етем...
(Ғашықнаме).

Ал «саяқтың» қазіргі тілімізде екі мағынасы бар екені белгілі. Соның бірі — жалғыз, жеке-дара.

«Некен» тұлғалас сөз түркі тілдерінде ұшыраспаса да, онымен туыстас монғол, қалмақ сөздерінен табамыз. Монғол тілінде: «нег» — «жалғыз», қалмақтарда: «негхн» — «жалғыз» мағыналарын береді. Сөз түбірі «нег» екендігі монғол тілінен көрініп тұр. Біздегі қос сөз сыңары — «некен» қалмақтардан ауысып келіп қалыптасқандығы пікір таласын тудыра қоймас.

Қос сөздің екінші сыңары — «саяқтың» түркі тілдерінің өздеріне тән екендігін хакасша — «сайах», телеуітше «сайак», алтайша — «сайа» сөздері айқындай түседі. Осы тұлғалардың бәрінің беретін мағынасы — «сирек» сөзі.

Осы деректер «некен-саяқ» қос сөзінің өзімізге түсініктірек мағынасы — «жалғыз-сирек» екенін білдіреді. Шындығына келгенде «некен-саяқ» тіркесі, жоғарыда әңгіме болған «бірен-саран» қос сөзінің баламасы.

ОҚТЫН-ОҚТЫН. Көп кідірмеу, мезгіл-мезгіл, ауық-ауық сөздері орнына жүреді. «Ну орманда оқтын-оқтын сайраған бұлбұл әні қандай сүйкімді» (С. Омаров, Әңгімелер).

«Оқтын» — өз алдына мағынасы жоқ сөз. Және басқа түркі тілдерінен бұған жақын сөздер кездесе қоймайды.

Сондықтан да оның тарихы мен төркінін ашу үшін мынадай жорамал жасағалы отырмыз. Бұл қос сөздің алғашқы тұлғасы араб тілінен келген «уақыт» сөзімен байланысты. Жоғарыда біз «ауық-ауық» қос сөзі туралы әңгіме қозғағанда оның да «уақыт» сөзінен өзгеріске түсіп, пайда болғанын айтқанбыз. Ал мына «оқтын» тұлғасының өзгеріске түсу жолы одан оңайырақ. Бұл жерде «уақыт» тіркесінің алғашқы «уа» буыны «о» дыбысымен алмастырылып, соңғысына «ын» қосымшасы жалғанған (уақыт — оқыт + ын-оқ(ы)тын-оқтын). Дәл осыдан («уақыт» сөзінен) қос сөз жасалу кейбір түркі тілінде кездеседі. Мысалы, чуваш тіліндегі «вахатан-вахатан» қос сөзінің берер мағынасы біздегі «оқтын-оқтын» тіркесімен дәлме-дәл келеді. Мұндағы айырмашылық — араб сөзінің алғашқы буынының өзгеріске ұшырамағанында болып отыр.

Бізде «уақыт» пен «мезгіл» сөздері мағына жағынан бір ұғымды білдіреді. Сондықтан да «оқтын-оқтын» қос сөзін «мезгіл-мезгіл» тіркесімен үйлестіріп, қарастыруға болады және ол «ауық-ауық» қос сөзімен үндес келеді.

ОЛПЫ-СОЛПЫ. Бұл қос сөз — ықшамсыз, жинақы емес, қалай болса солай мағынасында қолданылады. «...Үстіндегі киімнің нашар әрі олпы-солпы,— деді Бексейіт» (М. Мағауин. «Бір ата».).

«Солпы» сөзі осы мағынасына жақын қалыпта жеке-ше тек қазақ тілінде ғана емес, қырғыз («сөлпу»), түркі («салпа») тілдерінде де жиі айтылады. Қос сөздің бірінші сыңары біздің тілімізде жеке мағына бере алмайды. Бірақ якут тілінде қазақ тіліндегі «әлсіз, бос» мағынасындағы сөздер орнына «холку» тіркесі қолданылатынын көреміз. Сондықтан бұл сөздің ерте кезден-ақ түркі тілдеріне ортақ болып келгені, тілімізде қос сөз құрамына кіріп қалыптасу барысында сәл-кем өзгеріске ұшырағаны байқалады («холку — (х) олку-олпу-олпы»). Олай болса, «олпы-солпымыз» бір ұғымның қай-

талануы деп білеміз. Оның мағынасы «бос-әлсіз» сөзіне жақындайды.

ӨЛІМ-ЖІТІМ. Қаза, шығын сөздері осы сөзбен де беріледі: «Мал қыстың суығын көтере алмай, өлім-жітімге ұшырайды» (Газеттерден).

Қос сөздің бірінші сыңарын түсіндіріп жату артық. Екінші сыңары — «жітім» тілімізде жеке айтылмайды, сондықтан оның тиісті мағынасы да жоқ.

Ертедегі түркі тілдерінде дербес қолданылып, өз алдына мағына алғанын сол кездегі сөздіктерден «йит» сөзін кездестіріп, оның жоғалу, жойылу ұғымын беретінін білеміз.

Қазақ тілінде жеке-дара кездеспегенмен өзге түркі тілдерінде осы күнге дейін дербес қолданылады: қырғыздарда — «жит», хакастарда — «чіт», туваларда — «чидери», якуттарда — «сүт» сөздерінің бәрі — жоғалу, жоғалып кету, жойылу мағыналарында айтылады. Сондықтан бұл тіркестің ертеректе біздің тілімізде де болғанына күмәнданбаймыз. Қазіргі кезде ол бізде тек қос сөз құрамында ғана сақталған. «Жітім» сөзінің ертедегі мағынасын «өлім» сөзімен қоса қолдансақ, қос сөздің мағынасы «өлім-жойылу» болып шығады.

ӨРІМ-ӨРІМ. Жыртық, тозған мағынасында қолданылады. «Олардың үстіндегі киімдері өрім-өрім, қырық жамау...» (С.Жүнісов, «Ақан сері»).

«Өрім» сөзі қазіргі тілімізде өз алдына жеке қолданылғанымен мағынасы жағынан оның мына қос сөздегі «өрімге» қатысы жоқ.

Алайда, алғашқы мағыналарының бірін ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінен кездестіреміз. Онда «өрүм» сөзі — жыртық киім, жұлым-жұлым ұғымында қолданылған. Сонымен оның алғашқы мағынасы қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде дыбысталуы жағынан «өрім» сөзіне ұқсас түбірлер болып келіп, жыртық киім мағынасын білдіреді. Мысалы, якут тілінде «өрбөх»; тува-

ларда — «эрги-каксы пөс» сияқты сөз бен тіркестер шүберек екенін тува тілінен келтірілген сөз тіркесі айқын-дайды. «Эрги-каксы пөс» дегеніміз «ескі-құсқы шүберек» болып аударылады. Олай болса, «өрім-өрім» қос сөзі алғашында «жырым-жырым» немесе «жыртық-жыртық» мағынасын бергенге ұқсайды.

ӨСЕК-АЯҢ. Ойдан шығарылған өтірік сөз, жалған пікір ұғымын беретін қос сөз: «...Кісіні өлердей қажытатын өсек-аяцнан аулақ жүрмін» (Ө. Қанахин. «Жас дәурен»).

Қос сөз құрамындағы «өсек» тіркесі жеке қолданыла береді, ал «аяң» сөзі ондай дәрежеге жете алмайды. «Аяң» сөзінің де жеке-дара қолданылатын кездері бар, бірақ мағына жағынан басқаша ұғымға ие болады.

Әзірше, қос сөздің екінші сыңарына тұлғасы әрі мағынасы жағынан ұқсас сөзді тек қырғыз тілінен ғана кездестіре аламыз. Оларда «айың» немесе «аяң» дыбыс құрамындағы сөздер «өтірік, өсек, жалған сөз» ұғымында қолданылады. Егер біз қос сөздің екінші сыңарының («аяң») орнына осылардың бірін қойсақ «өсек-өтірік», «өсек-жалған», «өсек-өсек» мағыналары шығады.

ПӘЛЕН-ПӘШТУАН. Түсіндірме сөздікте бұл қос сөз мағынасына «анау-мынау, өйтіп-бүйтіп» деген анықтама берілген. Мысалы: «Ұрды-соқты, пәлен-пәштуан, милицияға көрінем деп күбініп жатпаса?» (М. Сүндетов. «Ескексіз қайық»).

Қос сөздің алғашқы сыңары тілімізде өз алдына қолданылғанымен мағынасы «пәлен-пәштуан» сөзіне жанаспайды. Бұл сөздің екеуі де түркі тілдеріне араб, парсы тілдерінен ертеректе ауысып, әсіресе қазақ, қырғыз тілдеріне төл сөзіндей сіңіп, қалыптасып кеткен. Бұлардың қайсысы араб, қайсысы парсы тілдерінен екенін айырып ажырату қиын. Мысалы, арабша: «фулан» — сондай бір мағынада, парсы тілінде: «фолан» және «фэлан» сөздері біріншіден — «әлдекім, бір адам», екіншіден — «белгісіз адам» ұғымдарында қолданылады. Осыған қарағанда,

«пәлен» сөзі бұл тілдерге әуелден ортақ болған немесе бірінен-бірі ауысып келген деуге болады.

Қос сөздің екінші сыңарымен үндес әрі мағынасы жағынан жақын келетін сөзді қырғыз тілінен табамыз. Онда: «бастан» болып дыбысталып, «сондай, сондай бір» ұғымын береді. Мұның да түп төркіні — парсы тілі.

Қорыта айтқанда, «пәлен-пәштуан» қос сөзінің қай сыңарының болмасын төркіні араб, парсы тілдері болып шығады, оны қос сөз қалпында қолдансақ «сондай да сондай» деген мағына береді.

ПӘЛЕН-ТҮГЕН. Мағынасы жағынан бұл қос сөз де «пәлен-пәштуан» тіркесіне жақын тұр. «Мақсүтбек паниноға сүйеніп тұрған-ды. Пәлен-түген еш пәрсе айтпады» (И. Жақанов, «Екі жирен»).

Екеуі де бірінен-бірі ажырасып, жеке-дара сирек қолданылады. Оның өзінде де сөз саптаушы авторлардың қолдану еркіне байланысты болады. «Пәлен жақынға бардым, түген жақынға бардым» деп Қалиман ылғи түн ортасында оралады» (Ә. Нәбиев, «Шолпан»).

Қос сөздегі «пәлен» сөзінің тарихы туралы жоғарыда айтылды. Ал, екінші сыңары — «түген» сөзі түркі тілдерінде ертеден қолданылады. Өйткені, хакас, шор, татар тілдерінде: «тігі», ал туваларда — «дүү» тұлғалы сөздер, қазақ тіліндегі сол, сонау сияқты сілтеу есімдерінің орнына жұмсалады. Кейде тува тіліндегі «дүү» — «басқа» деген мағынада да айтылады.

Осы айтылған «тігі», «дүү» түбірлері «ен» немесе «ген» жұрнақтарының көмегімен, «пәлен» сөзімен үндесе отырып, «түген» тұлғасы пайда болған демекпіз. Сонда араб, парсы тілінен ауысқан «пәленді», түркі тілдерінен туындаған «түгенді» қазақшалап түсіндірер болсақ, «сондай-сол», «сондай-ақ басқа» мағынасында көрінер еді.

САЙМА-САЙ. Дұп-дұрыс, орынды, лайық деген сөздер тілімізде осы қос сөз арқылы да беріледі. «Ол документ-

терімізді көрді — сайма-сай, бәрі де дұрыс» (Т. Бердияров, «Солдат»).

Алғашқы сыңары «сайма» сөзі тілімізде жеке айтылмайды. Оның да жөні бар. Өйткені ол «ма» жұрнағы арқылы «сай» сөзі түбірінен туындап, «қолма-қол», «бетбет» сияқты қос сөз қатарына жатады. Бұлардың да алғашқы сыңарлары («қолма», «бетпе») тілімізде жеке қолданылмайды. «Сайма-сай» тіркесінің тек соңғы сөзі ғана өз алдына жеке кездеседі және мағынасы осы қос сөздегімен бірдей десе де болады.

«Сай» сөзі тұлғасы әрі мағынасы жағынан түркі тілдес халықтар арасында чуваш тіліндегі «шай» сөзіне үйлес келеді. Оларда бұл сөз біздің тіліміздегі «тең, бірдей» ұғымын береді. Мұны біз «сай» сөзінің өте ертеректегі мағынасы деп білеміз. Өйткені чуваш тілі түркі тілдері ішіндегі ертеден келе жатқан көне тіл болып саналады. Бұған қарағанда «сайма-сай» сөзінің мағынасы — «теңбе-тең» қос сөзімен парапар.

САЛДЫР-САЛАҚ. Қос сөздің соңғы сыңары — «салақтың» мағынасы баршамызға мәлім. Демек, бұл іске немқұрайды қарайтын, ұқыпсыз, орашолақ адам туралы айтылған. Мысалы: «Ана тіліміздің барша әуезін, әрін, нәзік мінездерін жете білмей, салдыр-салақ сөйлеуді айтып отырмыз» (І. Омаров, «Серпін»).

Қазіргі тілімізде «салдыр» сөзі жеке тұрып, «салақ» тіркесі беретін ұғым орнына жұмсалмайды. Кейбір түркі тілінде, дәлірек айтқанда, якут тілінде «джалыр» тұлғасы қазақ тіліндегі «салақ» мағынасын береді. Осылардың қай-қайсысының да түбірі бір буын — «сал» мен «джал». Әр тілдің өзіне тән жұрнақ қосылу арқылы ғана (қазақта «ақ», якутта «ыр») сыртқы тұлғалары өзгеше болып келеді. Бұл ойымызды монғолдардағы «салан», қалмақ тіліндегі «салң» сөздері дәлелдейді. Осылардың да мағынасы біздегі «салақ» сөзімен бірдей. Демек, «сал» түбірі түркі, монғол тобындағы тілдерге ортақ.

«Салдыр-салақ» дегеніміз, қазіргі тұрғыдан алғанда, «салақ» сөзінің қайталап айтылуы болмақ.

САУ-ТАМТЫҚ: САУ-ТАМТЫҒЫ ҚАЛМАУ. Түсіндірме сөздіктегі мағынасы: «тозып, жыртылып біткен, далдалы шыққан» деген сөз.

Бұл қос сөздің ерекшелігі — «қалмау» немесе «жоқ» сөздерімен ғана тіркесіп келеді.

Айтар ойымыз түсінікті болу үшін, қос сөздің әр санының мағынасын анықтай түсейік. «Сау» сөзінің «аман, дені сау» ұғымынан басқа бір нәрсенің бүтіндігін білдіретін мағынасы бар. «Күләйім сары самаурынды сау құлағынан ұстап, тысқа шықты» (Ж. Еділбаев. «Түркістан»). Бұл жерде «сау» сөзі «бүтін» орнына жүріп тұр. Қос сөз құрамындағы «тамтық» та тілімізде жеке тұрып, «қалған қалдық, жұқана» түсінігін береді. Ал қырғыз тілінде «тамтық» сөзі шық, кет етістіктерімен тұрақты тіркес жасап («сау» сөзі бұл тілде «тамтықпен» тіркеспейді), «ескірген, тозған, жұлым-жұлым» ұғымын береді. «Тамтықтың» қазақ, қырғыз тілдеріндегі бұл мағыналарын «сау» сөзімен қосарлап айтсақ, мағынасыз, мәнсіз, түсініксіз бірдеңе боп шығар еді.

Тағы бір тіл дерегіне үңілейік. Якут тілінде «тамты» сөзі — біржолата, түгелімен, бүтіндей — тәрізді мағыналарды меншіктенген. Түгелімен, бүтіндей сөздерін «қалмау» етістігімен тіркестіріп, салыстырып қарасақ, «ештенен қалмау», «еш нәрсе қалмау» деген ұғымдарды береді. Міне, осындағы еш нәрсе, ештеңе сөздерін қос сөз құрамындағы «тамтық» орнына қойсақ, «сау ештеңесі қалмау» қалпында көрініп, түсінікке жеңіл болады. Енді «саудың» орнына жоғарыда көрсетілген «бүтін» баламасын қолдансақ, «сау-тамтығы қалмау» тіркесі «бүтін еш нәрсесі қалмау» мағынасын береді.

САУЫС-САУЫС. Қос сөздің мағынасы — сірі-сірі боп қатып қалған, кір-кір нәрсе. Мысалы: «Сулықтың етегі шұбалып еденге тиеді, омырауы мен жеңінің аузы сауыс-

сауыс» (Б. Соқлақбаев, «Балалық»). Қос сөздің «сауыс» сыңары жеке тұрып та тиісті мағына береді.

Киімге жұғып, жабысатын басқа кірлерден мұның ерекшелігі — жуғанда оңай кете қоймайтын қиындығында. Сондықтан кірдің «сауыс» атауы ұқсастырудан, бейнелеуден туған деген ой келеді. Адам денесіне не киіміне жұғатын заттардың ішінде ең жабысқағы, желімденіп айрылмайтыны — сағыз. Қазіргі түркі тілдерін былай қойғанда, ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің өзінде оның «сағыз» аталып, «шайнайтын шайыр» мағынасын беретіні мәлім. Осы атау қырғыздарда — «сағыз», якуттарда — «ыас», туваларда — «чук», хакастарда — «сағыс» түрінде сақталған. Осылардың ішінде күдік тудырып тұрғаны якут, тува тілдеріндегі сөздер. Мұның себебін түркі тілдеріндегі дыбыс заңдылықтарымен түсіндіруге болады. Мысалы, біздегі «сегіз» сөзі якуттарда «ағыс» болып айтылады. Демек, бұл тілде кейде бастапқы дыбыс түсіріліп айтылатын заңдылық бар. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі «сары» сөзі өзбектерде «сарик» болып келеді. Дәл осылай тува тіліндегі соңғы дыбыс түсіп қалып, «чук» болып қалыптасқан.

Ойымызды жинақтай келгенде «сауыс» сөзінің алғашқы тұлғасы мен мағынасы «сағыз» сөзімен бірдей айтылады. Бұл жерде «ғ» дыбысын «у», «з» дыбысын «с» дыбыстарымен алмастырулар жүреді (біздегі — «тау», кейбір түркі тілдерінде — «тағ», біздегі «сағыз», хакастарда — «сағыс»). Сөйтіп «сауыс» немесе «сауыс-сауыс» дегеніміз «сағыз» не «сағыз-сағыз» ұғымдарын білдіреді.

СӘЛЕМ-САУҚАТ. Мұның бірінші сыңары түсінікті болғандықтан айтып жатпаймыз. Екінші сыңары «сауқат» та дербес қолданыла береді. «Біздің қолымыздан дәм татсын деп, сізге азғана сауқат жібердік» (С. Омаров. «Қызыл»). «Жолда Қызылордаға түсіп, сол жерден дивизияға арналған сәлем-сауқат ала кететін болдық» (Ә. Нұршайықов. «Ақиқат»). Мысалдардан көрінгендей,

«сауқат» сөзінің жеке не қос сөз құрамындағы мағынасы — бір жақтан біреу арқылы жіберілетін сәлемдемені, сыбағаны білдіреді.

«Сауқат» тұлғалас сөз басқа түркі тілдерінде де қолданылады. Ноғайларда: савкат — сыйлық, тарту; әзірбайжан тілінде: сауғат — тарту, сыйлық, базарлық деген сөз.

Сөздің шыққан төркіні — парсы тілі. Оларда соуғат — тарту, базарлық дегенді білдіреді. Парсының бұл сөзі түркі тілдерінде де тұлғасы мен мағынасын өз қалпында сақтаған. Сонымен «сәлем-сауқат» қос сөзінің біздің тіліміздегі дәлірек мағынасы — «сәлем-сыйлық» деген сөз болмақ.

СОДЫР-СОЙҚАН. Бұл тұста әрқайсысының өз алдына мағыналары бар дербес қолданыла беретін екі ұғым қос сөз құрастырып тұр. Олардың меншікті мағыналары да қос сөз білдіретін ұғыммен бірдей. Қос сөз — бұзақы, тентек бүлікшіл деген мағына береді. Мысалы: «Мұның содыр-сойқан мінезіне қарай оны жұрт кейде Содырбай дейтін де көрінеді» (Ә. Қаракұлов, «Шоқ ине»).

Қос сөз құрамындағы сөздердің әрқайсысы түркі және манжур тобындағы тілдерде қазақ тіліндегі мағыналарына жақын келеді. Тува тілінде: «содачы» — төбелесқой; манжурша: «шодо» — «босқа тентіреу» делінсе, «суйху» — «бұзақылық жасау» мағынасын береді. Бұлардың бәрі дерлік кейін пайда болған ұғымдар. Осылардың өзінен-ақ, «содыр-сойқан» тіркесінің ертеректе «тентіреп бос жүруден» шығатын «бұзақылық» мағынасын немденгенін көрсетеді.

«Сойқан» сөзінің түркі тілдеріндегі көне мағынасын ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінен көреміз. Ең алғашында «сой» сөзі — «мал терісін сыпыру» дегенді білдірген, кейінірек «киім шешу», содан соң «тоналу» сияқты ұғымдарды аңғартқан. Бұл мағыналар ұқсату, бейнелеу нәтижесінде бірінен-бірі пайда болған (киім шешу тері сыпыруға, ал тоналу киім шешілгеннен кейін

жалаңаштану түрінде бейнеленген). Осыған қарағанда «содыр-сойқан» сөзінің ежелгі мағынасы «бұзақы-тонаушы» ұғымына сәйкес келеді.

СУ-СУАН. Түсіндірме сөздікте бұл қос сөз су, шалап, көже сияқты сұйық тамақ деген мағынада айтылған. «Құр сұлдері қалған жұрт кешкі су-суанын ұрттар-ұрттамастан төсегіне құлайды» (Қ. Сатыбалдин. «Қараторғай»).

Мұндағы тарихы мен шыққан тегін іздестіретін сөзіміз — «суан». Іздестіре келгенде бұл сөздің де иесі табылды.

Қазақ тіліндегі «сүт» мағынасын монғолдарда — «сүү», қалмақтарда — «үсн», буряттарда — «сүн» тіркестері береді. Аталған сөздердің қазақ тіліне ауысып, «суан» болып одан әрі қалыптасуы тіліміздегі дыбыс заңдылықтарына қайшы келмейді.

Осының нәтижесінде қазақ тілінде «су-суан» қос сөзі пайда болған да, ол «су-сүт» мағынасын берген.

СҮЙЕК-САЯҚ. Қалған-құтқан ет, сүйек-мүйек дегенді білдіреді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде осылай делінген. «...Түндегіден қалған сүйек-саяқты берейін десе, Алыпсоқты орнында тыным таппайды» (Ө. Қанахин, «Жер бас»).

«Саяқ» сөзі жеке де қолданылады. Бірақ мағынасы жағынан мына қос сөз құрамындағы «саяқ» сөзіне жанаспайды, жуыспайды. Сондықтан оның мән-мағынасын ашу үшін алғашқы сыңар — «сүйек» сөзінің айналасында әңгіме еткен жөн.

Басқа түркі тілдерінде «сүйек» тұлғалары мына дыбыстық құрамдарда көрінеді. Туваша — «сөөк», хакаша — «соок», өзбекше — «суяк» делінеді. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде — «сүңүк» болып келеді.

Біздің ойымызша, осы сөздердің дыбыстық өзгеріске түсуіне қарай қос сөз құрамындағы «саяқ» сөзінің пайда болуы мүмкін, оған таңдануға болмайды. Әсіресе, өзбек тіліндегі «суяк» сөзінің біздіңше «саяқ» болуы қиын

шаруа емес. Сонда «сүйек-саяқ» қос сөзі «сүйек-сүйек» дегенді қайталау болып шығады.

СҮРІНІП-ҚАБЫНЫП. Жығылып-сүрініп, асып-сасу деген сөз. «Мен сүрініп-қабынып гүл алаңына жеттім әйтеуір» («Қазақ әдебиеті»).

Қос сөз құрамындағы «қабынып» тілімізде жеке кездескенімен мүлде басқа мағына береді. Дегенмен, басқа түркі тілдерінде және ертедегі жазба ескерткіштерде қос сөздегі «қабыну» тіркесіне мағынасы жақын сөздер кездеседі. Ноғай тілінде: «абынуб» — сүріну, ал ертедегі жазба ескерткіштерде: «кабін» — қуу, асығу ұғымдарын білдіреді. «Қуу, асығу» сияқты қимыл-әрекетті білдіретін сөздер де «сүріну» сөзін тудыратыны белгілі. Егер осыларды ескерсек, «сүрініп-қабынып» қос сөзінің осы кездегі мағынасы — «сүрініп-сүрініп» тіркесін қайталайды немесе «сүрініп-асығып» мағынасын білдіреді.

СЫБАЙ-САЛТАҢ. Тіліміздегі бұл қос сөз «жалғыз-жарым, жеке басы» ұғымында айтылады. «Сыбай-салтаң барамыз десе, өздері бара жатар» (Ә. Бектасов. «Мәди»).

«Сыбай» сөзі өз алдына қолданылғанда басқа мағына береді де, ал «салтаң» сөзі дербес тұрып та осы қос сөз ұғымымен үндес келеді. Сондықтан «сыбайдың» да «салтаң» тектес болуы ықтимал. Тілімізде «жеке, жалғыз» мағыналарын «салт» немесе «салт басты» сөз тіркестері де береді. Мына қос сөздегі «салтаң» осылардың бір көрінісі екені талас тудырмайды.

Кейбір түркі тілдерінен «сыбай» сөзінің «салтаңға» жақын мағынасы да көрінеді. Әзірбайжан, түрік тілдерінде «субай» — жүксіз салт атты, ал әзірбайжандарда «субай» сөзі оған қоса «бойдақ» мағынасын білдіреді.

Біздің ойымызша, осы «сыбай» сөздерінің қай тілдегісі болса да кейін пайда болғанға ұқсайды. Өйткені, монғол тілінде және түркі тілдерінің бірі — хакастарда «сувай» немесе «субай» тұлғалы сөздер біздегі «қысыр мал» мағынасын береді. Төлсіз малдың жеке, жалғыз

жүруі де табиғи құбылыс. Осыған ұқсастырудан, үйлестіруден «сыбай» сөзінің мына қос сөздегі мағынасы пайда болғанға ұқсайды. Осыған орай, «сыбай-салтаңымыз» — «салтаң-салтаң», дәлірек айтқанда, «жеке-жалғыз» деген сөз болып шығады.

СЫЙ-СИЯПАТ. Қадір тұтқан сыйлы адамдарға тарту-таралғы көрсетілетін зор құрмет мағынасын береді. Мысалы: «Алыстан келді. Сый-сияпат бүгін бізден болу жөн» (Д. Әбілев. «Арман»).

Қос сөздің екінші сыңары «сияпат» — қазақ тілінде жеке тұрып мағына бермейді. Алайда кейбір түркі тілдерінде жеке-дара қолданыла береді. Әзірбайжан тілінде: зияфат — қонақ ету, сыйлау; өзбекше: зиефат — «салтанатты түрде қонақ ету, қабылдау» мағыналарын береді. Әрине бұл сөздер парсы тілінен ауысып келген. «Зияфат сөзі оларда да әзірбайжан, өзбек тілдеріндегі ұғымда қолданылады. Осы деректерге жүгінер болсақ, «сый-сияпат» қос сөзі «сый-құрмет», «сый-сыйлау» ұғымын білдіреді.

СЫПЫРЫП-СИЫРУ. Түк қалдырмай, жалап-жұқтау, жалмап-жүту мағынасын береді. Бұл қос сөздің алғашқы сыңары «сыпыру» етістігін білдіре отырып, белгілі бір жерді, орынды тазарту, жинау дегенге сілтейді. «Ығына түскен азын-аулақ қарды сыпырып-сиырып, көлікке жеккен ысырғышпен алысқа апарып төккен» (Ғ. Мұстафин. «Дауылдан кейін»).

Қазақ тілінде қос сөздің екінші сыңары — «сиыру» сөзі өте сирек қолданылғанымен басқа түркі тілдерінде жиі айтылады. Қарақалпақша: «сыйыр» — сыпыру, қырғызша — «сыйыр» — сыдыру, сыдырып алу; телеуітше де «сыйыр» дәл осындай ұғым береді, түркі тілінде: «сыйыр» — қабығын аршу, қырып тазарту мағынасын білдіреді.

Бұл тілдік деректерге табан тіресек, «сиыр» сөзі түбірінің алғашқы мағынасы — белгілі бір заттың терісін не қабығын сыдыру, сыпыру әрекетін білдірген, ал тазалау

жинау мағынасы кейін пайда болғанға ұқсайды. Біздің ойымызша «сыпырып-сыңу» қос сөзінің алғашқы мағынасы «сыпырып-сыдыру», ал кейінгі мағынасы — «сыпырып-тазалау» дегенге келіп тіреледі.

ТАЛАН-ТАРАЖ. Талау, тонау, ысыраптау, ұрлау деген сөздер орнына қолданылады. «Жаман ойлы бұзық адамдар иесіз қалаға тиіп, неше түрлі талан-тараждар істесе, әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ еді» (С. Сейфуллин. «Тар жол, тайғақ кешу»).

Қос сөздің екі сыңары да тілімізде жеке-дара айтылмайды әрі мағынаға ие болмайды. Тек осылай айтылғанда ғана жоғарыдағы мағынаға ие болады.

Тілімізде қос сөздің бірінші сыңарына мағынасы жағынан негіз боларлық «тала» (тартып, тонап алу мағынасында) етістігі болғанымен, оған «н» жұрнағы қосылып тура сондай ұғым бере алмайды. Ал басқа түркі тілдерінде «талан» түрінде кездеседі. Түркі, қарайым тілдерінде «талан» сөзі тонау, талау, олжалану мағыналарында қолданылады.

«Талан» сөзіне түбір болып тұрған «тала» етістігі, якут тілін былай қойғанда монғол, тұңғыс-манжур тобындағы тілдерде де тонау, тартып алу ұғымдарын білдіреді. Осыған қарағанда «талан» сөзінің түбірі — «тала» аталған туыс тілдерге ортақ екені байқалады.

Қос сөздің екінші сыңары түркі тілдеріне парсы тілінен ауысқанын айта кетуіміз керек. Парсыларда: «тарадж» — тонау, ысырап қылу, тартып, ұрлап алу деген ұғымды береді. «Тарадж» сөзінің біздің тілімізде «тараж» болып өзгеруі дағдылы құбылыс. Сөйтіп «талан» да, «тараж» да ұрлау, тонау мағынасының баламасы екенін көрдік. Ендеше «талан-тараж» қос сөзін — «тонау-тонау» деп білсек те болады.

ТАМ-ТҮМ. Азғана, шағын, шамалы мағыналарын береді. «Мен аға лейтенант Баубек Бұлқышев жөнінде тамтұм білетінімді ортаға салдым» (М. Әлімбаев. «Қалам қайраты»).

Қос сөздің мағыналы бөлігі (қазіргі тілімізде жеке кездеспесе де) тек «там» сөзі ғана болуы мүмкін деген оймен, соның төркінін әңгіме етпекпіз. Біздің тіліміздегі қос сөзге сәйкес тұлға түркі тілдері ішінен қырғыздарда «там-тұм» (жас баланың қаз-қаз басуы мағынасында), якут тілінде «хам-тум» (сирек, анда-санда ұғымында) түрінде ұшырасады. Якут тілінде біздегі «м» дыбысы «х» мен берілген.

«Там» сөзінің ең алғашқы мағынасын қазіргі тіліміздегі «тамшы» сөзімен байланыста қарамақпыз. Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінде: «там» тұлғасы қазіргі қазақ тіліндегі тамшы, тамшылау мағыналарымен бірге жарым-жарты, бөлшек-бөлшек ұғымын бере алатын жәйттері де болған. Олардың «там-тұм» қос сөзінің қазіргі ұғымымен үндес екені айтпаса да белгілі.

Ал қос сөздің екінші сыңары біріншісіне еліктеуден пайда болған (жалт-жұлт, қалт-құлт, жалақ-жұлақ т. б. сөздер сияқты) ұқсайды. Сондықтан, онда өзіне тән мағына болмайды.

ТЕЛЕГЕЙ-ТЕҢІЗ. Ұшы-қиыры жоқ, есепсіз көп мағыналарында айтылады. «Біреуге бір ауыз сөз айтпайтын тұйық адамның мұншалықты телегей-теңіз біліміне қайран қалды» (Е.Домбаев. «Ғашықтық»).

Қос сөздің екі сыңары да тілімізде дербес қолданыла береді, мағыналары да белгілі сөздер. Алайда, «телегей» сөзінің алғашқы мағынасы қазіргі бізде қолданылып жүргені емес екенін байқаймыз.

Басқа түркі тілдерінде — алтайлықтарда («телекей»), тува тілінде («делегей»), буряттарда («дэлхэй»), қалмақ тілінде («делкә»), сондай-ақ монғол тілінде («дэлхий») сөздері «әлем, жер жүзі» мағыналарында қолданылады.

Тұңғыс-манжур тобындағы кейбір тілде «делегей» тұлғасы «көлемді» ұғымын білдіреді. Бұл сөз оларға монғол тілінен ауысқан болса керек. Жазба монғол тілінде «делгер» етістігі кең, көлемді мағынасын берген.

Осыларды салыстыра келіп, «телегей-теңіз» қос сө-

зі құрамындағы «телегейдің» «теңіз» сөзімен тіркескен мағынасы — кең, көлемді болуы мүмкін. Мол дүниені теңіздей көлемді теңіздей кең дегенге теңегені байқалады. **ТЕЛІ-ТЕНТЕК.** Есер, есуас, бұзық адам деген ұғымдарды береді.

«Қарсылық күнде қылған телі-тентек.

Жаза тартып ешбірі сұралмай жүр»

(Абай. Тол. жин.).

Бұл қос сөздің біріншісі — «телі» сыңары қазақ тілінде жеке тұрып қолданылмайды. Ал басқа түркі тілдерінде оның өз алдына мағынасы бар. Башқұрт тілінде — «тиле», қырғыздарда «тели», телеуіттерде — «телі», ноғайларда — «дели», хакастарда «теліг» сөздері біздің түсінігіміздегі ақымақ, есі ауысқан, жынды, топас тәрізді жағымсыз қалыпта қолданылады. Осыған қарағанда, бұларда ертедегі түркі тілдеріне ортақ болған «телу» тұлғасы сақталынып қалған.

«Тентек» сөзінің ертеден түркі, монғол тобындағы тілдерге тұлғасы әрі мағынасы жағынан еншілес екенін ескертеміз. Мұнда да «телі-тентек» қос сөзінің «ақымақ-ақымақ» деген бір ұғымды қайталау екенін көреміз.

ТЕРІ-ТЕРСЕК. Түсіндірме сөздікте — ірілі-уақты мал терісі мен ұсақ-түйек шикізат ұғымын беретіні айтылған. «Кемеге бидай, кірпіш, көмір, тері-терсек артады екен» (Ғ. Мүсірепов. «Ұлпан»).

Қос сөздің бізге мағынасы түсініксізі — «терсек» сөзі. Бұған тұлғасы әрі ұғымы жағынан ұқсас сөз тек чуваштарда ғана кездеседі. Оларда тері заттар ұғымын «тирсее» сөзі береді. Өте ерте кездерде осы іспеттес сөз түркі тілдеріне тән болып, кейін ұмытылып, қазақ, қырғыз сияқты тілдерде тек қос сөз құрамында сақталып қалуы мүмкін. «Тирсее» сөзінің «терсек» түріне дейін өзгеруі тіл заңдылығына қайшы келмейді (тирсее-к — тирс-(е)ек — терсек). Осы болжам бойынша, «тері-терсек» қос сөзін «тері-тері заттар» деп түсінуге де болады.

ТОҚТЫ-ТОРЫМ. Бұған «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» — әлі жетіле қоймаған қой тұқымы деп анықтама берілген. «Қара баланың ту сыртындағы ойпанда он шақты қозы-лақ, тоқты-торым жайылып жүр» (А. Сатаев. «Дала»).

«Тоқты» сөзі тілімізде әлі ұмытыла қоймағанын әрі мағынасы жағынан қойдың алты айдан асқан төлі екенін бәріміз білеміз. Ал «торым» сөзі меншікті мағынасы болмағандықтан жеке-дара қолданылмайды, тек осы қос сөз құрамында ғана кездеседі.

Қарастыра келгенде «торым» тұлғасының ежелден өзіне тән мағынасы барлығы және оның осы күнге дейін кейбір тілдерде сақталынып келгені анықталды.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінде: «торум» — бота (түйе төлі) деп берілген. Қазіргі түркі тілдері ішінде туваларда: «дорум» — тайлақ (екі жасқа шыққан бота) ұғымын береді.

Монғол, қалмақ тілдерінде «тором» тұлғалы сөз біздегі «тайлақ» ұғымында айтылады. Бұл деректер «тоқты-торым» қос сөзінің біздің қазіргі түсінігімізше, «тоқты-тайлақ» екендігіне көз жеткізеді.

«Торым» тұлғасындағы түбір сөз «тор» болар деген ой келеді. Өйткені үй жануарлары төлдерінің атауы осы түбірге түрлі жұрнақтар жалғану арқылы да жасалады. Мысалы, сиыр малының алты айдан асқан бұзауы «пақ» жұрнағы арқылы — «торпақ», шошқа күшігі «ай» қосымшасының қосылуымен — «торай», түйе төлі «ым» арқылы «торым» қалпында айтылуы сөз түбірі «тор» екенінің куәсі іспетті.

ТОМАҒА-ТҰЙЫҚ. Ешқандай аралас-құраластығы жоқ, бір шет, оқшау, қағыс жүретін адам. «Ағажайдың өз-өзінен тыртысып томаға-тұйық жүруі осыдан да шығар» (О. Бөкеев. «Қайдасың»).

Біздің қарастырғалы отырғанымыз қос сөздің алғашқы сыңары — «томаға» сөзі.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінде «том-лығ» дыбыстық құрамдағы тұлғаның бірінші мағынасы — суық, салқын болса, туынды, ауыспалы түсінігі — көңілсіздікті, қаталдықты білдіреді. Қазіргі тува тілінде дәл осындай мағынаны «думбей» сөзі береді. Енді бір түркі тілдерінде, атап айтқанда, құмықтарда мағына ауысуы түрлене түсіп, «томақ» — топас, татарларда: тома — жан-жағы бітеу деген ұғымды білдіреді. Осылардың бәрінің де тұңғыш түбірі «том», ал алғашқы мағынасы — суықты білдіретінін түркі жазба ескерткіштері дәлелдейді. Бертін келе тұлғасын өзгерте отырып, кейбір түркі тілдерінде, әсіресе қазақ тілінде «томның» алғашқы суық мағынасы адам мінезіндегі жабырқаңқылықты, көңілсіздікті бейнелеуге ауысқанын байқаймыз. Осы жобалау бойынша, «томаға-тұйық» қос сөзін мағына жағынан «салқын-тұйық» десе де болады.

ТӨРЕ-ТӨЛЕҢГІТ. Мұның екі сыңары да меншікті мағыналары бар, өз алдына жеке қолданылатын сөздер. Қос сөз түрінде түсіндірме сөздігімізде жоқ болса да, орфографиялық сөздіктерімізден (1978 ж., 1988 ж.) орын алған.

«Төре» де, «төлеңгіт» те қазіргі тілімізде қолданылудан қалып бара жатқан көнерген сөздер. Бір сөзбен айтсақ, «төре» — үстемдік етуші әкімдер, ал «төлеңгіт» — төренің күтушісі.

Аталған сөздердің ішінде тарихы мен төркіні жағынан пікір таласын туғызатыны — «төлеңгіт» сөзі.

Өткен ғасырда шыққан түркі тілдерінің салыстырма сөздігінде «төлеңгіт» сөзіне талдау жасай келіп, оны «төрені күт» тіркесінің өзгеріп, бұзылған түрі ретінде қабылдайды. Сырт қарағанда, «төлеңгіт» пен «төрені күт» тұлғаларының сәйкес келетіні және дыбыстық заңдылыққа сүйене келіп жақындасуы мүмкін екені байқалады.

Алайда «төлеңгіттің» «төре» сөзімен тіркеспей-ақ ертеде басқа мағынаға ие болғанын кейбір тіл деректері-

нен көреміз. Түріктерде «түлінгі», тува тілінде «түреңги» қалпында дыбысталатын сөздер қайыршы, жарлы ұғымдарын береді. Сөз түбірін «тілен» («сұрану» мағынасында) етістігі деп ұйғаруға болады.

«Төре-төлеңгіт» қос сөзі тілімізде кездесетін екінші бір қос сөз «төре-қара» тіркесінің баламасы. Дәлірек айтсақ «төре-төлеңгіт» — «бай-жарлы» деген сөз.

ТЫМ-ТЫРЫС. Үн-түпсіз, тып-тыныш мағынасын береді. Мысалы: «Жұрт бірден өлең бастап кетуге батылдары жетпей, тым-тырыс бола қалды». (Т. Оразов. «Қаныш»).

Қазіргі тілімізде «тым» және «тырыс» сөздері болғанымен мағынасы жағынан мына қос сөз құрамындағы тұлғаларға үйлеспейді. Алайда, басқа түркі тілдерінде берер түсінігі, дыбыстық құрамы жақын сөздер бар. Мысалы, хакас, алтай тілдерінде «тым», біздің тіліміздегі «тыныш, жым-жырт» ұғымына сілтейді. Дәл осындай мағынаны тува тілінде «ыржым» дыбыстық қалыптағы сөз бере алады. Егер соңғы «ым» жұрнағы түсіріліп, «тым» тұлғасымен қосарланса «тым-ырж» тіркесі туады. Бірақ қазақ тіліндегі қос сөздер жасаудағы үндестік заңын ескерсек, алғашқы сыңарға соңғысы дыбыстық жағынан сәйкес келуі керек. Сондықтан «тым-(т)ырж», одан әрі тілімізде сөз аяғы «ж» дыбысымен аяқталмауы нәтижесінде «ж» өзіне ұқсас «с» дыбысына айналып, «тым-тырыс» тіркесі келіп шыққан. Олай болса, «тым-тырыс» сөзі мағынасы жағынан «тыныш-тыныш» немесе «тып-тыныш» дегенді білдіреді.

УАҚ-ТҮЙЕК НЕМЕСЕ ҰСАҚ-ТҮЙЕК. Екеуінің де мағыналары біріне-бірі жақын, бірдей деуге болады. Майдашүйде, қиқым-сиқым сөздерінің орнына осы екеуінің бірі айтыла береді: «Мұндай биязы сықакқа келгенде Ғабит жеткізбейді, уақ-түйек көріністер арқылы кейбір кемшіліктердің бетін ашып тастайды». (С. Талжанов. «Ұлдай»). «Бекарыс таңсаріден тұрып, ауылдағы ұсақ-түйек шаруасын тындырды» (З. Жәкенов. «Таң самалы»).

«Ұсақ» пен «уақтың» нендей мағына беретіні белгілі. Бізге жұмбақ болып, төркінін танытпай тұрғаны — «түйек» сөзі. Іздестіре келгенде «түйек» тұлғасына негіз боларлық сөзді түркі тілдері ішінен чуваштардан табамыз. Бұл тілде: «түвен» — «уатылу, ұсатылу» ұғымдарын береді. «Түвен» сөзіндегі «в» дыбысының тілімізде «й»-ға айналатынын біздегі «түйе» сөзінің «туве» болып аталуы дәлелдейді. Чуваш тілінде «түвен» тұлғасының қатынасуымен жасалған қос сөз «вак-түвек» қалпында айтылады да, мағынасы жағынан қазақ тіліндегі дыбыстардың бірінің орнына бірі ауысып келетіндігі осының өзінен-ақ анық байқалады. Сөйтіп, «уақ-түйек», «ұсақ-түйек» қос сөздері әр тілдегі мағынасы бір сөздердің қайталанып айтылуы («уақ-уақ», «ұсақ-ұсақ») болмақ.

ҰБАП-ШҰБАП. Бірінен кейін бірі шұбатылып жүру мағынасын береді. «Жайлауға қарай ұбап-шұбап көшкенін аузынан суы құрып айтып отыр» (Ә. Нұрпейісов. «Қан мен тер»).

Қос сөздің алғашқы сыңары «ұбаптың» бұрын-соңды мағынасы болмаған, тек «шұбап» сөзімен қосарланып келіп, бастапқы «ш» дыбысы түсірілген деуге болады. Өйткені түркі тілдерін айтпағанда, монғол тобындағы тілдерден де «ұбап» сөзіне мағынасы не тұлғасы ұқсас сөз кездеспеді. Оның есесіне біздің ойымызға дәлел ретінде, монғол тілінен осы қос сөзбен үндес «уваа-цуваа» тіркесін кездестірдік. Оның мағынасы да «ұбап-шұбап» сөзімен бірдей. Сондықтан да төркінін, алғашқы мағынасын білетін сөзіміз — «шұбап» сөзі болмақ. Монғол тілінде: «цуваа» — тізбек, сап, якутша: «субуй» — бірінің соңынан бірі жүру, татарларда «цуба» — ұзару, ал түріктерде: «субаа» — ұзын мағыналарында айтылады.

Осы деректерді жинақтап, қорытындылай келгенде, «ұбап-шұбап» бір сөздің қайталануы және қазіргі мағынасы — «тізбек-тізбек» болып шығады.

ҰЗЫН-ЫРҒА. Түсіндірме сөздікте қос сөздің мағынасы — бір нәрсенің жалпы нобайы, жобасы, желісі деп берілген. Мысалы: «Екеуі Алтайдың келген шаруасының ұзын-ырғасын ғана әңгіме етті» (Ә. Шәріпов. «Қапаста»).

Ертедегі түркі тілінің жазба ескерткіштер сөздігінде болмағанына қарағанда қос сөздің бұл түрі монғол, қалмақ тілдерінен ауысып келген болса керек. Монғолдарда «учур» — мән; «утга» — мағына ұғымдарына мезгесе, қалмақ тілінде: «учр-утх» қос сөзі «мән, мағына» түсініктерін береді. Монғол тобындағы тілдердің осы сөздері түркі тілдеріне ауысып, туваларда «ужуру», «утказы» дыбыстық құрамдағы сөздер «мән», «мағына», «мазмұн» ұғымдарында қолданылады. Тува тілінде де осы сөздерден құралған «ужуру-утказы» қос сөзі бар. Монғол, қалмақ тіліндегі тұлғалар қазақ тіліне ауысқаннан кейін одан әрі дыбыстық өзгеріске тап болып, «ұзын-ырға» қалпына жетіп, «мән-мағына» түсінігін білдіретін болған.

ҰЛАН-БАЙТАҚ. Қос сөз мағынасы — көз жеткісіз кеңдікті, шетсіз шексіздікті білдіреді. Мысалы:

«Төрі толған түлікке

Ұлан-байтақ жерім бар»

(Жамбыл, Шығ. жин.)

Тіркестің бірінші сыңары — «ұлан» сөзі түркі, әрі кетсе, монғол тобындағы тілдерден ауысқан. Якут тілінде біздегі «ұлкен» мағынасы «улахан» тұлғасында айтылады. Кейде қазақ тілінде «к», «ғ», «г» дыбыстарының түсіріліп қолданылатынын ескерсек, «улахан» сөзінің «ұлаан», одан әрі — «ұлан» болуы таңданарлық жайт емес. Монғол тілінде: «уудам» — кең; «олан» — көп, қалың ұғымдарында жұмсалады. Осылардың қай-қайсысы да біздің тілімізге ауысқанда «ұлан» қалпына дейін өзгеріске түсуі дағдылы құбылыс.

Қос сөздің екінші сыңары — «байтақ» сөзі араб тілінен кірген. Өйткені ол тілдегі «бидағ» сөзі біздің тіліміздегі «шөл» және «дала» ұғымдарын береді. Осы сөз

түркі тілдеріндегі дыбыстық үйлесім заңдылығына қарай «байтақ» қалпына дейін өзгеріп, мағына жағынан («дала») жөнді өзгеріске де ұшырамаған. «Ұлан-байтақ» тіркесі түркі және араб тілдеріндегі сөздерден өрбіп, қазіргі түсінігімізге сәйкестендіре айтсақ «кең дала», «үлкен дала» дегенді білдіреді.

ҰМАР-ЖҰМАР. Асығыс қозғалыстан пайда болатын опыр-топыр қалыпты осы қос сөз аңғартады. «Шана ауып кетіп, екеуі ұмар-жұмар қарға құлады» (С. Мұқанов. «Ботакөз»).

Бұл қос сөздің пайда болуына себепші тұлғаларды түркі тектестерден тек чуваш тілінен ғана кездестіреміз. Онда өте тез, шапшаң қимылдауды — «йапар» немесе «япар» тұлғалы сөздер арқылы береді. Осыған қарағанда, ертедегі түркі тілдерінде бұл сияқты сөздер болып, кейін қазақ тілінде қалыптасқанда тұлға жағынан түр өзгерісіне түскенге ұқсайды. Кейбір түркі тілдерінде «й» әрпінен басталатын сөз қазақ тілінде «ж» арқылы айтылатыны белгілі. Сондай-ақ «п», «б» дыбыстары да бізде «м» арқылы беріледі. Осыған сәйкес чуваш тіліндегі «йапар» тұлғасы «жамар» қалпына дейін өзгерген. Чуваштардағы дауысты «а» дыбысы бізде «ұ» дыбысына ауысуы да заңды. Мысалы, чуваш тіліндегі «чапар» сөзі бізде «шұбар» болып айтылады. Осы тәсілмен «йапар» сөзі де әуелі «жамар», одан әрі «жұмар» түріне түскен. Ал қос сөздің бірінші сыңары — «ұмар» болса, «жұмар» — сөзінің бастапқы «ж» дыбысы түсіріліп айтылуының нәтижесі деп білеміз. Ойымызды түйіндер болсақ, «ұмар-жұмар» қос сөзі асығудан туатын «опыр-топырдың» баламасы.

ҰҢҒЫЛ-ШҰҢҒЫЛ. Түсіндірме сөздікте екі түрлі мағынасы келтірілген. Біз соның біріншісін түсіндірумен шектелеміз. Өйткені бірінші мағынасы басқаларға қарағанда сөздің алғашқы ұғымына жақын тұрады. Кедір-бұдыр, ойлы-қырлы жер — делінген қос сөздің бірінші мағынасы түсіндірме сөздікте. «Таудың ұңғыл-шұңғыл

жолымен өрт сөндіретін машина жеткенше не заман» (М. Гумеров. «Шыңырау»).

«Ұңғыл» қалпында жеке қолданылмаса да тілімізде қос сөздің бірінші сыңарына ұқсас «ұңғы» сөзі бар. Бірақ оның мағынасы — туынды, ауыспалы ұғым болғандықтан тоқталмаймыз. Ал «шұңғыл» қазақ тілінде «терең шұңқыр» мағынасында өз алдына жеке айтылады және ол қос сөздің алғашқы мағынасына ұқсас.

Қос сөздің алғашқы сыңары — «ұңғыл» сөзінің тұңғыш мағынасы өзімен қосарланып келетін «шұңғыл» тұлғасымен бірдей дерлік тілдік деректер бар. Түркі тілдері ішінде туваларда — «оңгар», якуттарда — «оңкучах», монғол, бурят тілдерінде — «онгорхой» сөздерінің бәрі — «шұңқыр» мағынасын береді. Тұңғыс-манжур тобындағы тілдерде де «унулу» дыбыстық құрамдағы тіркес те «шұңқыр» ұғымын береді.

«Шұңғыл» — сөзінің де алғашқы мағынасы болғанын айта кетелік: якутша — «чоңкучах»; монғолша — «цүнхээл»; тұңғыс-манжур тобындағы тілдерде: «чондохо» болып келеді. Осылардың бәрі «шұңқыр» ұғымында қолданылады.

Келтірілген мәліметтерден біз «ұңғыл-шұңғыл» қос сөзін «шұңқыр-шұңқыр» мағынасында түсінуге болатынын көреміз.

ҰШАН-ТЕҢІЗ. Көз жетпес, шексіз кеңістік, молшылық мағынасында айтылады.

«Ұшан-теңіз бақытқа Ұлы Ленин бөледі.

Алтыншы жердің бөлігін»

(Қ. Тоғызақов, Өлең.).

Қазіргі қазақ тілінде қос сөздің бірінші бөлігі — «ұшан» дербес мағынасы болмағандықтан жеке қолданылмайды.

Түркі тілдерінде «ұшан» сөзі кездеспесе де онымен туыстас саналатын монғол тобындағы тілдерде дыбыстық құрамы шамалас, мағынасы сәйкес сөз табылып қалады. Монғол тілінде «уудам» немесе «уужим» — кең,

көлемді, шексіз; ал қалмақтарда: «удан» — шексіз ұғымын білдіреді.

Біздің байқауымызша, әсіресе қалмақ тіліндегі «удан» сөзі қазақтарға ауысып, дыбыстық өзгерістерге ұшыраған «ұшан» түрінде қалыптаса отырып, «теңіз» сөзімен қосарлану нәтижесінде қазіргі мағынаға ие болған. Дәлірек айтсақ, «ұшан-теңіз» сөзін «шексіз теңіз» деп ұғынуға болады.

ҰШТЫ-КҮЙДІ. Біржола, мүлдем жоқ болу түсінігі кейде осы қос сөз арқылы да беріледі. «Ертеде Шомай деген дуалы ауыз қарияның тоғыз түйесі ұшты-күйді жоғалып кетеді» (К. Әзірбаев. Аңыз...).

Сөздіктердің кейбіреуінде «ұшты-күйлі» тұлғасында да кездеседі. Мұны «ұшты-күйді» қалпында қарастырсақ, қос сөз сыңарларының әрқайсысы тілімізде жеке-дара қолданылатын, өз алдына мағынасы бар сөздер қалпында көрінеді. Шын мәнісінде, бұлар қазақ тіліне тән «ұшу», «күй» етістіктеріне жақындамайды. Оның «үшті-күйлі» (1963 ж. орфографиялық сөздікте), «ұшты-күйлі» «ұшты-күйді» (1978, 1988 жылдар) болып жазылуында да құпия сыр бар. Себебі қос сөз түркі тілдерінің төл сөздерінен құралмаған.

Монғол тобына жататын тілдердің қайсысын алсақ та, біздегі «жоқ» мағынасын беретін мынадай сөздер бар: монғолша — «үгүй», «гүй»; бурят тілінде — «угы»; қалмақтарда — «уга» деп айтылады. Аталған сөздерде біздегі «ұшты-күйді» қос сөзінің екінші сыңарына ең жақыны монғол тіліндегі «үгүй» не «гүй» тіркестері болса керек. Бұл жерде осы тұлғалардың біріне жалғанған «лі» жұрнағы (гүй+лі) қалай дәлелденбек? Бұл сұраққа жауап беру үшін қос сөздің бірінші сыңарының төркінін табу қажет. Оны да монғол тілінен кездестіреміз: «устах» — жойылу, жоғалу деген сөз. Егер жоқ және жойылу мағыналарын беретін монғолдың жоғарыдағы тұлғаларын қосарластыра айтсақ «устақ гүй» тіркесі пайда болады. Қазақ тіліне ауысқан бұл тіркес сол күй-

інде қалуы мүмкін емес. Кейін келе алғашқы сөздің соңғы «х» дыбысы түсіріліп, одан әрі дыбыс заңдылықтарына сәйкес «ұшты» қалпына дейін жеткен. Тілімізде қос сөздер жасалуда үндестік, ыңғайластық сыяқты заңдылық қоса жүреді (мысалы, «мін+гесіп — ұш+қасып», «тала+сып=тарма+сып» және т. б. сияқты). Осыған орай «ұшты» сөзі қос буыннан тұрғандықтан оған қосылатын «күй» сөзі бір буынды болуы мүмкін емес және оған жалғанатын қосымша «ты» жұрнағына үндесіп келу арқылы оған «ді» жұрнағы қосылған.

Қазіргі тіліміздегі «ұшты-күйді» қос сөзі осылайша қалыптасып, мағынасы — «жойылды-жоғалды» дегенді білдірген.

ҰШЫ-ҚИЫР. Қос сөз мағынасын түсіндірме сөздікке сүйене айтсақ, ол шеті мен бұл шеті ұғымында айтылады. «...Ұшы-қиырына көз жетпейтін шексіз даланы бір жаңғырта алмай іш құса боп келеді қыз» (З. Ақышев. «Ақ-бел»).

Қос сөздің алғашқысы («ұш, ұшы») анықтама бермесек те бәрімізге түсінікті. Ал екінші — «қиыр» тұлғасы жалғыз тұрып қолданылмайды десе де болады.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігіне назар аударсақ, «қиыр» тұлғалас сөз «қыдығ» дыбыстық құрамда жеке қолданылып шек, шет мағыналарын берген. Сол кездің өзінде-ақ өзімен мағыналас «уч» тұлғасымен тіркеске түсіп «үч-қыдығ» қос сөзін құрастырған. Қазіргі түркі тілдері ішінде туваларда «қыдығ» сөзі көп өзгеріске түспей «қыдыг» (мағынасы — шек, шет) күйінде сақталғанын көреміз. Ал якут тілінде дәл біздегідей дыбыс құбылыстарына ұшырап, «қырыы» тұлғасына жеткен.

Жоғарыдағы тілдік деректер бойынша, «ұш» және «қиыр» сөздері «шет, шек» мағыналарын беретінін көрдік. Сонда «ұшы-қиыр» қос сөзі «шек-шет» ұғымын береді.

ҮБІРЛІ-ШҮБІРЛІ. Бір атадан тараған балалар, ұрпақ-

тардың көптігін білдіру мақсатында қолданылатын қос сөз. «Бүгін қосылған жас семья үбірлі-шүбірлі болсын» (С. Кенжеахметов. «Қуырдақ»).

Қазақ тілін былай қойғанда, басқа түркі тілдерінен қос сөздің бірінші сыңары — «үбірлі» сөзіне тұлғасы әрі мағынасы жағынан ұқсас келер сөзді кездестірмедік. Сондықтан оны «шүбірлі» сөзімен үйлестіре айтудан туған жай тұлға деп қарауға тура келеді.

«Шүбірлі» сөзіне қырғыз тілінде дыбыстық құрамы және ұғымы өте жақын сөз бар: «чөбүрө» — балалар, жас балалар. Бұл тілде «балапандар» да «чөбүрө» немесе «чүрпө» тіркестерімен беріледі.

Тіліміздегі қос сөз сыңары «шүбірлі» сөзінің қырғыз тіліндегі «чөбүрө» сөзінің дыбыстық өзгерістері нәтижесінде пайда болғанына күмән келтіру қиын. Сөйтіп, «үбірлі — шүбірлі» қос сөзі «көп балалы» немесе «балалы-шағалы» дегенді білдіреді.

ҮЙЛІ-БАРАНДЫ. Түсіндірме сөздікте — үйлі-жайлы, бала-шағалы сияқты ұғымды осы қос сөз беретіндігі айтылған: «Тұрғын жайлар әуелі үйлі-баранды адамдарға берілген» (Н. Фабдуллин. «Сар. жапырақ»).

«Үйлі» сөзінің мағынасы, өз тіліміз тұрғысынан алғанда үйі бар деген ұғымды беретіні белгілі. Ал басқа түркі тілдерінен өзгеше ұғым табуға болады. Түрік тіліндегі «евлі» сөзі біздегі әйелі бар, үйленген деген ұғымды береді. Қалай болғанда да, қос сөз құрамындағы «үйлі» сөзі осылар тектес келеді. Кейбір түркі тілдерінде «еп, ев» түбірлері қазақ тіліндегі «үй» сөзімен мағыналас екенін ескертеміз.

Қос сөздің екінші қосары «баранды» сөзі тілімізде бөлек қолданылмаса да, басқа түркі және онымен туыстас тілдерде тұлғасы мен мағынасы ұқсас сөздер кездеседі. Қырғызша: «бараандуу» — «көп, сансыз», бурятша — «баран» — «бәрі, барлығы», тұңғыс-манжур тобына жататын кейбір тілдерде: «баран», «бараа» «барама» тұлғалары «көп, толып жатқан» мағыналарын береді.

Осылардың қай-қайсының болса да көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «бару», қала берді, қазіргі қазақ тіліндегі «бәрі» тұлғаларымен тоғысып, түсінігі де алшақ кетпейді. Демек, қазіргі кезде мағынасы көмескі тартқан «баранды» сөзі алғашында — көп, толып жатқан ұғымына ие болса, бергін келе, біздің тілімізде бәрі, барлығы сияқты мағына берген. Олай болса, «үйлі-баранды» қос сөзі «үй іші — бәрі» дегенмен парапар. Ойымыз дәлелді болу үшін өткен ғасырдағы бір сөздіктен түрік тіліндегі мына сөйлемді келтірелік: «евлі барклы адам». Мұның қазақшасы — үйленген, дүние-мүлкі бар адам болып шығады.

ҮРГІН-СҮРГІН. Қуғын-сүргін, әуре-сарсаң деген мағынаны береді. «Соғыс жаңа аяқталған кез, ел арасындағы үргін-сүргін әлі басыла қойған жоқ» (О. Тәжиева. «Қара қолғап»).

Өткен ғасырдағы түркі тілдері сөздіктерінің бірінде қос сөз құрамындағы «үргін» сөзі жеке-дара қолданылып — ызалану, қозғалыс жасау мағынасында айтылса, қазіргі қырғыз тіліндегі «үркүн» сөзі әбігер, астан-кестен, абыржу, босып қашу ұғымдарын білдіреді. Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінде: «үркүн» сөзі қорқыныш, үрей деп берілген. Жоғарыда айтылған мағыналар (ызалану, әбігерлену, абыржу сияқтылар) қорқыныштан, үрейден туған ауыспалы ұғымдар болуы мүмкін. Сөздің («үргіннің») алғашқы түбірі — «үр» екені даусыз.

Қос сөздің екінші бөлігі — «сүргін» түрік, татар, қырғыз, хакас, тува, якут сияқты көптеген түркі тілдерінде айдау, қудалау ұғымдарында дербес айтыла береді. Мысалы, қырғыздарда: сүргүн — қуу, жер аудару; хакаш: сүргі — қудалау; туваша: сүрер — қуғыншы және т. б. болып келеді.

Қорыта айтқанда, «үргін-сүргін» қос сөзінің қазақ тіліндегі қазіргі түсінігі — «қорқыту-қудалау» болады.

ҮРІМ-БҰТАҚ. Бір атадан тараған балалар, ұрпақтар. «Қазақтың меймандостығын жалғыз мен емес, менің үрім-бұтағыма дейін айта-айта жүретін болды» (Ы. Жақаев. «Менің бақытым»).

Мұндағы талдап, төркінін тануды қажет ететін «үрім» сөзі. Бұл тұлға ертеден түркі, монғол тобындағы тілдерге ортақ болған деуге дәлелді деректер баршылық. Қырғыз тілінде: урум — ұрпақ, кейінгі балалар; туваларда дәл осындай мағынаны — «үре-сады» қос сөзі бере алады. Монғолша: «үсе» — «ұрпақ», қалмақ тілінде: «урдуд» — «ұрпақтар» ұғымында қолданылады. Сөздің алғашқы түбірі де түркі, монғол тобындағы тілдерде бірдей дыбыстық құрамда кездеседі. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде «уруғ» — тұқым, ұрпақ делінсе, монғол тілінде: үр — тұқым, ұрық ұғымын білдіреді.

Қос сөздің соңғы «бұтақ» тұлғасының тағы бір мағынасы — «тарам, тарау» екені баршаға белгілі. Енді «үрім-бұтақ» қос сөзін қазіргі түсінігімізге сәйкестендіре айтсақ — «ұрпақ-тарам» немесе «тұқым-тарау» тіркестері болып шығады.

ШАЛА-ШАРПЫ. Толық емес, жартылай, шалағай мағыналарын береді. «Қыздар қуанып шала-шарпы киінді». (І. Жансүгіров. Шығ.).

Бізге қос сөздің екі сыңарының да алғашқы ұғымдары белгісіз. Алайда тува тілінде біздегі «жартылай», «жарты» сөздерінің мағыналарын «шала» немесе «чарты» сөздері береді. Соңғы «чарты» қазақ тілінде дыбыстық өзгерістерге түсіп — «шарпы» қалпына дейін жеткен. Сонда «шала-шарпы» қос сөзінің дәл ұғымын «жарты-жартылай» деп білеміз.

ШАМА-ШАРЫҚ. Әл-шаманың, қуатының жеткен жері сияқты ұғымдарды білдіреді. «Әркім өзінің шама-шарқына қарай қимылдауы керек қой» (Б. Нұржекеев. «Күту»).

Қос сөздің қазақ тілінде жске-дара қолданылғанымен дәл мұндай мағына бермейтін сыңары — «шарық» сөзі.

Басқа түркі тілдерінде бұл сөз бөлек қолданылып та біздегі «шама» сөзінің мағынасын бере алады. Қырғыз тілінде: чарк — күш, мүмкіндік, туваларда: «шыырак» — күшті дегенді білдіреді. Түркі тілдерінің кейбіреуінде «р» дыбысы түсіріліп «чак» қалпына дейін қысқарған, алтай тілінде бірде «чак» кейде «шак» болып дыбысталып, «күш, қуат мағыналарын мегзейді. «Шама-шарық» қос сөзінің құрамындағы тұлғалардың орнына аталған тіркестерді қойсақ, «шама-күш» немесе «күш-қуат» мағынасы шығады.

ШАТ-ШАДЫМАН. Көңілі көтеріңкі, масайраған, мәз-мейрам қалыпты білдіретін қос сөз: «Жігітек масайрап шат-шадыман боп жатыр» (М. Әуезов. Таңд. шығ.).

Қазақ тілінде және басқа да түркі халықтарының кейбірінде қос сөздің әр сыңары жеке-дара қолданыла береді. Қырғыздарда: «шат», «шатман», түріктерде: «шадман», түрікмендерде: «шат», «шадьян» тұлғаларының бәрі қазақ тіліндегі қуанышты, көңілді ұғымдарып береді.

«Шат», «шадьян» сөздері ертедегі түркі тілдерінен де орын алған. Солай бола тұрса да бұлардың түпкі төркіні парсы тілі. Оларда «шад» және «шадман» сөздері көңілді, қуанышты мағыналарында айтылады. Демек, «шат-шадьян» қос сөзі қазақшалағанда — «көңілді-қуанышты» деген ұғымды береді.

ШҰРҚ-ШҰРҚ. Сау жері жоқ, тесік-тесік мағынаны береді. Мысалы: «Үй үш қанат екен: киізі қап-қара, тозығы жеткен, шоқпыттап жамаса да шұрық-шұрық» (Ғ. Мұстафин. «Дауылдан кейін»).

Бізде «шұрық» сөзі тек осылай қосарланып келіп немесе «шұрқ тесік» тіркесінде айтылып қана мағынаға ие болады.

Басқа түркі тілдерінде бұған ұқсас дыбыстық құрамда жеке қолданылып тиісті ұғымды меншіктенеді. Өзбек, хакас тілдерінде «чурук» — жыртылған ескі шүбе-

рек мағынасын берсе, тофа, тува тілдерінде — қиқым, қиынды дегенді білдіреді.

Тұңғыс-манжур тобындағы тілдер дерегіне көз салсақ «шорги» сөзі «тесу» ұғымын береді. Осы мәліметпен салыстыра келгенде «шұрқ-шұрқ» қос сөзінің берер мағынасы — «тесік-тесік» болу керек те, ал түркі тілдеріне сүйенсек — «қиқым-қоқым» дегенді білдірсе керек. Сонда «шұрқ» сөзі екеуінің де төркіні болып шығады.

ШЫП-ШЫРҒА, ШЫП-ШЫРҒАСЫН ШЫҒАРМАУ. Еш пәрсесін жоғалтпай, шашпай-төкпей, шашау шығармай, түгел деген мағыналар орнына жұмсалатын қос сөз. «Анадағы кірекештер жинап берген ақшаның шып-шырғасын шығармай сақтап қойған» (С. Омаров. «Қиыр»).

Байқап отырсыздар, бұл қос сөз әрдайым өзінен кейін «шығармау» етістігінің тұрғанын қалайды. Онсыз ешбір мағынаға ие болмайды. Қос сөздің бірінші сыңары «шып» сап-сары, қып-қызыл, үп-үлкен сияқты қос сөздерде ұшырасатын күшейтпелі буын міндетін атқарып тұр. Сондықтан онда ешқандай мағына да, ұғым да болуы мүмкін емес.

Біздің тарихын, шыққан төркінін іздейтініміз — «шырға» сөзі. Қырғыз тілінде «чырға» сөзі де, «чып-чырға» сөзі де кездеседі. Бірақ «чырға» — бүркітті елік-тіретін жем ұғымында айтылады. Бұл, әрине тек туынды мағына. Ал «чып-чырға» тіркесі біздегі қос сөз мағынасына сәйкес келеді. Мұның бәрі «шырға» сөзінің алғашқы мағынасынан алшақ жатыр.

«Шырға» сөзінің алғашқы ұғымы осы болар деген тіркесті тек монғол тілінен кездестіреміз. Онда: «шир-хэг» дыбыстық құрамдағы сөз қазақ тіліндегі түйір, тілім, дана мағынасында айтылып, бүтіннің бөлшегі мағынасында қолданылады. «Шырға» сөзін осы ұғымдардың бірімен ауыстырсақ оны түсінуге оңай болады. «Шып» сөзін есепке алмай, «шырға» орнына «түйір» сөзін қойсақ, «бір түйірін шығармай» деген ұғым туады.

ШЫР-ПЫР. Қос сөздің өзіне тән ерекшелігі сол — «бол, шық» етістіктерімен тіркесіп келгенде ғана тиісті мағына бере алады. «Күйіп-пісу, әбігерлену» мағынасын береді. Мысалы: «Неге ғана жолайсыңдар ол сүмелектің маңына,— деп апам шыр-пыр болды» (С. Досымов, «Жаңғырық»). «Білдірмей келіп бас салған Шапайға шыр-пыры шығып су шашуға кіріскен Ақтеңгенің майысқақ мүсініне қайта-қайта қарай беруден қаймығып, тал арасына кіріп кетті» (Қ. Қараманұлы. «Алтын іздеушілер»).

Былай қарағанда «шыр-пыр» құрамындағы сөздер ешбір ұғымға ие болмайтын сияқты. Және екеуі де тілімізде жеке қолданылмайды. Қолданылса да қос сөз беретін мағынаға жақындамайды.

Ең алдымен, түркі тілдеріне жүгінсек, қырғыз тіліндегі «быр» сөзі біздің түсінігіміздегі «ұнтақ шаң» мағынасын береді. Ал «быры-чыры чықты» сөйлемі — бышыты шығып сынды дегенмен бірдей. Осындағы «быры-чыры» қос сөзінің қазақ тіліндегіден («шыр-пыр») айырмашылығы — сөздердің орын ауыстыруында және қос сөз сыңарларының соңына «ы» дыбысының қосылуында болып отыр.

Енді якут тіліне зер салсақ «буор» дыбыстық құрамдағы сөз де шаң, тозаң ұғымдарын береді. Егер түркі тілдеріндегі дыбыстардың үйлесімді құбылыстарына сүйенсек, «буор» сөзінің қазақ тіліндегі «пыр», қырғыздардағы «быр» сөздерінен өзгешелігі шамалы, жоқтың қасы. Бұл тілдік деректерден аңғаратынымыз — «шыр-пыр» қос сөзіндегі «пыр» ерте кезден-ақ жеке қолданылып, өз алдына мағынаға ие болғаны және оның кейбір түркі тілдерінде осы күнге дейін сақталынып келгені байқалады.

Қос сөздің біріншісі — «шыр» сынарын түркі тілдерінде дербес қолданылуын кездестірмедік. Бірақ туыстас монғол тобындағы тілдерде оның да өз алдына ұғым беретіні байқалады. Монғол тілінде: «шороо» — топы-

рак, қалмақтарда: «шора» — шаң, тозаң мағыналарында қолданылады. Қырғыз, қазақ тілдеріне ауысқан бұл тұлғалардағы «о» дыбысының «ы» дыбысына айналуы және соңғы дауысты дыбыстың түсіріліп «чыры», «шыр» түрінде қалыптасуы да тілдегі заңдылықтардан туған құбылыс.

Бұл тілдік деректер бізге «шыр-пыр» қос сөзінің ең алғашқы мағынасы шаң-тозаң дегенмен бірдей екенін көрсетеді. «Шыр-пыр» тіркесінің шық, бел естіктерімен тіркесуі де тегіп емес. Тазарту үшін қағылған заттан тек шаң мен тозаң болады. Ал, «шыр-пырдың» адамның іс-әрекетіне қарай қолданылуы, әрине ұқсату нәтижесінде бейнелеп айтудан туындаған. Жай кездерде, ешкім соқпай, сыртқы зорлаушы күш әсер етпегенде, адамның ішкі дүшесі, мінез-құлқы оғаш, тосын белгілер бермейді. Ал ашу қысып, ызаланған сәттерде адамның еркінен тысқары, толқып, лықсып іс-әрекет пайда болады. Міне, осыны бейнелеп айтсақ «шыр-пыр» қос сөзі бойымыздан шыққан шаң-тозаңның, көне тілдік ерекшеліктерімен айтсақ — «шыр-пырымыздың» шығуын білдіреді.

ЫҒАЙ-СЫҒАЙ. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бірінен бірі өткен, іріктелген дегендей анықтама берілген. «Амантай ылғи ығай-сығай жігіттерді ертіп алды» (С. Мұқанов. «Ботакөз»).

Дәл осындай мағынада бұл қос сөз ығай мен сығай болып та айтыла береді. «Біздің тосқауылға қалған жігіттер де өңкей ығай мен сығай» (І. Жансүгіров. Шығ. жин.).

Қос сөздің алғашқысы мүлдем жеке қолданылмайды, ал екіншісі сөйлеу тілінде айтылмаса да кейбір қаламгерлер тілінде кездеседі.

Басқа түркі тілдерінде осы сөздердің мағына беретін кездері бар. Якут тілінде: «ығай»; туваларда: «сыңзып» дыбыстық құрамдағы сөздер біздің тіліміздегі «маңызды» ұғымын береді. Якут тіліндегі «ығай» сөзі тұлғасы жағынан біздегі қос сөздің бірінші сыңарымен («ығай»)

бірдей десек те болады. Мұнда аздап болса да дыбыстық өзгеріске ұшыраған тува тіліндегі сөз. Ол «ығай» сөзіне ыңғайласа түрленіп, «сығай» қалпына жеткен. Сонымен, «ығай-сығай» қос сөзінің алғашқы мағынасы «маңызды-маңызды» болып келеді.

ЫҒЫ-ЖЫҒЫ. Ары-бері сапырылысқан, жиналған тобыр деген ұғымда қолданылады. «Жол үсті ығы-жығы ағылып жатқан поезд» (С. Мәуленов. «Шыңда»).

Қазіргі қазақ тілінде қос сөздің қай сыңары болмасын жеке қолданылмайды, әрі мағына бермейді.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінде «йығ» тұлғасы қазіргі тіліміздегі «жинау» ұғымында қолданылған. Демек, «жина» етістігінің алғашқы түбірі осы — «йығ» сөзі болған. Өткен ғасырдағы түркі тілдері сөздігінде «йығ» түбіріне «ы» жұрнағы қосылып, «йығы» тұлғасы туындаған, жиын, тобыр мағынасын берген. «Йығы» сөзі — қазақ тілінде еріксіз «жығы» сөзіне айналған. Сөйтіп қос сөздің екінші сыңарының мағынасы табылды деуге болады. Қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде осыған сәйкес тұлғалар өз алдына дербес қолданылып, мағына жағынан да алшақталмағаны байқалады: туваларда «дыгый», якут тілінде — «чиңэ» дыбыстық құрамдағы сөздер — «тығыз» ұғымын береді. Якуттарда «тығыз» деген сөз кейде «ыға» тұлғасымен де айтылады.

Көрсетілген тілдік деректерді жинақтай келгенде «ығы» да, «жығы» да түркі тілдерінде ертеден келе жатқан сөздер әрі берер мағынасы біреу екені анықталды. «Ығы-жығы» қос сөзі былайша айтқанда, «жиын-жиын», «тобыр-тобыр» немесе «тығыз-тығыз» мағынасын береді.

ЫДЫС-АЯҚ. Тіліміздегі қазіргі мағынасы — ас ішуге, ас-суды құюға арналған іші қуыс әр түрлі ыдыстарды білдіреді. Мысалы: «Қазандық жақтан ыдыс-аяқтың сылдыры естілді» (Р. Тоқтаров. «Терістік»).

Күнделікті өмірімізде қос сөз құрамындағы «ыдыс», «аяқ» сөздерінің өз мағынасы бар, көп ретте қолданыла береді. Олар туралы біздің қазіргі ұғымымыз кейінгі кез-

дері пайда болған. «Ыдыс» және «аяқ» тарихы мен төркініндегі қызықтырар құпия да, сыр да осында.

Адам өмір сүрген орта — қоғам үнемі дамып, ілгері озуда. Қоғам дамуымен қоса тіл де дамып, оның қорындағы жеке сөздердің мағыналары да жаңарып, әрдайым өзгеріп отырады. Солардың қатарына «ыдыс» және «аяқ» сөздері жатады.

Кейбір түркі тілдерінің тілдік деректеріне қарағанда біздің тіліміздегі «ыдыс» сөзінің мағынасы — соңғы дәуір жемісі екенін көрсетеді. Якут тіліндегі — «ытыс», тофа тіліндегі — «адыш», туваша — «адыш» сөздерінің бәрі де қазіргі қазақ тіліндегі «алақан» түсінігі орнына жүреді. Сол бір кездерде осы тұлғалас («ыдыс» сияқты) сөз, біздің тілімізде де «алақан» орнына айтылғанын білдіретін сөз бізде де бар — қазіргі «уыс» сөзі сол «ыдыс» сөзінің өзгере келіп, сақталған жұқанасы.

Қос сөздің екінші сыңары болып жүрген «аяқ» сөзінің тарихы да ұқсас. Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігіндегі «айа» тұлғасы да қазіргі тіліміздегі «алақан» ұғымын берген. Дәл осы тұлға мен мағынада осы күнгі хакас тілінде сақталған. Осы «айа» түбіріне «қ» жұрнағы жалғана отырып, қазіргі қазақ, қырғыз, хакас, т. б. көптеген түркі тілдерінде қолға ұстап отырып, ас ішуге ыңғайлы ыдыс атауы — «аяқ» дүниеге келген. Тілімізде «айаның» да алғашқы ұғымы кездеседі. Мысалы, «аялау» дегеніміз «алақанға алу» немесе «алақанға салу» ұғымымен бірдей келеді.

Ой жүгірте келгенде, көне дәуірде су ішуге де, басқа бір қажетті шағын затты салып алып жүруге де арналған қуыс жабдығымыз қос алақан десек қателеспейміз. Кейін ондай қызметті қолдан жасалған іші қуыс бұйымдар атқарған кезде алақанның алғашқы атаулары «ыдыс» пен «айа+к» соларға көшкен. Тілде мұндай тарихи құбылыстар жиі ұшырасады. Сонымен «ыдыс-аяқ» қос сөзінің көне мағынасы «алақанды» қайталау болып шығады.

ЫМЫ-ЖЫМЫ. Қулық-сұмдықты, айла-тәсілді білдіретін қос сөз. «Бұл екеуінің ымы-жымын әзір тірі пенде сезген емес» (З. Ақышев. «Жаяу Мұса»).

Қос сөздің алғашқы мағынасы боларлық ұғымды түркі тілдерінде якуттардан табамыз. Оларда «иэм» келісім, «джаам» — қатынас мағынасын білдіреді. Якут тілінде осы екі сөзден жасалған қос сөз: «йэм — джаам» келісім, қарым-қатынас мағынасына не болады. Осыларды ескерсек, «ымы-жымы» қос сөзінің алғашқы мағынасы «қатынас-келісім» ұғымын береді.

ЫҢҚЫЛ-СЫҢҚЫЛ. Ауру, сырқаттану ұғымында қолданылады. «Ол соңғы кездері ыңқыл-сыңқылды көбейтіп, ауырып қала беретінді шығарды (Е. Айтмағамбетов, «Құлақ»).

Тілімізде «ыңқыл» мен «сыңқыл» сөздерінің өздеріне тән меншікті ұғымдары бар және жеке айтыла береді. Бірақ мына қос сөздің мән-мағынасы басқашалау көрінеді.

Ертедегі түркі тілдерінде қос сөздің екінші сыңарымен үндес «сөкел» және «сөкүл» сөздері қазіргі тіліміздегі «ауру, науқас» орнына қолданылған. Біздің байқауымызша, осы сөздер («сөкел», «сөкүл») қазақ тілінде дыбыстық өзгерістерге түскен және қос сөз құрамында сақталған.

Қос сөздің бірінші сыңарына түбір боларлық тіркесті де ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінен кездестіреміз. «Іг» сөзі — «ауру» деген мағынаға сілтейді. Осы түбірге кейінгі кездерде «іл» қосымшасы жалғанып, бертін келе қазақ тілі заңдылығы талқысына түсіп, дыбыстық өзгерістер салдарынан «ыңқыл» қалпында «сыңқыл» сөзімен қосарлана келіп, «ыңқыл-сыңқыл» қос сөзін тудырған. Бұдан шығатын қорытынды — «ыңқыл-сыңқыл» қос сөзі қазіргі «ауру-ауру» немесе «ауру-науқас» ұғымында қолданылады.

ЫҢ-ШЫҢ. Түсіндірме сөздіктегі мағынасы — «ың-жың, ызың-шу» қалпында берілген. «Қарамола жәрмеңкесінің

басы ың-шың, у-шу, әбігер қарбаласқа ауысқан» (М. Әуезов. «Абай»).

Қазақ тілінде қос сөздің қай сыңары да өз алдына жеке айтылмайды. Айтыла калған күнде де тек тұрақты сөз тіркесі құрамында кездеседі.

Осы қос сөз құрамындағы әр сыңарға тұлғасы жағынан сәйкес сөздер кейбір түркі және монғол тобындағы тілдерден кездеседі және олардың өздеріне тән мағыналары бар. Тува тілінде — «ыыт», «шимээн», якуттарда — «саңа» дыбыстық құрамдағы сөздер қазақ тіліндегі үн, дыбыс, шу дегенді білдіреді. Пікірімізді әрі қарай жалғастыра түссек, монғол тілінде «чингг», «чимээ» сөздері де біздегі дыбыс, үн мағыналарында қолданылады. Осылардың қайсысы болмасын қазақ тілінің дәстүрімен «шың» қалпында дыбысталуға бейім. Бұдан біз қос сөздің соңғы сыңарымен үндес келетін балама тауып отырмыз. Бірінші сыңары — «ың» тува тіліндегі «ыыт» сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі немесе өзімізге тән «үн» сөзінің «шыңға» ыңғайласа түрленуіне байланысты туындауы мүмкін. Сонымен «ың-шың» ұғымынан «үн-дауыс» деген балама шығады.

ЫРҒАЛЫП-ЖЫРҒАЛЫП. Аспай-саспай, жайлап, баппен деген сөздердің орнына айтылады. «Баянауыл дуанының тоғыз болысы ырғалып-жырғалып, Қараөткелге қарай аттанып жатты» (З. Ақышев. «Жаяу Мұса»).

Қазіргі қазақ тілінде мұның әр сыңары өз алдына жеке қолданылып та тиісті мағына береді. Біздің мақсатымыз — солардың алғашқы ұғымдары мен түпкі төркіні қай тілден шыққанын анықтау.

Қос сөздің бірінші сыңары — «ырғал» етістігінің о бастан түркі тілдерінің меншігі екенін ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің сөздігі растай түседі: «ырға» сөзі — қозғау, тербелту мағыналарын білдіреді. Екінші сыңары — «жырғал» сөзінің түркі және монғол тобындағы тілдерге ортақ екенін мына деректер айғақтайды: қырғыз тілінде — «жырғал»; хакастарда — «чырғал»;

алтайларда — «йырға»; монғолдарда «жарғал»; қалмақтарда «джирһх» сөздерінің біздегі мағынасы «рақаттану, көңілдену, жаны ләззат табу» болмақ.

Аталған сөз тіркестерін қазіргі айтылып жүрген «ырғалып-жырғалып» қос сөздерінің орнына қойсақ, «рақаттанып қозғалып» немесе «рақаттана теңселіп» мағыналары шығады.

ЫРЫМ-ЖЫРЫМ. Әр түрлі әдет-ғұрып пен жөн-жосықтың мағынасын білдіреді. «Бұл жақтың қыз ұзатысы тіпті қызық, ескі ырым-жырымдары көп» (Ғ. Мұстафин. «Көз көрген»).

Алғашқы — «ырым» сөзінің мағынасы бәрімізге түсінікті. Ал «жырым» ұғымы да одан алшақ жатпағанын мыналар дәлелдейді. Тува тілінде: «чурум» — заң; монғолдарда: «журам» — әдеп ұғымдарын білдіреді. Осыларды ескерсек, «ырым» да ырым, «жырым» да ырым. Демек, бұл қос сөз де бір мағынаны өзге тұлғалы сөзбен қайталау болмақ.

ЫРЫҢ-ЖЫРЫҢ. Адамдар арасындағы араздық, таластартыс, ұрыс мағыналарын осы қос сөз береді. «Олар таңертеңгілік ұрсысып, кешкілік төбелесіп, не адамша ажыраспай, не тыныш өмір сүрмей, ырың-жырың күн кешіп жатты» (М. Мағауин. «Қиянда»).

Қазақ, қырғыз тілдерінде бұл қос сөздің сыңарлары жеке мағына меншіктенбегендіктен дербес айтылмайды. Алайда, қос сөз ішінде сақталуына қарағанда өткен ғасырларда біздің тілімізде де жеке-дара қолданылған деген жорамал жасауға болады. Бұл ойымызды қазіргі кезде кейбір түркі тілдерінің сөздік қорында сақталынып келген сөздер дәлелдейді.

Ең әуелі қос сөздің бірінші сыңары «ырың» тіркесін қарастыра келгенде, хакас тілінде «ыыр» тіркесінің біздің түсінігіміздегі «жаулық, өшпенділік, қастық» дегендерді білдіретінін көреміз. Бұл, сөз жок, «ырың» сөзінің түбірі. Одан әрі якуттардың сөздік қорына назар аударғанда «нирээн» дыбыстық құрамдағы сөзді кездестірдік,

онын мағынасы — ұрыс-керісті, араздықты білдіреді. Бұдан екі тілде де «ырың» сөзі жеке қолданылып мағына бере алатынын көреміз.

Қос сөздің екінші сыңарына ұқсас «шырым» сөзі чуваш тілінде осы кезге дейін дербестігін сақтап талас-тартыс, араздық, ұрыс мағынасын береді. «Шырым» сөзінің біздің тілімізде «жырың» қалпына дейін өзгергені айтпаса да түсінікті.

Қосарланып келген бұл тіркестердің қос сөз күйіндегі мағынасы қандай болатыны жоғарыда айтылды.

ІЗ-ТҮЗ. Бұл қос сөз мағынасын дерек, хабар-ошар, белгі деп білеміз.

«— Сен із-түзінді білдірмей зыттың да отырдың, кімге қалдырып кетіп едің балаларыңды?— деді» (Н. Баяндин. «Құм»).

Қос сөз құрамындағы бірінші сыңар ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде — «із», ал қазіргі түркі тілдерінің бірінде «іс», екіншісінде — «ис», тағы біреуінде — «из» дыбыстық құрамдарында түрлене түссе де берер мағынасы тура біздің тіліміздегідей болып келеді. Сондықтан дәл бұл жерде оған тоқталмадық.

Мағынасы күңгірт, белгісіз болып тұрғаны қос сөздің екінші сыңары «түз» сөзі. Тілімізде осы қалыпта жеке қолданылғанымен мағынасы алғашқыға жанаспайды. Қолда бар тілдік деректерге сүйеніп, «түз» сөзінің түптөркіні жөнінде мынадай болжам жасай аламыз. Біріншіден, ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінде біздегі қазіргі шаң, тозаң мағынасындағы сөздер—«тоз», кейде «туз» болып та дыбысталған. Әсіресе, соңғы «туз» сөзінің біздің қазіргі тіліміздегі «түз» қалпына дейін өзгеруі заңды құбылыс. «Із-түз» қос сөзін осы тұрғыдан түсіндірер болсақ — «із-шаң» деген ұғым туады. Хабар-ошарсыз, дерексіз кеткен адам не заттың ізі түгіл шаңы да болмайтыны түсінікті. Екіншіден, қалмақ тіліндегі — «тиіз», монғолдардағы — «тийіз» сөздерінің қазақ тіліндегі із, таңба мағыналарында айтылатыны бар. Осылар-

дың бірі қазақтарға ауысып «түз» түріне түскен де «із-түз» бір мағынаның қайталануы («із-із») деп түсінеміз. Қос сөзде көп реттерде бір ұғымның қайталанып келуі жиі кездесетінін ескерсек, соңғы болжамымыз шындыққа жақындайды.

ІЛІК-ШАТЫС. Адамдардың бір-бірімен араласуы, байланыс жасауы түсіндірме сөздікте осылай көрсетілген. «Біреуі мен біреуі құданда, ілік-шатысы бар екендігі Бекболаттың ойына да келмейді» (С. Шарипов. Шығ. жип.)

«Ілік» — қазіргі тілімізде және басқа да түркі тілдерінде жеке тұрып айтылады әрі тиісті мағышалар немденеді. Қырғыз тілінде — «илик»; якуттарда — «илгэ» сөздері қазақ тіліндегідей туған, туысқан ұғымдарында қолданылады. Осы тұрғыдан қарағанда оның төркіні ежелден түркі әрі кетсе монғол тілдері екендігі күмән тудырмайды.

«Шатыс» та өз алдына дербес айтылып, кейде «ілік» сөзі беретін мағынада қолданылатыны бар. Бірақ ол ауыспалы, туынды түсінік. Бұл мәліметтер бізді «шатыс» сөзінің алғашқы дыбыстық құрамы мен беретін мәнін басқа тілдерден іздеуге итермелейді. Монғол тіліндегі — «садан» сөзі қазақ тілінде туыс ұғымында айтылады. Оның біздің тілімізде «шатыс» қалпына дейін өзгеруін түсіндіріп жату артық. Қалмақ тілінде туыстықты білдіретін қос сөз — «элгн-садн» болып қалыптасқан. Сәл дыбыстық өзгерістері болмаса, мұның біздегі «ілік-шатыстан» онша айырмашылығы шамалы. Бұл дерек «шатыс» сөзінің шыққан төркінін монғол тілінен іздестіруге итермелейді. Сөйтіп, «ілік-шатыс» дегеніміз туған-туыс тіркесінің басқа дыбыстық құрамда көрінуі болып шықты.

ІШЕК-СІЛЕ, ІШЕК-СІЛЕСІ ҚАТТЫ. Қос сөздің тұрақты тіркес мағынасын басқаша айтсақ — шегі түйілгенше күлді болып шықпақ. «Вагоннан үшеуміз шыққанда,

көршілес купелерде біздің жайымызды білетін адамдар ішек-сілесі қатып күліп қоя берді» (К. Қайсенов. «Жау тылында»).

Осы қос сөздегі «сіле» тіркесі «сілесі құрыды» сияқты тұрақты сөз тіркесінде де кездеседі. Бірақ бұл тіркестегі «сіле» сөзін «ішек-сілесі қатты» дегендегі «сіле» сөзімен мағына жағынан үйлестіре қарауға болмайды. Мұнда тек «сіле» сөзіне ғана емес, «қатты» етістігі тәркініне де көңіл бөлу қажет.

Әдетте, тіл заңдылығы бойынша, қос сөз құрамындағы сөздер мағына жағынан бір-біріне өте жақын болып келеді (салыстырыңыздар: «жақын-жуыс», «қырсық-қыпыр», т. б.). Тіпті кей сыңары түсініксіз деп саналатындарының тәркінін аша келгенде мағыналары бірдей болып шығады. (Қараңыз: «бала-шаға», «қыз-қырқын», т. б.). Сондықтан «ішек-сілесі қатты» тіркесін де осы тұрғыдан іздестірген дұрыс деп ойлаймыз.

Түркілермен туыстас тұңғыс-манжур тобындағы тілдердің бірқатарында «сила», «силукта» сөздері біздің түсінігіміздегі «ішек» ұғымында айтылады. Дыбыстық құбылыстар нәтижесінде көрсетілген тұлғалар біздегі қос сөздің екінші сыңары «сіле» түріне дейін жеткен. Бұл бойынша, «ішек-сіле» сөзін «ішек-ішек» мағынасында түсінуге болады.

Қос сөзден кейін орналасқан «қатты» етістігін іздестіре келгенде, оның тәркінін ертедегі түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі кездегі кейбір түркі тілдерінен кездестіреміз: «қатғұр» немесе «қатур» сөздері жазба ескерткіштерде қарқылдап күлу, күлкіге кенелу дегенді білдірсе, алтай тілінде «қатқы» — күлкі мағынасында қолданылады.

Төк етерін айтқанда, адам баласы аса көңілденіп күлгенде оның белгісі тек бет пішінінен ғана сезілмей, тұла бойына әсер ететіні белгілі. Қарқылдап күлген адамның иығына дейін селкілдейтіні бар. Күлкінің осын-

дай әсерін бейнелеу — «шегі түйілгенше күлді» тіркесі арқылы беріледі. Дәл осындай бейнелеп көрсетудің бірі — «ішек-сілесі қатты» тіркесі болмақ. Басқаша айтқанда, бұдан адам өзі күліп қана қоймай, «ішек-ішегіне дейін күлді» деген ұғым туады.



М А З М У Н Ы

АЛҒЫ СӨЗ	3
СӨЗ ТӨРКІНІ	9

Научно-познавательное издание
Для среднего школьного возраста

Абильбек Нурмагамбетов

ТАЙНА ПАРНЫХ СЛОВ

(На казахском языке)

Суретшісі *Б. Нурмағанбетов*
Көркемдеуші редакторы *Ө. Тілеулиев*
Техникалық редакторы *Н. Кушнарева*
Қорректоры *Н. Досболова*

ИБ № 4515

Теруге 18.07.91 жіберілді. Басуға 13.11.91 қол қойылды.
Форматы 70×108^{1/32}. Қағазы № 2. Қаріп түрі «әдеби». Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 4,2. Шартты бояу көлемі 4,55. Есептік басылу табағы 4,37. Тиражы 10 000 дана. Заказ 2162. Бағасы 60 т.

Қазақ ССР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің «Жалын» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспекті, 143-үй.

Қазақ ССР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің «КІТАП» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің билет-бланк және жедел өнімдер баспаханасы, 480016, Алматы қаласы, Қ. Маркс көшесі, 15/1-үй.



enmen - sermen




жауын-шамбын



жыыл - жырт

азыс - туулик



сауыс - сауык